- Крачковский, 2004 — *Крачковский И.Ю.* Арабская географическая литература. М.: Восточная литература РАН, 2004. 919 с.
- Мурад Рамзи, 2017 — *Мурад Рамзи*. Талфик аль-ахбар ва талких аль-асар фи вакаи‘ казан ва булгар ва мулюк ат-татар. Т. I / Науч. ред., авт. вступ. ст. и коммент. С.И. Хамидуллин. Уфа: БашГУ; ЦИИНБ «Шежере»; НБ РБ; Китап, 2017. 600 с.
- Плано Карпини, 1957 — *Джиованни дель Плано Карпини*. История Монгалов. Гильом де Рубрук. Путешествие в Восточные страны / Пер. А.И. Малеина. М.: Гос. изд-во географической литературы, 1957. 263 с.
- Путешествие Абу Хамида аль-Гарнати, 1971 — *Путешествие Абу Хамида аль-Гарнати в Восточную и Центральную Европу (1131–1153 гг.)* / Публ. О.Г. Большакова, А.А. Монгайт. М., 1971. С. 38–41.
- Сабитов, Тулеубаева, 2023 — *Сабитов Ж.М., Тулеубаева С.А.* Анализ достоверности «курейшитской генеалогии» Идегея из «Джами ат-таварих» Кадыр Али-бека и трактата «О роде князей Юсуповых» // *Золотоордынское обозрение*. 2023. Т. 11. № 2. С. 453–462. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-2.453-462. EDN: UBVRJL.
- Тизенгаузен, 1884 — *Тизенгаузен В.Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. Т. 1. С. 395–416.
- Умурзаков, 1991 — *Умурзаков Г.Х.* Древние башкиры. Некоторые вопросы истории / Под ред. Д.Ж. Валеева. Уфа, 1991. 45 с.
- Хамидуллин, 2025 — *Хамидуллин С.И.* Рассказ школы ал-Балхи о башкирах: содержание, источники, верификация // *Oriental Studies*. 2025. Т. 18. № 1. С. 139–151. DOI: 10.22162/2619-0990-2025-77-1-139-151.
- Хөсәйенов, 2007 — *Хөсәйенов Ғ.Б.* Тарих сәхифәләре / Ғайса Хөсәйенов. Өфө: Китап, 2007. 277 с.
- Amitai-Preiss, 1995 — *Amitai-Preiss R.* Mongols and Mamluks: The Mamluk-Ilkhanid War, 1260–1281. Cambridge; New York: Cambridge University Press, 1995. 272 p.
- Chronicles, 2020 — *Chronicles of Qalāwūn and his son al-Ashraf Khalīl*. Transl. by David Cook. London: Routledge, 2020. 436 p.
- Cohen, Lewis, 1978 — *Cohen A., Lewis B.* Population and Revenue in the Towns of Palestine in the Sixteenth Century. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1978. 232 p.
- Róna-Tas, 1999 — *Róna-Tas A.* Hungarians and Europe in the Early Middle Ages: An Introduction to Early Hungarian History. Budapest: Central European University Press, 1999. 566 p.
- Tardy, 1982 — *Tardy J.* A Contribution to the Cartography of the Central and Lower Volga Region // *Chuvash Studies*, 1982. Vol. 28. Pp. 192–194.

References

- Amitai-Preiss, 1995 — *Amitai-Preiss R.* Mongols and Mamluks: The Mamluk-Ilkhanid War, 1260–1281. Cambridge; New York: Cambridge University Press, 1995. 272 p.
- Chronicles, 2020 — *Chronicles of Qalāwūn and his son al-Ashraf Khalīl*. Transl. by David Cook. London: Routledge, 2020. 436 p.
- Cohen, Lewis, 1978 — *Cohen A., Lewis B.* Population and Revenue in the Towns of Palestine in the Sixteenth Century. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1978. 232 p.
- Giovanni del Plano Carpini, 1957 — *Giovanni del Plano Carpini*. Istoriya Mongalov. Gil'yom de Rubruk. Puteshestvie v vostochnye strany [History of the Mongols. Guillaume de Rubruck. Journey to the Eastern Countries]. Transl. by A.I. Malein. M.: State Publishing House of Geographical Literature, 1957. 263 p. (In Russ.).
- Grigoriev, Frolova, 1995 — *Grigoriev A.P., Frolova O.V.* Geograficheskoe opisanie Zolotoy Ordyy v entsiklopedii al-Qalqashandi [Geographical description of the Golden Horde in al-Qalqashandi's encyclopedia] // *Istoriografiya i istochnikovedenie istorii stran Azii i Afriki*, iss. XVIII. St. Petersburg: St. Petersburg State University, 1995. Pp. 42–88. (In Russ.).
- Khamidullin, 2025 — *Khamidullin S.I.* Rasskaz shkoly al-Balkhi o bashkirakh: sodержanie, istochniki, verifikatsiya [The Narrative of the Balkhī School about the Bashkirs: Content, Sources, Verification] // *Oriental Studies*. 2025. Vol. 18, No. 1. Pp. 139–151. // DOI: 10.22162/2619-0990-2025-77-1-139-151. (In Russ.).
- Khusainov, 2007 — *Khusainov G.B.* Tarikh sakhifäläre [Pages of History]. Ufa: Kitap, 2007. 277 p. (In Bashkir).

- Kovalevsky, 2015 — *Kovalevsky A.P.* Bashkiry v X veke po dannym Ibn-Fadlana [The Bashkirs in the 10th century according to Ibn Fadlan] // *Khazarskii al'manakh* [Khazar Almanac]. M., 2015. Vol. 13. Pp. 35–64. (In Russ.).
- Kozin, 1941 — *Kozin S.A.* Sokrovennoe skazanie. Mongol'skaya khronika 1240 g. pod nazvaniem “Mongyol-un niyuča tobčiyān”. Yuan chao bi shi. Mongol'skiy obydenyi izborik. Vol. I. Vvedenie v izuchenie pamyatnika, perevod, teksty, glossarii [The Secret History of the Mongols: Chronicle of 1240 under the title Mongyol-un niyuča tobčiyān. Yuan chao bi shi. The Mongolian Ordinary Anthology. Vol. I. Introduction, translation, texts, glossaries]. Ed. by A.P. Barannikov. Pref. by N.N. Poppe. M.; Leningrad: Academy of Sciences of the USSR, 1941. 619 p. (Trudy Instituta vostokovedeniya AN SSSR. Vol. XXXIV.) (In Russ.).
- Krachkovsky, 2004 — *Krachkovsky I.Yu.* Arabskaya geograficheskaya literatura [Arabic Geographical Literature]. M.: Vostochnaya literatura, RAN, 2004. 919 p. (In Russ.).
- Murad Ramzi, 2017 — *Murad Ramzi.* Talfik al-akhbar wa talqih al-asar fi waqa'i Kazan wa Bulgar wa muluk al-Tatar. Vol. I. Ed., introd. and comm. by S.I. Khamidullin. Ufa: BashGU; TSIINB “Shezhere”; NB RB; Kitap, 2017. 600 p. (In Russ.).
- Puteshestvie Abu Hamida al-Garnati, 1971 — *Puteshestvie Abu Hamida al-Garnati v Vostochnuyu i Tsentral'nuyu Evropu (1131–1153 gg.)* [Abu Hamid al-Gharnati's Journey to Eastern and Central Europe (1131–1153)]. Publ. by O.G. Bolshakov, A.A. Mongait. M., 1971. Pp. 38–41. (In Russ.).
- Róna-Tas, 1999 — *Róna-Tas A.* Hungarians and Europe in the Early Middle Ages: An Introduction to Early Hungarian History. Budapest: Central European University Press, 1999. 566 p.
- Sabitov, Tuleubayeva, 2023 — *Sabitov Zh.M., Tuleubayeva S.A.* Analiz dostovernosti “kureishitskoy genealogii” Idegeya iz “Jami at-tavarih” Kadyr Ali-beka i traktata “O rode knyazey Yusupovykh” [Analysis of the reliability of the “Quraysh genealogy” of Edige from “Jami at-tavarih” by Qadyr Ali Bek and the treatise “On the Family of Princes Yusupov”] // *Zolotoordynskoe obozrenie* [Golden Horde Review]. 2023. Vol. 11, No. 2. Pp. 453–462. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-2.453-462. EDN: UBVRI, 2023. (In Russ.).
- Tardy, 1982 — *Tardy J.* A Contribution to the Cartography of the Central and Lower Volga Region // *Chuvash Studies*, 1982. Vol. 28. Pp. 192–194.
- Tizengauzen, 1884 — *Tizengauzen V.G.* Sbornik materialov, otnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy: Izvlecheniya iz sochineniy arabskikh [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde: Extracts from Arab writings]. St. Petersburg, 1884. Vol. 1. Pp. 395–416. (In Russ.).
- Umurzakov, 1991 — *Umurzakov G.Kh.* Drevnie bashkiry. Nekotorye voprosy istorii [The Ancient Bashkirs: Some Issues of History]. Ed. by D.Zh. Valeev. Ufa, 1991. 45 p. (In Russ.).
- Validi, 2010 — *Validi Togan A.* Istoriya bashkir [History of the Bashkirs]. Transl. from Turkish and introd. by A.M. Yuldashbaev. Ufa: Kitap, 2010. 52 p. (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 5, pp. 1358-1375, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1358-1375

THE MIGRATION OF THE UAQ CLAN TO THE ALTAI REGION (BASED ON GENEALOGICAL AND HISTORICAL SOURCES)

Akhmet Shadyman¹, Oshan Zhanymkhan², Qadilbek Mars³

¹Institute of History, Academy of Social Sciences of the Xinjiang Uyghur Autonomous Region, PRC
(26, Beijing South Road, 830011 Urumqi, China)
Candidate of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0009-0003-3659-9254>. E-mail: 792185844@qq.com

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: osanzanymhan@gmail.com

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2024

© Akhmet Sh., Oshan Zh., Qadilbek M., 2024

Abstract. *Introduction.* The article provides an overview of the current geographical division of the Altai region and examines the origin and historical basis of the popular saying among the local people: «The Uaq were the first to come to Altai, followed later by the Kerei and Naiman» The Altai area has long been known as a historical homeland of Turkic peoples. Throughout different historical periods, various tribal groups migrated and settled in this vast territory. In particular, the migration and settlement of the Kazakh Uaq tribe in the Altai region is a crucial issue in understanding the ethnic territory of the Kazakh people and the regional history of the Kazakh Steppe. Based on genealogical and written sources, the article discusses the migration routes of the Uaq, the causes and consequences of their movement, and highlights their role in the ethnic formation processes of the Altai region. *Objectives and purpose.* The main objective of this study is to analyze the migration of the Uaq clan to the Altai region and to clarify the historical circumstances surrounding this process. The research aims to describe the historical and geographical features of the Altai region, to determine the directions and stages of the Uaq clan's migration, and to conduct a comparative analysis of genealogical and written sources. Furthermore, it seeks to identify the historical factors that influenced the movement of the Uaq people to Altai and to evaluate the significance of this migration within the broader context of Kazakh ethnic history. *Materials and methods.* The main sources used in the article include Kazakh genealogical data, written records from the Qing dynasty, as well as the works of domestic and Chinese researchers. The study employs the historical-comparative method, source analysis, and methods of systematization of genealogical materials. *Result.* Genealogical sources state that the Uaqs were among the first to settle in their ancestral homeland in the Altai,

followed later by the Kerey and Naiman tribes who established themselves in their native lands. These accounts are consistent with written sources. The research results make it possible to clarify the migration history of the Uaqs and to determine the contribution of Kazakh clans and tribes to the settlement of the Altai Mountains.

Keywords: Kazakh Khanate, Uaq, Altai, Genealogy, Migration

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan BR24993173 “Writing an illustrated biographical encyclopedia on the history of Kazakhstan”.

For citation: Akhmet Sh., Oshan Zh., Qadilbek M. The migration of the uaq clan to the Altai region (based on genealogical and historical sources) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 5. Pp. 1358–1375. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1358-1375

УАҚТАРДЫҢ АЛТАЙ ӨңІРІНЕ ҚОНЫСТАНУЫ (ШЕЖІРЕЛІК ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)

Ахмет Шадыман¹, Ошан Жанымхан², Қадылбек Марыс³

¹ҚХР ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясы Тарих институты
(26-үй, Бейжің оңтүстік жолы., 830011 Үрімжі, Қытай)

Тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0009-0003-3659-9254>. E-mail: 792185844@qq.com

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: osanzanymhan@gmail.com

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Ахмет Ш., Ошан Ж., Қадылбек М., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада мақалада Алтай өңірінің қазіргі географиялық бөлінісін сипаттай отырып, ел арасында жиі айтылатын «Алдымен бұл Алтайға уақ келген, артынан керей, найман шуап келген» деген ауызекі сөздің шығу төркіні мен оның тарихи негізі талданады. Алтай аймағы ежелден түркі халықтарының тарихи мекені ретінде белгілі. Осы кеңістікте әр кезеңде түрлі ру-тайпалардың қоныс аудару, орын тебу үдерістері жүріп отырған. Соның ішінде қазақтың уақ тайпасының Алтай өңіріне көшуі мен қоныстануы — қазақ халқының этникалық территориясын және Қазақ даласының аймақтық тарихын түсінуде маңызды мәселе болып табылады. Мақалада шежірелік деректер мен жазба материалдар негізінде уақтардың көшу жолдары, оның себептері мен нәтижелері талқыланып, Алтай өңіріндегі этникалық қалыптасу процесіндегі уақтардың орны көрсетіледі. *Міндеттері мен мақсаты.* Алтай өңірінің тарихи-географиялық жағдайын сипаттау. Уақтардың көшу бағытын және кезеңдерін анықтау; шежірелік және жазба деректерді салыстыра талдау; уақтардың Алтайдағы қоныстарына ықпал еткен тарихи жағдайларды ашу. *Материалдар мен әдістер.* Мақалада қолданылған негізгі дереккөздерге қазақ шежірелік мәліметтері мен Цин әулетінің жазбалары сондай-ақ отандық және қытайлық зерттеушілердің еңбектері жатады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, деректанулық талдау және шежірелік деректерді жүйелеу тәсілдері қолданылды. *Қорытынды.* Шежірелік деректерде уақтардың Алтайдағы байырғы ата жұртына алғашқылардың бірі болып қоныстануы, кейіннен керей және найман елінің өз атақонысына орныққаны айтылады. Бұл деректер жазба материалдармен де үйлеседі.

Зерттеу нәтижелері уақтардың көші-қон тарихын нақтылауға және Алтай тауларын қазақтардың қоныстануындағы қазақ ру-тайпаларының үлесін айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Уақ, Алтай, Шежіре, Көші-қон, Өр Алтай

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24993173).

Дәйексөз үшін: Ахмет Ш., Ошан Ж., Қадылбек М. Уақтардың Алтай өңіріне қоныстануы (шежірелік және тарихи деректер негізінде) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. 1358–1375 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1358-1375

ИСТОРИЯ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ РОДА УАК В АЛТАЙСКИЙ РЕГИОН (НА ОСНОВЕ ШЕЖИРЕ И ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ)

Ахмет Шадыман¹, Ошан Жанымхан², Кадылбек Марыс³

¹Институт истории, Академия общественных наук Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР

(д. 26, ул. Южный Пекин, 830011 Урумчи, КНР)

Кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0009-0003-3659-9254>. E-mail: 792185844@qq.com

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: osanzanymhan@gmail.com

³Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

 <https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: marshadylbek@gmail.com

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ахмет Ш., Ошан Ж., Кадылбек М., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье, наряду с характеристикой современного географического деления Алтайского региона, рассматривается происхождение и историческая основа распространённого среди населения высказывания: «Сначала в этот Алтай пришли уак, а затем кереей и найман заняли эти земли». Алтай издавна известен как историческая территория тюркских народов. На протяжении различных исторических эпох здесь происходили процессы переселения и закрепления различных родоплеменных объединений. Особое внимание уделяется переселению и размещению рода уак в Алтайском регионе, что представляет собой важный аспект в изучении этнической и региональной истории казахского народа. На основе шежирейных и письменных источников в статье анализируются пути миграции уаков, причины и последствия этого процесса, а также определяется их роль в этническом формировании населения Алтайского региона. *Задачи и цели.* Охарактеризовать историко-географическое положение Алтайского региона. Определить направление и этапы переселения рода уак. Провести сравнительный анализ шежирейных и письменных источников. Выявить исторические обстоятельства, повлиявшие на переселение уаков в Алтай. *Материалы и методы.* К основным источникам, использованным в статье, относятся казахские шежирейные сведения и письменные материалы эпохи Цин, а также труды отечественных и китайских исследователей. В ходе исследования применялись историко-сравнительный метод, источниковедческий анализ и методы систематизации шежирейных

данных. *Результаты.* В шежирейных источниках отмечается, что уаки были одними из первых, кто прибыл в Алтай, а позднее вслед за ними в этот регион переселились роды кереев и найманов. Эти сведения согласуются с письменными материалами. Полученные результаты позволяют уточнить историю миграции рода уак и определить его вклад в процесс формирования казахского этноса в Алтайском регионе.

Ключевые слова: Казахское ханство, Уак, Алтай, шежире, миграция

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования РК «Написание иллюстрированной биографической энциклопедии по истории Казахстана» (регистрационный номер: BR24993173).

Для цитирования: Ахмет Ш., Ошан Ж., Кадылбек М. История переселения рода уак в Алтайский регион (на основе шежире и исторических источников) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1358–1375. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1358-1375

Кіріспе

Алтай – күрделі, ірі тау жүйесі. Қазіргі шекаралық бөлініске сай төрт елдің еншісінде. Қазақстан Алтайы – Төр Алтай, Қытай Алтайы – Өр Алтай, Моңғолия Алтайы – Малды Алтай, Ресей Алтайы – Кенді Алтай атала бастады. Қазіргі қолданыстағы Алтай топонимі Алтын сөзінен өзгерген емес, қайта Алтай атауының ал сыңары көне түрік тілдеріндегі «кызыл», «алтын» мағынадағы лексикалық бірлік, дербес сөз болған. Атаудың екінші сыңарындағы тай сөзі көне түрік тіліндегі тағ (тау) сөзінің кейінгі кезеңдерде дауыссыз ғ дыбысының жартылай й дыбысына алмасуынан туған. Демек, Алтай – кызыл, қызғылт яғни алтын тау. (Жанұзақ, 2011: 153).

Алтай- Көшпелі түркі халықтарының алтын бесігі саналатын Алтай өңірі – ежелден түркі тайпаларының ортақ тарихи мекені болып келген өңір. Алтай түркі өркениетінің қалыптасуында, оның этникалық және мәдени негіздерінің орнығуында аса маңызды географиялық және тарихи кеңістік ретінде ерекшеленеді. Сол түркі тайпаларының ішінде қазақ халқының тарихи орны ерекше. Өр дәуірде Алтай өңірін мекен еткен қазақ рулары да өздерінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және табиғи жағдайларға байланысты өзіндік көші-қон үдерістерін бастан өткерген. Бүгінгі күні Алтай өңірін қазақ халқының керей, найман және уак сынды іргелі тайпалары ортақ мекен теді. Бұл тайпалардың аталмыш өңірге қоныстану тарихы күрделі әрі тарихи деректер мен ауызша шежірелерде кеңінен көрініс тапқан.

Халық жадында сақталған аңыздар мен шежірелік деректер қазақ руларының Алтай өңіріне қоныстану және өзге этникалық топтармен араласу үдерістерін сипаттайды. Сонымен қатар, қазақ руларының көші-қон қозғалысы Қытайдың тарихи жазба деректерінде хатталған. Бұл деректер бір-бірін толықтыра келіп Алтай өңіріндегі этнотарихи үдерістерді тереңірек тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, уак руларының Алтай өңіріне қоныстану тарихын ауызша шежірелік және жазба (әсіресе қытай тіліндегі) деректермен салыстыра зерттеу – қазақ көшінің аймақтық қалыптасуын айқындау үшін ерекше маңызға ие. Зерттеу нысанының осындай өзектілігі аталмыш тақырыпты жан-жақты тарихи-деректанулық тұрғыдан зерттелуді қажет етеді.

Ел ауызында Алтайға қоныстанған Қазақ көшіне байланысты «Алдымен бұл Алтайға уак келген, артынан керей, найман шуап келген» деген сөз жиі айтылады. Алайда бұл Өр Алтайға емес, қазіргі Қазақстан аумағындағы Төр Алтайдағы Ертіс, Теректі, Қалжыр, Қалғұты, Күршім, Бұқтырма сынды алты өзеннің бойын жайлаған ауылдарға қатысты шыққан сөз болуға тиіс. Бұл өзендердің бәрі де Алтайдың оңтүстік етегіндегі жазыққа шыққан соң, Ертіс өзеніне құяды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» соң ес жиған елдің көші алдымен Төр Алтайға, онан соң Өр Алтайға бағытталған, Тарбағатайға қоныс тепкен ауылдар да алдымен Тарбағатайдың Қазақстан жақ бетінде бір мезгіл тұрған соң, қазіргі Қытайға қарасты Тарбағатай аймағын қоныс етті.

Уак руларының Алтайға қоныс тебуі жөнінде шежіреші Иысқан Ырғайбайұлы 1995 жылы ішкі басылым ретінде жарық көрген «Уак шежіресі» деген кітабында ел арасында

біршама кең тараған уақтың сарман руы Қасаболаттан тарайтын ағайынды Қасым, Наурызай, Қалқаман, Дәулет сынды ағайындылар арасында болған «желінің қиылуы», «сабадағы қымыздың тесілуі», «жылқыға сүйек байлану» сынды аңызды өрбітеді. Ахметқан Баубайұлы мен Мәней Бабықұлының айтуына қарағанда бұл 1700 жылдардың алғашқы жарымына тура келеді. (Ырғайбайұлы, 1995: 24–28).

Ақнайманның мысқал руынан Қайсабай деген ақын уақтың елеулі адамдарын, елеулі оқиғаларын, ата тегін жазған кезде:

«Қасымның бәйбішесі төрт ұл тапқан.

Сары, Өтеп, Шақай, Жомарт мына жатқан.

Келгенде сексен беске бір қатын ап,

Ыдық пен Шапанайды содан тапқан» (Ырғайбайұлы, 1995: 30) деп жырлаған.

Қасымның алты ұлынан 42 немере өмірге келді. Қазір бұлардың ұрпақтары өсіп-өніп алты рулы елге айналды. Сарының ұлы Манаттың бәйбішесі Күнсұлудан тарайтын Текқожа (Теке) ұрпақтары Қошағашта (Ресейде), Танақай ұрпақтары Баян-өлгийде (Моңғолияда), өзгелерінің ұрпақтары ҚХР Тарбағатай аймағы Толы ауданы Өшеті ауылында және ШҰАР-ның өзге қала-ауылдарында тұрады.

Егер Қасым Қасаболат ұлының 85 жасында өмірге келген Ыдық Қасымұлының 1750 жылы Марқакөлде туғанын ескерсек, Қасым бабамыз 1665 жылы өмірге келген болады. Сонымен бірге інілеріне өкпелеп Ертістен өте қашқанда Қасымның үйленгеніне бірнеше жыл болғаны айтылады. Осыларға қарағанда Қасым ауылдарының Үркерсу-Мазардағы ата қоныстарынан кетіп, Ертістің арғы бетіне өтуі 1695 жылдарға сай келеді. Бұл қазақты Тәуке хан басқарған заман (1680–1718) есептеледі. Халық зердесінде Тәуке заманы Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп еске алынады. Орыстың белгілі тарихшысы А.И. Левшин Тәукені көне Спартаның ақылгөй заңгері Ликургке теңегені белгілі.

Қазақ руларының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бұрын қазіргі Шығыс Қазақстан аумағын қоныстанып отырғаны жөнінде халық шежірелерінде көптеген дерек бар. Мысалы, Шыңжаң университетінің доценты, фольклортанушы Қаусылқан Қамажанов: «жантекейдің Сүйінбайынан тарайтын Сәменбеттің немересі Барқы би Есентайұлы 1675 жылы Кішкенетау, Маңырақ өңірінде туып, 1760 жылы Зайсан ауданына қарасты Майқапшағайда қайтыс болған деп есептейді. (Барқы шежіресі, 2011: 3) Бұл керейлердің Кішкенетау, Маңырақ бойына қоныстану уақытының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бұрын болғанын дәлелдейді. Фолклорлық әдебиет нұсқаларында Қазақтың хан батыры Қабанбай Қожақұлұлы 1708 жылдары 16 жасында Зайсандағы керей ішіне келіп, осындағы апекесі Меруерт пен жездесі Бердәулеттің қолында бес-алты жыл тұрғаны да жиі айтылады. Жәнібек батырдың: «Ұлы Ертістен көпір салсам да өтем, ежелгі жерге жетем» деуі де осындай тарихи жағдаймен байланысты. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұламада» атамекенінен ауған қазақ рулары Жоңғар хандығы әлсірей бастаған тұста шығыстағы ата қонысқа ат басын бұрды. 1690 жылдары Үркерсу-Мазардан көшкен Қасым ауылдарынан бірер жыл бұрын Ертіс кешіп Алтайға жеткен абақ керейлердің көші Арда Алтайға қайта оралған алғашқы көш болуы мүмкін.

1723 жылы шекарадағы керей, найман, уақ руларының жоңғар шапқыншылығынан ауыр зардап шегуі де осы рулардың шекаралық аймақта отыруынан дерек береді. Осы тарихи оқиғаны Моңғолия зерттеушісі Ислам Қабышұлы өзінің «Моңғолия қазақтарының тарихы» деген еңбегінде: «Алтайдағы абақ керей қазақ басына қиын-қыстау күн туған сонау 1723 жылдар шамасында Сыр бойынан қазақтың шығыс жағына ойысып қоныс аударды. Алтай өңіріндегі қазақтар 150 жылдай біртұтас өмір сүріп, 1830 жылдардан бастап рулық құрылысқа негізделген өзіндік әкімшілік системасын құрды. Сонан кейін шамамен қырық жылдай уақыт өткенде 1867 жылдар бұл ел тағы да екіге бөлініп, бір жартысы Моңғол өлкесіне өтті де, дені байырғы мекенінде қалды» - деп жазады. (Қабышұлы, 1980: 31).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың басты дерек көзі ретінде қазақтың ауызша шежірелік дәстүрінен алынған мәліметтер мен Цин (Чин) әулетінің ресми жазбалары алынды. Шежірелік деректер – халық жадында сақталған уақтардың көші-қоны, орналасуы және көрші рулармен қарым-қатынасы жөніндегі тарихи ақпараттарды қамтиды. Бұл деректер қазақ руларының шығу тегі мен тарихи миграциясын түсіндіруде ерекше маңызға ие. Ал Қытай (Цин) мұрағаттық жазбалары – XVIII–XIX ғасырларда Алтай өңірінде болған этносаяси үдерістерді нақты хронологиялық тұрғыда сипаттайтын ресми құжаттар болып табылады. Бұл жазбалар шежірелік мәліметтермен салыстыра қарастырылғанда, тарихи оқиғалардың уақыт пен кеңістік шеңберін нақтылауға мүмкіндік береді. Отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері – уақтардың тарихи тағдыры, Алтайды қоныстанған қазақтардың этникалық құрамы және қазақ тайпаларының көші-қон процестері туралы заманауи ғылыми пайымдар мен тұжырымдарды қамтиды. Бұл еңбектер салыстырмалы талдау жүргізуге және тарихи деректердің объективтілігін тексеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері– Мақалада тарихи деректерді талдау мен жүйелеудің бірнеше классикалық және арнайы әдістері қолданылған. Олар: Тарихи-салыстырмалы әдіс – әртүрлі дереккөздердегі (шежірелік, жазба, зерттеушілік) мәліметтерді өзара салыстыру арқылы уақтардың Алтайға көшу кезеңдері мен бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Деректанулық талдау әдісі – қолданылған тарихи материалдардың түпнұсқалығын, мазмұндық сенімділігін және уақыттық сәйкестігін анықтау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс шежіре мен жазба деректердің тарихи шындыққа сәйкестігін тексеруге мүмкіндік берді. Шежірелік деректерді жүйелеу әдісі – халық аузындағы рулар тарихы мен ата-баба таралымдарын ғылыми тұрғыда реттеп, уақ руының Алтайдағы орны мен тарихи қозғалысын реконструкциялауға бағытталды. Гео-тарихи талдау әдісі – Алтай өңірінің табиғи-географиялық жағдайын ескере отырып, көші-қонның бағыты мен себептерін түсіндіруге мүмкіндік берді. Зерттеудің бұл тәсілдері қазақ көші-қон тарихы мен Алтайдың аймақтық тарихын түсіндіруде кешенді ғылыми нәтижелерге жетуге негіз болды.

Талқылау

Ал уақтардың іргелес көршісі керейлердің шығыстағы көші-қоны туралы шежірешілерде екі түрлі пікір сақталған. Қадыс Жанәбілұлы мен Қоңырхан Жусанбаев құрастырған «Абақ керейдің төр шежіресінде» керейдің арғын Ақмырзаның өліміне байланысты Сыр бойынан көшуін Қанішер Абылайдың тұсында, яғни «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бұрын болған. Ол кезде керейлер Сырдан көшіп Ордың Қарағашына барып қоныстанған жазған (Жанәбілұлы, Жусанбаев, 2011: 36) Иісқан Ырғайбайұлы еңбегінде «1730 жылдар мөлшерінде Қасымның бастауымен 300-дей шаңырақ Алтайға келіп, 130 жыл шамасында осы Алтайда болған, Алқабек, Білезік деген өзендердің аңғарын мекен еткенін, осы көште уақ рулары да болғанын тілге тиек еткен (Ырғайбайұлы, 1995: 31). Ал Меллатхан Әленұлы бұл көшті 1771 жылы болды деп есептейді (Мыңжан, Байболатов, 1994: 447).

Шежіре деректерде Арда Алтайға қоныс тепкен көкшекөзден тараған ағайынды Қасым, Дәулет ауылдарының XIX ғасырдың алғашқы ондығында-ақ рулы ел болып, Көгедай, Қамбар сынды екі бірдей төреге қараған. Соған қарағанда осынша көп ел Қасым, Дәулет сынды екі жас жігіттен ғана құралмауға тиіс. Шежіре деректер осы ағайынды жігіттердің кіндігінен тараған рулы ел туралы немесе солар бастаған іргелі ауылдардың болғанын баяндамақ болғаны анық. Себебі сол кезде Қасымға 300 отбасы ере көшкені шежірешілердің жадында жақсы сақталған. Бұл Қасым, Бәйімбет, Мұрат, Дәулеттерге қараған төрт ауылды көрсетеді. Байырғы ата қоныс Алтайға ауған уақ, керей, найман рулары елдің шетінде, даудың өтінде тұрған. Мұндайда тайпа көсемдері мен батырларға сан алуан қиындықтарды жеңе отырып, ұрпақтың ертеңі үшін күресетін саналы рух керек еді.

Қазақтардың Ертісті өрлей байырғы қоныстарына жылжуына Ертіс шебінің салынуы да себеп болды. Бұл туралы Т.А. Еңсебаев: «Ертіс әскери шебін салып болған соң, бекініс басшылығы қазақтардың Ертістің оң жағына шығуына шек қойды. Егер шыққан жағдайда,

олардан аманаттар талап етілді. Осылайша Құлынды мен Барабаның кең де құнарлы жайылымдары Ресейдің меншігі деп жарияланып, ол қазақтардың иелігінен тартып алынды. 1755 жылы 6-наурызда Сыртқы істер алқасы Орта жүз қазақтарының Ертістің оң жағына, яғни олардың тұрақты және тарихи даласына өтуіне тиым салды. Алқаның өкімін орындау Сібір әскери шебінің қолбасшысы бригадир Крофтқа жүктелді. Билік жүргізуші Сенаттың 1762 жылғы жарлығында қазақтарды ‘бекіністен он шақырым жерге’ жақындатпау туралы сөз болды. Егер бұл тиым салу бұзылған жағдайда ‘оларға әскери тойтарыс жасау’ қарастырылды» (Еңсебаев, 2001: 135) деген деректі ұсынады.

Қазіргі Қытайдың Алтай аймағына қазақтардың абақ керей руы мен найманның кейбір рулары көшіп келген кезде, бұл жерде Алтай ұранқайлары мен жаңа торғауыт, қошуыт секілді моңғол тайпалары қоныстанып отырған. Аталған тайпалардың өріс-қоныстары мен қазақ руларының қоныстануы туралы: «Ақсоян елі Қаба мен Буыршынды, Қарасоян елі Қабаны, Көкмоншақ елі Алтайдың Көксуын, Алты ел аталған ұранқайлар қазіргі Алтай қаласына қарасты өңірді, Баруын аталған ел Шіңгілді мекендепті. Мейрен аталған елдің көпшілігі Қобдада, бір бөлімі Куертіс бойын қоныстанған. Осы жеті ел атанған ұранқайдың билеушісі Еркі Шуын амбы Қобдада тұрып, жеті ел ұранқайдың таңбасын ұстап, әкімшілік билік жүргізіп отырған. Қалбадан Алтайға қарай жылжыған абақ керейдің алғашқы көші Ертіс өзенінің оңтүстік аңғарын біраз өрлеп келіпті де, Зайсан көлінің аяқ жағына келгенде, ел екіге бөлініпті. Қарақас Байқан батыр, жантекей Барлыбай батыр, шеруші Шұбаш батыр, молқы Ештаған батыр бастаған қарақас руы, жантекейдің шүйіншәлі атасы, шеруші, молқы рулары Ертіс өзенінен Батыс Алтай тауына өтіп, Нарын, Күршім, Қалжыр өзендерінің сағасын, Марқакөлді мекендепті. Осы Ертіс өзенінен ел өткен жер қазірге дейін Қарақас өткелі аталып келеді. Ал, Қотырақ бастаған жантекейдің басым көбі, ителі, меркіт, шұбарайғыр, т.б. үлкен рулар Ертістен өтпей, Зайсан өңіріне, Кендірлік, Кішкенетау, Маңырақ, Көкпекті қатарлы жерлерге орнықты» (Жанәбілұлы, Жусанбаев, 2011: 44–45) деген деректер бар.

Шежіре деректерге және Жапарбай, Аршабай, Төгербек, Тәжі, Зейнолла, Зейнелқан сияқты көнекөз қарттардың айтуынша уақтар 1835 жылы Алқабек, Білезіктен өтіп шекара Ешкі асуының жанындағы Жалағаш деген жерді қыстағанда қар қалың жауып, қыс қатты болғандықтан, ақсүйек жұт болады. Осы жұтта уақ елінің малы қырылып, азын-аулақ түйе мен ешкі түлігі ғана қалды. Апаттың азуы әбден батқан ел: «Бұл апат бізді жалаңаштап кетті, қысы қатты, қары қалың бұл жер бізге мекен болмайды екен, бұл жер Жалағаш емес, Жалаңаш екен деп, осы жерді Жалаңаш атандырыпты».

«Цин патшасы Шюаньзуң туралы орда естеліктері» 251-бумасы Даогуан жылнамасының 14-жылы 4-айдың 25-күнгі (Яғни 1834 жылы 2 маусым) жазбасында: «Тарбағатайдағы ойраттар баққан шахналық түліктердің қар апатынан үсіп өлгендеріне төлем төленсін, аязда үсінген, өлген адамдарға қаржылай жәрдем жасалсын» (ЦШЛ, 2009 ц. 2: 797) деген дерек 1834 жылдың қысында Тарбағатай аумағындағы ойраттар қоныстанған Қобықсары аумағында ақсүйек жұт болғанын дәлелдейді. Бұл көршілес Жеменей, Қаба жерін шарпуы әбден мүмкін.

Шежірешілердің есінде қалған 1835 жылғы жұт осы 1834 жылдың қысындағы жұтты көрсетеді. Егер 1835 жылдың қысында да жұт болған болса, сарай жылнамаларынан қағыс қалмаса керек еді. Сондықтан бұл көшті 1835 жылдың басында болған деп шамалаймыз.

Қытай деректеріне негізделер болсақ ақбасқын қардан Тарбағатай ойраттарының малы қырылып, адамы үсіп өлген оқиғалар 1847 жылы да болған (ЦШЛ, 2009 ц. 3: 1005–1006). Сондай жұт 1863 жылы да болған (ЦШЛ, 2007: 35). Тарбағатаймен көршілес Боротала өңіріндегі сақыр моңғолдары қоныстанған жерлерде 1837 жылдың қысында алапат жұт болғанын Іле генералы Ишанның мәлімдемесінде анық жазылады (ЦШЛ Даогуан, 2009: 876).

1835 жылдың басында шекарадағы Ешкі асуынан асып Қабаға келген уақ көшінің уақытын нақты дәлелдейтін бұлардан басқа қосымша деректер жоқ. Шәмен Исаұлы «Қаба өзенінің батыс жағасынан алынған ертедегі тоғандар» деген мақаласында уақтардың Қаба ауданына ең алдымен көшіп келіп қоныстанып, Қаба өзені бойынан алғаш Қарабөгеу дейтін су тоспасын жасап, тоған тартып егін салғанын айта келіп: «Уақ елінің жортуылшысы атақты балуаны Ыдық деген адам болыпты. Қазіргі Қаба ауданы Сарбұлақ ауылының Жалаңаш

қыстағының қасындағы Ыдық деген жер аты уақтың сол Ыдық балуанының атымен аталған. ‘Ыдық балуан көтерген тас’ дейтін үлкен малта тас Жалаңаш өзенінің өткелі аузында қазірге дейін жатқанын ел аңыз етеді» (Қаба, 2003: 232–233) деп жазған. Аңыздарға қарағанда, бабамыз бұл тасты атақ шығару үшін емес, Жалаңаш өзенінен өтетін көш жолын ашу үшін көтеріп жол шетіне қойған екен.

Әбе Қалиұлы «Жарболды елі және Дүзбенбет Ажы» деген мақаласында: «найман тайпасының жарболды руы XVIII ғасырдың соңғы жылдарының Абылай хандығы дәуірінде Құлажорға, Қостөбе, Айыркөз, Жылытау қатарлы Алтайдың батыс жүлгесін мекендеген», дей отырып, жарболды Жәнібек ауылдарының жылқы отарлату үшін Білезік өзені бойына барғанда, «Бұл кезде Білезік бойында Орта жүз уақ елінен және керейдің ителі елінен бірнеше ауыл бірге Білезік бойын мекен етіп, уақтан Ыдық деген адам (балуан екен) бастап Білезіктен тоған алып егін егіп, жан бағып жатқан кезі екенін» (Қаба, 2003: 122–123) айтқан.

Іле генерал-губернаторы ұлты моңғол Суңюньнің (玛拉特氏松筠) бұйрығымен Ван Тинкай (汪廷楷) атты автор 1802 жылы жазған, 1805 жылдан бастап Ци Юньши (祁韵士) атты келесі бір автор толықтаулар енгізіп, 1808 жылы ресми түрде жарық көрген «Си чуй цзун тун ши люе» («西陲总统事略», яғни «Батыс шекара өңірді басқару істерінен қысқаша шолу») атты кітапта гуң лауазымды Көгедай тәйжі (公爵库库岱台吉) мен оның інісі Сәменге (色敏) қарасты 10 руы елдің аты былайша хатталған:

«Семіз найман отоғы, қыржы найман отоғы, шеруші найман отоғы, көкшекөз найман отоғы, жастабан найман отоғы, молқы найман отоғы, жәдік найман отоғы, тасқоян найман отоғы, қарақас найман отоғы, шұбарайғыр найман отоғы (色密斯奈曼鄂托克, 赫尔吉奈曼鄂托克, 车鲁齐奈曼鄂托克, 库克楚古斯奈曼鄂托克, 嘉斯塔瓦奈曼鄂托克, 嘉勒霍奈曼鄂托克, 嘉达克奈曼鄂托克, 塔斯霍彦奈曼鄂托克, 哈尔噶斯奈曼鄂托克, 齐巴尔爱哈尔奈曼鄂托克)» (Сун Юнь, 1965: 15).

Осы аталған кітапта Қазақ тәйжісі Қамбарға қарасты 24 отоқтың атын: «Байжігіт отоғы, уақ-найман отоғы, төртоғыл отоғы, қожамбет отоғы, жарболды отоғы, ақнайман отоғы, сарыжомарт отоғы, көкжарлы отоғы (拜吉格特鄂托克, 瓦克奈曼鄂托克, 土尔兔勒鄂托克, 霍吉木伯特鄂托克, 嘉哩博勒多鄂托克, 阿克奈曼鄂托克, 萨尔嘉默特鄂托克, 库库嘉尔鄂托克); шеруші отоғы, қаракерей-байғана отоғы, тұзақшы-төртоғыл отоғы, қаракөз-байқы-төртоғыл отоғы, ашамайлы ғол отоғы, абақты ғол отоғы, көнсадақ ғол отоғы, ителі ғол отоғы, молқы ғол отоғы, меркіт? ғол отоғы (车鲁齐鄂托克, 喀拉克勒拜吉纳鄂托克, 土萨克齐土尔兔勒鄂托克, 哈拉廓泽巴伊克土尔兔勒鄂托克, 额且迈哩廓勒鄂托克, 阿巴克图廓勒鄂托克, 坤斯塔克廓勒鄂托克, 伊特哩廓勒鄂托克, 迈勒呼廓勒鄂托克, 默尔硕勒廓勒鄂托克); көкшекөз ғол отоғы, қара ғол отоғы, сибан ғол отоғы, ателы (ителі?) ғол отоғы, қарақас ғол отоғы, тоғымбет ғол отоғы (库克齐格斯廓勒鄂托克, 喀拉廓勒鄂托克, 西宛廓勒鄂托克, 阿贴哩廓勒鄂托克, 哈尔哈斯廓勒鄂托克, 托霍木伯特廓勒鄂托克) деп жазып көрсеткен.

Кітапта жоғарыдағы аталған рулапран басқа «төртінші дәрежелі діңсе таққан Тәйжі Жабайға қарасты қара (керей) байжігіт отоғы (克勒拜吉格特鄂托克)» және «төртінші дәрежелі діңсе тағылған Тәйжі Токтакүшікке қарайтын қара (керей) байжігіт отоғы (喀拉拜吉格特鄂托克)» деген ру аты да көрсетілген. Мұндағы өзгешелік бір ғана рудың екі тәйжіге қараған топтарының аты екі басқа иероглифтермен жазылуына байланысты туындаған деп санауға тура келеді.

Кітап мәтініндегі ту эр ту лэ этокэ (土尔兔勒鄂托克) – найман ішінде төртуыл руы еді (Қытай қазақтары бұл рудың атын «дөртуыл» деп атап келеді). Бұл туралы Жапон ғалымы Нода Жин: «Біз Әбілпейіз сұлтанның Тарбағатайды біліп тұрған Кебе амбан, Асқан амбан, Мөрін жайын амбанға (Hebe amban asqan amban mörin jayin amban) ... деп келетін 1781 жылы ескі қазақ жазба тілінде жазған хатындағы «تورت اغول» (törtöyul) деген тіркесті негізге ала отырып төртоғыл деп алдық» деп жазады (Noda, Onuma, 2010: 44).

Мұндай ру аты Уәли ханға қарасты арғындардың бірі ретінде «төртоғыл арғын отоғы (土尔兔勒阿尔干鄂托克)» деген атпен де кезігеді. Аталған деректің түпнұсқасында 兔 (ту)

иероглифі 免 (мянь) болып жаңсақ жазылған. Бұл деректің көшірмесі «Хуэй цзян тунчжи» деген келесі бір кітапқа да енгізілген. («Хуэй цзян тунчжи» кітабының «Қазақтардың шығу тегі» деген тарауында: «公爵库库岱,台吉色敏所辖: 色密斯奈曼鄂托克,赫尔吉奈曼鄂托克,车鲁齐奈曼鄂托克,库克楚古斯奈曼鄂托克,嘉斯塔瓦奈曼鄂托克,募勒霍奈曼鄂托克,嘉达克奈曼鄂托克,塔斯霍彦奈曼鄂托克,哈尔噶斯奈曼鄂托克,齐巴尔爱哈尔奈曼鄂托克» деп жазылған қараңыз: «回疆通志·卷十一·哈萨克源流»).

Жоғарыда көрсетілген Көгедай мен Сәменге қарасты рулар қатарында найманның қыржы, семіз найман рулары мен уақтың көкшекөз, керейдің шеруші, жастабан, молқы, жәдік, қарақас, шұбарайғыр рулары және «таскоюн» руы деген ру аты көрсетілген. Бұл деректі хаттаушы авторлар наймандарға кірмейтін руларды найман атында тіркеп көрсеткен. Аталған мәселе туралы: «Бұл тарихи жазбадан бері болғанда XIX ғасырдың бас кезінде Көгедай мен інісі Сәменнің бір бөлім наймандармен бірге керей руларын да қоса билеген тарихи шындықты толық ұғынумен қатар, керей ру аттарының ‘... найман’ түрінде хатталғанына қарап, кітап авторының Жетісу өңірін мекендеген қазақ ру-тайпаларын дерліктей ажырата алмағанын анық байқауға болады» (Әбділәшімұлы, 2014: 812) деген пікір ұсынғандар бар.

Солай дегенмен Жапон ғалымы Сагучи Тоору Көгедайға қарасты тайпалар арасында қыржы найман секілді он отоқтың болғанын ертеректе растаған болатын. Бұдан тыс «Хуэй цзян тунчжи» атты кітапта: Бөгелі деген тәйжіге қарасты рулар қатарында уақ және арғын рулары болғаны, қазақ тәйжісі Қамбарға қарасты тайпалардан уақ және найман тайпасы болғаны, Қамбарға қарағандар қатарында абақ керейдің шеруші руы болғаны туралы мәліметер сақталған. Осы фактілерге негізделгенде тарихи деректе көрсетілген тайпалар туралы мәселені еңбек авторларының қазақ рулары туралы білімінің саяздығынан болған деп қарастыруға болмайтынын көрсетеді.

Цин әулетінің билігін қабылдаған қазақ рулары қоныстанған жеріне қарай ұқсамаған бірнеше ру бір әкімшілік сипатты бірлікке біріктірілсе керек. 1832 жылы Қазіргі ШҰАР Алтай аймағындағы Қалутан жазығында Ажы (Жанқазы) гуңның басқаруымен өткен 12 абақ керей рулары, алты арыс ұранқай, торғауыт уаңы, көршілес қазақ руларының төрелері қатысқан «төрт би сайлау» құрылтайы өткен. Осы жиналыста «Төрт бидің иелігіндегі әрбір ру түтін саны мыңға толғанда жеке иелік құқық алады» - деген ереже қабылдаған. (Асқар Татанайұлы: «Тарихи дерек, келелі кеңес», 1-кітап, Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі, 1987, 100, 106-бет. Төрт бидің сайланған уақыты жөнінде бұдан өзге де пайымдаулар бар: бірде 1836 жылы күзде Жеменейдің Тұманды Қызылқайың деген жерінде өтті десе, кейде Буыршын ауданының Үштас жайлауында 1836 жылы өтті делінеді «Барқы шежіресі», ШҰАР ІБ 2011 № 141, 2011, Үрімжі, Бәдел Иманмәдиұлы жазған Топан Сатайұлының өмірбаяны, 23-бет). Мұндай жағдай жоғарыдағы Суңюнь бастаған қаламгерлер еңбегіндегі найман, керей, уақ, арғын қатарл қазақ руларының аралас тіркелуі, Көгедайға қарасты Абақ керей рулары құрамында найман, уақ руларының жекелеген топтары болғанын көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген еңбектегі Қамбарға қарасты 24 отоқтың құрамында уақтармен қатар керей топтары бар екені анық жазылған. Осыларға негізделсек Қамбар төреге қарасты рулардың барлығы түгелімен найман рулары болған деуге келмейді. Кей шежіре нұсқаларында Әбілпейіз ханның ұлы Көгедай төре көп жылдар Қалба өңірін мекендеген терістаңбалы наймандарға төре болғаны жөнінде де деректер кездеседі (Мешелева, Темірханов, 2009: 64).

Керейлер мен наймандар, уақтар мен наймандар бір төренің басқаруында болғаны сынды осы тарих шындық қазақ шежірешілерінің назарынан да тыс қалмаған. «Қырық молда шежіресінің» 6-көшірмесінде: Төлегетайдың үлкені дөртуіл екен. Одан төрт ұл: Ақболат, Ақбарак, Сұлтанкелді, Есенкелді тарайды», – дей отырып, – «Есенкелдіден Еміл, Бәлі. Емілден жеті ұл: Ембек, Есенқұл, Қарасал, Ырсақ, Қоқан, Тоқан, Жәнібек, Дұзақшы туады. Осы Дұзақшы керейдің бес кенделімен қосылып, алтауы Жәдіктің шұбар айғырын ұстап әкетіп сойып жеген екен. Бес кендел керейде қалып, Дұзақшы Емілде қалыпты. Керейдегі бес кендел шұбарайғыр атанып кеткен» делінеді. Сол сияқты шежіре деректер Ергенек руы туралы тарқатқанда: «Ергенек тегінде найманның жылқысын бағатын ұлы жиендерінің ұрқы болса

керек. Найман шал өлгеннен соң, оның жас қалған әйелін осы Ергенекке қосыпты. Ергенектен Өтей, Жәрке, Бура, Қаратай, Сарыжомарт, Көкжарлы, Терістаңбалы – жеті ұл туыпты» делінеді (Байболатов, 1999: 150–151).

«Си чуй цзун тун ши люе» атты еңбек мәтінде ру аты ретінде «Та сы хо янь най ман (塔斯霍彦奈曼)» деген тіркесті қытай тілінің оқылуына сай «тасқоян» деп реконструкциялауға болады. Профессор С. Сыздықов «Қарлық мемлекетінің тарихы» деген монографиясында арғын ішінде тасқоян деген ру аты бар екенін жазған (Сыздықов, 2000: 135). Дегенмен оның нақты қайсы рулар бірлестігіне тән екенін айтпаған. А.П. Чулошников: «Алғашқы керей – Найманның ағасы Абақ. Абақтың он екі ұлының алтауын қалмақтар өлтіріп, олардың жесірлері кейін күйеуге тиіп, олардан ‘шатыс’ (таза қанды емес) керейлер өрбіген. Керейлер 12 тармаққа бөлінеді: озық, жантекей, шеруші, озумылтық, сыйбан, барақ, жастабан, уақ, жектабыр, қарақас, тасқойын, көнсадақ; Шатыс керейлер өз атауларын жесірлердің күйеулерінің сипаттамаларына байланысты алған. Біреуінің ері қара қасты болғандықтан, ру аты – қарақас, екіншісі иттен қорқып, қойнына тас тығып келген соң – тасқойын аталса, үшіншісі садақ пен қорамсақ асына келген соң, қойылған ат – көнсадақ» деген аңызды жазып қалдырады (Қазақтар, 1998: 145). А.П. Чулошников көрсеткен озық – ожық, озумылтық – ұзынмылтық руын еске салады. Олар қазіргі уақытта 12 абақ керейдің бірі болған шеруші руының құрамында.

Айтулы еңбекте аты аталған отоқтар атының соңына тіркелген «голэ (廓勒)» деген тіркеске келер болсақ, оны моңғол тілінде «негізгі, орталық, басты, бас» деген мағынаны білдіретін «ғол (гол)» деген сөздің транскрипциясы ретінде қарастыруға ғана болады. Отоқ сөзі Моңғолия егеменді ел болғанға дейінгі уақытта елдегі ең кіші әкімшілік бірлікті көрсеткен. Бұл термин ру мағынасында манжур тіліне де енген. Демек «ғол отоқ (廓勒鄂托克)» тіркесі іргелі отоқтарды ғана көрсетеді деген сөз. Бұл отоқ жай отоқтарға қарағанда адам саны көп, қуаты мығым отоқтарды көрсеткен болса керек. Осына мағнада моңғол тілінде «гол хоршоолол», яғни бас серіктестік, «гол ёс» – негізгі салт, «гол газар» – орталық жер деген сөздер бар.

«Си чуй цзун тун ши люе» атты еңбектегі көрсетілген деректен Көгедай мен Сәменге Абақ керейдің алты руынан тыс, найман мен уақтың да ішінара руларының қарағанын байқаймыз. Ажы төренің заманында 12 абақ керей төрелеріне найманның Қожамбетіне жататын жарболды, Сарыжомартына жататын бура рулары да қарасты болды. Көкек Әділұлы абақ керейдің жәдік руына төре болып келген кезде, оған ере келген найман матай руына жататын Басқараның ұрпақтары да қарасты болды. Осы найман топтары алым-салықты абақ керей төрелеріне тапсыру есебінен керейлер арасында қоныстанып келген.

Әдетте қыржы, семізнайман топтарының керейлерден бөлінуін Көгедай гуңның өлімімен қатысты болды деп қарастырылады. Көгедай гуң 1822 жылы қыркүйекте Қамбар төренің адамы Құлекенің батыры Тәукебала тарапынан жараланып, арада біраз уақыт өткеннен кейін қайтыс болған. Бұл туралы 1823 жылы 30-наурыз күні жазылған Цинсяннің мәлімдемесінде (Қытайдың бірінші тарихи мұрағатында сақтаулы № 002409 – 002412 мәнжу тіліндегі құжат) және «Цин әулеті Шюаньзун патша туралы орда естеліктерінде» (СЦШЛ, 2008: 57–58) нақты баяндалған. 1825 жылы 12-сәуірде (даогуаң жылнамасының 5 жылы 2-айдың 24-күні) Ажы төре әкесі Көгедайдың гуң лауазымына мұрагерлік етті (СЦШЛ, 2008: 100).

Шұбар тулы төре аталған Тоғымның ұлы Қамбар төреге қараған шеруші отолғы (车鲁齐鄂托克), көнсадақ ғол отоғы (Кунь сы такэ голэ этокэ//坤斯塔克廓勒鄂托克), ителі ғол отоғы (Итэли голэ этокэ//伊特哩廓勒鄂托克), молқы ғол отоғы (Майлэ ху голэ этокэ//迈勒呼廓勒鄂托克), қарақас ғол отоғы (Ха эр ха сы голэ этокэ//哈尔哈斯廓勒鄂托克) және абақты ғол отоғы (Абакэ ту голэ этокэ//阿巴克图廓勒鄂托克), ашамайлы ғол отоғы (Э чие май ли голэ этокэ//额且迈哩廓勒鄂托克), уақтың көкшекөз ғол отоғы (Ку кэ чи гэ сы голэ этокэ//库克齐格斯廓勒鄂托克) деп аталатын рулардың Ажы төре жағына шығуы Көгедай өлімінен соңғы керей мен найман арасындағы үш жылға созылған дүрдеараздықпен қатысты болған болса керек.

Бұл келеңсіз оқиға туралы: «Үш жылдан кейін Қамбар ордасында түсел болып, Орта жүз бас қосып, үлкен жиын ашып, Көгедайға «Қасым ханның қасқа жолы» бойынша құн кесілді. Оның сыртында үш жылғы шабындыға ұшыраған Қамбар жылқысын салауатқа шығарды, сонымен үш жылға созылған жаугершілік тыйылды. Бірақ Көгедайға қанға-қан ала алмағандықтан ел ішінде: ‘Көгедайға да Көгедайды алған жоқ, құн алған’ деген тәмсіл қалды» (Татанайұлы, 1996: 33) деп қорытындылайды Асқар Татанайұлы.

Жоғарыдағы мәтінде біз «абакты ғол отоғы» деп шамалаған «Аба кэ ту голэ этокэ 阿巴克图廓勒鄂托克» бәлкім онекі абақтың бір тармағы болған ителі руының ақбақты атасы болуы да мүмкін. Тарихи шығарма мәтіндеріндегі ру-тайпа аттары туралы мұндай түйткілдер әлі толық шешілген жоқ. Бұл тектес сауалдарды шешуде тарихи еңбектер мен шежірелерді салыстыра зерттей отырып жауап іздеуге тура келеді.

Көкшекөз руы (Кукэ чу ку сы, кукэ ци гэ сы го лэ это кэ//库克楚古斯, 库克齐格斯廓勒鄂托克) керейлермен туыс тайпаның бірі қатарында Көгедай және оның ұрпақтарының билігін қабылдаудан бас тартпаған сыңайлы. Жарболды, бура секілді найман руларының Ажы гуңға қарауы да осы тарихи сабақтастықты ескертеді. Сол сияқты Қамбар тәйжіге қарасты рулар ішінде де уақ-найман отоғы (Ва кэ най мань э то кэ//瓦克奈曼鄂托克), қаракөз-барқы-төртоғыл отоғы (Ха ла го цзэ ба и кэ ту эр ту лэ это кэ//哈拉廓泽巴伊克土尔兔勒鄂托克), көкшекөз ғол отоғы (кукэ ци гэ сы го лэ это кэ 库克齐格斯廓勒鄂托克) аттары кездеседі. Алқабек-Білезік бойында уақтармен қатар жарболды руы (цзя ли бо лэ до это кэ // 嘉哩博勒多鄂托克) да тұрған.

Жоғарыдағы рулар тізімі көрсетілген еңбек жазылған XIX ғасырдың алғашқы ондығында Қаба өзені бойын қоныстанған қазақ руларының саны едәуір мол болған. «Чин әулеті Шюаньзун патшаның сарай жазбалары» 37-бума 661-бетіндегі 1822 жылы 3-тамыз күні жазылған жазбада: «Ұранқай жеріндегі қазақтардың түтін саны бірнеше мыңға жетті (ЦШЛ, 2008: 48) деген дерек тіркелген. Бұл мәлімет Ертісті жағалай шығысқа көшкен қазақтар санының аз болмағанын көрсетеді. Олардың жаппай қоныстануы жергілікті моңғолдарға тиімді бола қоймаған. Күші де мысы да басым қазақтар аз ғана моңғолды ығыстырып отырған. Өріс-қонысқа қатысты талас-тартыс туындап отырды. Осыған байланысты Қобда амбаны Алтайды мекендеген ұранқай қатарлы тайпалардың талабы бойынша Бейжиңге талай рет хат жіберді. Ақыры Цин үкіметі ұранқай-моңғол халқының көңілін жай таптыру үшін, дәрбіттің оң-сол қол әскерінен мың адам, моңғолдардан мың адам және Баошаң сұратып алған екі мың адамнан құралған әскерді Шіліндыржы дегеннің басқаруына беріп, қазақтарды қуып шығуды ұйғарады. Аталған армия Алтайға жеткеннен кейін ең әуелі Көктоғайдың Қарасеңгір деген жерінде отырған жантекейдің есағасы руының адамы Беген Бәйімбетұлының ауылын шабады. Ешқандай дайындықсыз жатқан ел қынадай қырылады. Елдің алды Ертісті құлдай қашып, Зайсан өңіріне барып бірақ тоқтайды. Айтуларға қарағанда бұл жолы моңғолдар Беген байдың қалың жылқысы мен жүзге тарта қыз-келіншектерін олжалап кетеді. Тарихта бұл жер Беген шабылған Қарасеңгір аталады. Ал айтулы оқиға «Сайын ноян оқиғасы» деп атады (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2014: 159–160). Бұл рулардың Арда-Алтайға қайта көшіп келу оқиғасы 1770 жылдары болғанын дәлелдейтін басқа деректер бар. (Қалиасқарұлы, 2011).

Патшалық Ресей үкіметінің 1822 жылы 22-шілдеде қабылдаған «Сібір қазақтары туралы жарғысынан» соң қазақ даласына отарлық басқару құрылымдарын орната бастады. «Олар өздері иеленген қазақ өңіріне біртіндеп әкімшілік округтер құра бастады» дей отырып, Марат Мұқанов былай дейді: «Округтер болыстарға (әр болыста 10–12 ауыл), болыстар ауылдарға (әр ауылда 50–70-ке дейін шаңырақ) бөлінеді. Ауылдағы шаңырақ иелері үш жыл мерзімге сайланатын ауыл ақсақалы басқарады. Болыстар билігі мұрагерлік жолмен сұлтандар қолында болып отырады» (Мұқанов, 1994: 29) деп көрсеткен.

Ресей патшасы үкіметінің шешімі бойынша (1831) осы аттас өзеннің бойынан Аягөз сыртқы округі құрылды. Бұл арқылы Ресей әкімшілігі патша реформасына қарсы қарқыны күшейіп бара жатқан Саржан сұлтанның көтерілісін оңтүстікке таратпауды, ең бастысы Жетісу, Алатау өңірін империяның құрамына қосу үшін саяси, әскери алғы шарт дайындауды

көздеді. Округтің алғашқы аға сұлтаны болып Жошыұлы Сарт төре, қазылары Сейтенұлы Итемген би және Ханқожаұлы Ақша төре сайланды. 10 мыңдай шаңырағы бар 12 болыс елді біріктірді. Олардың болыстары болып Жошыұлы Есім (Назар болысы), Жошыұлы Самұрат (Мұрын болысы), Жошыұлы Қымыран (Мұрын-2 болысы), Жошыұлы Тұрсын (Қыржы болысы), Тезекұлы Қисық (Мұрын-Кенже, Айдар, Мырзаш болысы), Мамырханұлы Дәуіт (Матай болысы), Бопыұлы Солтабай (Сыбан болысы), Бопыұлы Жамантай (Сыбан-2 болысы), Бопыұлы Омар (Ақымбет болысы), Жапиұлы Оспан (Төмен болысы), Сағалұлы Шыбынтай (Семізнайман болысы), Есімұлы Санбек (Назар-2 болысы) сайланды (Қазақстан, 1998: 595).

Марат Мұқанов Аягөз округінің қамтыған жерінің Оңтүстікте Тарбағатай мен Сауыр жоталары; оңтүстік-батыста – Лепсі өзені мен Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы; солтүстікте Шыңғыс тауларының тармақтары мен одан ары Зайсан қазаншұңқырының оңтүстік бөліктері; шығыста Сауыр таулары мен Кендірлік өзенінің алқабы; батыста Шыңғыс тауынан бастап Аягөз өзенінің бойымен Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағалауына дейінгі өлкені алып жатқанын, 18 болыс найман, 6 болыс керей, 2 болыс уақ тайпасы болғанын айтады. Ол тағы екі болыс уақтардың шоға мен сармандар екенін көрсетеді. Автор өз еңбегінде: «1844 жылы құрылған Көкпекті сыртқы округінің 12 болыстан құралып, негізінен наймандар (бура, сарыжомарт, көкжарлы, терістанбалы және матай рулары) мекендейді. Оларда 63580 адамы бар 8022 шаңырақты біріктірген 1986 ауыл болды. Округте бұлармен қатар уақ тайпасының 170 шаңырағы көшіп-қонып жүрді. Бұл округтің шекарасы: Семей қаласынан бастап Ертістің бойымен жоғары қарай Зайсан көліне дейін және батыста Баянауыл округінің шетіне дейін, ал оңтүстігі Аягөз округінің шекарасына дейін жетеді» (Мұқанов, 1994: 29) деп көрсетеді.

Шежіре деректерде 1845 жылғы қазақ руларының Зайсаннан көшіп Үркерсу-Мазарға ауып баруының себебі туралы нақты дерек кездеспейді. Солай дегенмен кей шежіреде 1840 жылдары Алқабек-Білезік өңірінде оба тарағаны айтылады. Аталған жылы бір бөлім ел Үркерсу-Мазарға ауып барған болса, елдің екінші бір тобы Майлы-Жайырға ауып кетуі мүмкін еді. Шежіре деректерде айтылған Үркерсу мен Мазардың нақты орны анық емес. Шамасы наймандар жиі қоныстанған Көкпекті сыртқы округінің немесе Өскемен уезінің жерінде болса керек. Бұл уақ елінің Ертісті өрлей көшкен тарихына үйлеседі.

1840 жылғы деректерге қарағанда, алдағы уақытта ашу жоспарында болған Көкпекті округі иелігінде Делбегетей тауы мен Жартас алқабынан Шар өзеніне, Приказдан солтүстік-батысқа қарай 150 шақырым қашықтықта көшіп жүрген уақтардың 170 шаңырағы болғаны да осы ойымызға арқау болады.

Өскемен уезі Алтай, Үркер, Нарым, Қолбы, т.б. 14 болыстан тұрды. Уездің солтүстік-шығысында Нарын өзенінің бойында қаратай руының қыстаулары орналасқан. Күршім, Жіңішке, Ертіс, Бөкен өзендері бойында және одан, әрі Қызылсу өзені бойымен көкжарлы руы орналасты. Уездің солтүстік-шығысын Сұлусары және Шар болыстарының құрамына кіретін бура руы жайлады. Демек, Үркерсу мен Мазар осы аталған Өскемен уезі құрамындағы Үркер болысында болуы бек мүмкін. Күршім өзенін өрлей Марқакөлге асатын ежелгі көш жолы да осында.

Бір кездері қаратай елінің қақпайына ұшыраған сармандар Үйдене, Қандысу өзендері бойында, Шілікті жазығының шығысы мен оңтүстігінде, Сартұмсық пен Маңырақта отырған шоға уақтың бәйімбетіне келіп қосылады.

Осында отырған бәйімбеттер бұған дейін керейдің жастабан руымен бірге Шорғадан шығысқа қарайғы жерлерді мекендеп тұрған екен. Қамбар төренің тұсында Шорғадан Қойбасқа дейінгі ел шабуылға ұшырайды. Осылайша батыстағы қоныстарынан ығысқан он ауыл уақ Үйдененің батысындағы Сартұмсықты мекендей бастаған. (Бұл деректі Шадыман Ахметұлы 2015 жылы Зайсан қаласы Жаңатұрмыс ауылының тұрғыны 1937 жылы дүниеге келген руы меркіт Нәзіп Сүлейменұлынан жазып алған).

Бәйімбеттің елбасылары Етекбай, Жәутіктер шабынды көріп азып-тозып келген бауырларын жылы жүз, ыстық ықыласпен қарсы алыпты. Ерулігі мен жылуын беріпті. Ауып

келген ел ішіндегі жарлы-жақпай, қорғансыз жетім-жесір, кәрі-құртаң, кем-кетіктерді тұрғын елдің күй-жайы толық шаңырақтарға бөліп орналастырыпты. Осындай туысқандық пен бауырмалдыққа кенелген тозған ел бір қысты қоңыторғайлық көрмей бейғам өткізді. Көктемде түйенің боздағы шығып, қой түлеме құйрық, жылқы жүнін тастап қаратіл болған кезде отырықшы бәйімбет тайпасы бөлініп қалатын болған соң, разы-қоштықтарын айтып, жыласып айырылысқан, ауып келген ел көш бетін Алтайға бұрды. Бұл 1864 жылғы шекара келісіміне қол қойған уақытқа сай келеді. Бұл жолы ауған ел Ажы гуңның бастауымен Жеменей жеріне өткен керей көшінің ықпалына ұшыраса керек.

Әр аймақтағы рулардың қоныстану шекарасының қалыптасуының өзіндік тарихи себептері болғаны анық. Тарихи әдебиеттерге негізделер болсақ, Шорға соғысынан кейін ата мекенге ағылған найман руларының бір бөлігі Жамандаланы қоныстанса, уақтар Сартұмсықты орталық етіп, Үйдене өзенінің екі жағасына, Маңыраққа ірге тепкен. Кәрібай ақынның «Шорға соғысы туралы Кәрібайдың айтқаны» деген жырында:

«Қабанбай, ер Бөгенбай, батыр Барақ,
Уәлі сүйегі уақ батыр Бармақ.
Бердіқожа, Қасабай, батыр Жантай,
Қаз дауысты Қазыбек өңкей саңлақ.
Баймұрат, Райымбек, батыр Тентек
Барлығы жауға кеткен кегін алмақ.
Қосай, Тама, Дәулетбай, батыр Шөрек

Жиылып ақ батамен қылған тілек.
Барлығына Қабанбай қолбасы боп,
Айқасты ата жаумен бірнеше рет.
Қалмаққа келіп тиді Шорғадағы,
Бұл жолы кем болмады олжадағы.
Ер Барақ, батыр Жаман, Орақбайдың
Аққан қан қылышынан сорғалады»

(Танатарұлы, 2011: 196) дейтін жолдары бар.

Жамандала Кеңес дәуірінде Жасталап, Қазақстанның отыз жылы атындағы кеңшар аталса, Тәуелсіздіктен кейін Жаңаауыл деп атала бастады. Жаман Шорға соғысына қатысқан найман батырының атына қойылған. Жамандаладан Терісайырық өзені ағып жатыр. Ал Маңырақтың Майлы асуында «Ақтабан шұбырындыда» ерен еңбегімен халық жадында қалған найман садыр анда руынан шыққан Жанақұлы Майлы батырдың тастан қаланған қабірі тұр. Әрине батырының атымен аталған мекенде сол заманның дағдысына сай сол рудың адамы отыратыны заңды.

Ахметтің өлімінен соң уақтар Сартұмсықты шекара етіп, Үйдене өзенінің оң-сол жағалауында, шығыста Шүршітсудің жалынан ары қарай отырған меркіттермен қоңстас отырды. Ол кезде Қантай, Жүкей, Анда ауылдары Үйдененің сол жағалауын, Бердібай, Жолшара, Жиенқұл ауылдары Үйдененің оң жағалауын мекендеген. Бұл қоныстанудың дұрыс екенін Щербина Федор Андреевичтың 1896 жыллы Семей облысына жүргізген экспедициясының есептері «Щербина экспедициясының» Зайсан уезінің ауыл кестелеріне ескертуіне жазылған № 137-ші топ та растайды. Онда: «Ең басты атасы жұмық. Санияз сұлтанның екі ауылы, олардың төлеңгіттері және екі ауыл уақтан тараған. Бұдан жиырма жыл бұрын бұл ауылдардың киіз үйден басқа ешқандай құрылысы жоқ еді. Көбі қыстауларында қыстайтын» (Қаракерей шежіресі, 2012: 517) деп жазған.

Қаби Ахметұлы Әміре үкірдай Шаңқанұлының естелігіне негізделе отырып: «1830 жылы Байқұлақ Бектенұлының бастауымен 70 үй шоға мұраттар Үйдене өзені бойынан көшіп, Алқабек, Білезік бойына барып қоныстанғанын» айтады. Құсайын Баяқынұлы құрастырған «Алтай уақтары шежіресінде» Бектен Тоғатұлының зираты Қазақстан жеріндегі Орқарағаш деген жерінде. Байқұлақ 1735 жылы туып, 1803 жылы қайтыс болған. Сүйегі Қазақстанда» (Байақынұлы, 2008: 142) деп жазады. Егер Сайбақтан тарайтын Бектен ауылдары 1830 жылдары көшіп келген болса, онда көшті бастаушы Байқұлақ Бектенұлы емес, қайта Байқұлақ ұлдары Серкебай, Жұман, Асаулардың бірі болса керек еді. Қазір Байқұлақ ұрпақтары Бурылтоғай ауданында тұрады.

Шежіреші Махмет Әзірпатұлы Асылбек Қаматайұлының жинаған деректеріне сүйене отырып 1760 жылдары Доғалаң тауынан абақ керейді бастап көшкен Жәнібек батырдың елімен бірге уақтың үш жүзге жуық түтіні Қалба, Сайқан, Маңырақ, Марқакөл маңына бір мезгіл тұрақтаған соң, Ертісті өрлей жылжып қазіргі Алтай аймағының аумағына енген екен.

Уақтардың Мауқара, Мырти бастаған басым көп санды бөлігі 1867 жылы Майлы-Жайырға көшкенде, Күнеш, Іргебай, Байбосын, Баймұрат ауылдары жантекей Жұртбай мырзамен құдандалы болғандықтан, сол ауылға қара тартып қалып қояды да, Қыран өзенінің Ертіске құйғанынан өрлей көшіп, Ертіс пен Қыран бойындағы керейдің Базарқұл, Есіркеп, Шақабай, Тасбике руларымен бірге қыстап, жайлап мөлшермен отыз жылдай уақыт көрші отырған. Бұл отыз жылда «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» тыныш заман орнап, елдің мал мен басы шалқып өскенімен, малы мен жаны өскен елдің жері өспеген соң, жаз жайлау мен қыс қыстауға сиыспай дау-шар да өрши түскен.

Уақ елінің Алтай өңіріне қоныстану мәселесі ғылыми әдебиетте толық әрі жүйелі түрде зерттелген тақырыптардың қатарына жатпайды. Бұл мәселе көбіне жалпы қазақ руларының көші-қон тарихы мен этникалық құрамын қарастырған еңбектерде ішінара ғана сөз болады. Қолда бар деректер негізінен шежірелік жазбалар мен ауызша тарихи мәліметтер түрінде сақталған. Мұндай деректерде уақ елінің Алтай өңіріне келуі басқа рулардың (керей, найман) тарихымен қатарласа баяндалып, дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, Алтай өңіріндегі қазақ руларының көші-қоны туралы мәліметтер бірқатар шежірелерде («Уақ шежіресі», «Абақ керей (төр шежіре)», «Барқы шежіресі», «Қазақ шежірелері» және «Моңғолия қазақтарының тарихы») көрініс тапқанымен, бұл еңбектерде тарихи деректердің жүйелі талдауы мен салыстырмалы сараптамасы жасалмаған. Сондай-ақ, Қытай деректеріндегі мысалы, «Цин ши лу» уақ руларына қатысты мәліметтер деректанулық тұрғыдан айналымға толық енгізілмеген.

Сондықтан да уақ елінің Алтай өңіріне қоныстану мәселесі бұрын-соңды ішінара қарастырылғанымен, оны деректік және тарихнамалық негізде кешенді түрде зерттеу жұмысы арнайы деңгейде жүргізілмеген. Осыған байланысты тақырып қазіргі таңда өзекті әрі ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет ететін бағыт болып табылады.

Нәтижелер

1836 жылғы құрылтайда белгіленген абақ керейдің «Төрт би-төре» сынды басқару жүйесінде елдің түтін саны өлшем етілетін. 1885 жылдан соң мың түтінге тәйжі, 500 түтінге үкірдай, 200 түтінге залың, жүз түтінге толған руларға зәңгі лауазымын беру сынды билік жүйесі толық қалыптасқан болатын. Абақ керей елінің кемелді билік жүйесінде гуң (немесе уаң) әр жылы өзіне қарасты абақ керей руынан 1000 қой алым алатын болған. Ал өзге лауазымды ұлықтардың өзіне қарасты елден алатын алымы: тәйжі 400 қой, үкірдай 100 қой, залың 30 қой, зәңгі 20 қой, жүзбасы 10 қой деп белгіленген (Жанәбілұлы, Жусанбаев, 2011: 96). Жүзбасыдан төмен елубасы лауазымы да болған. Дегенмен зәңгіні «Қытай қазақтары арасында қолданылған ең төменгі әкімшілік лауазым» (ҚҰЭ, 2002: 181) деп атаған. Зәңгілер алғашқыда жоғарыдан тағайындалса, XX ғасырдың басында шар тастау жолымен де сайланған. Іле қазақтары Тарбағатай амбанынан бөлініп, Іле генералына қарасты болған соң бұрынғы болыс лауазымын ақалақшы (мыңбасы) деп атаса, Алтай қазақтары тәйжі деп атады. Майлы-Жайырда қоныстанған керейлерде үкірдай, ілгідай (залың дәрежелес), зәңгі аталған билік мансап болған (Жанәбілұлы, Жусанбаев, 2011: 73).

Осы билік жүйесіне сәйкес Әбілқасым Байбосынұлы Алтай бетіндегі уақтардың түтін санының 1900 жылы 106 отбасы болғанын, аты-жөні бойынша тізімдеп, өзінің сол кездегі керейдің төрт биінің бірі Мәми бейсімен болған тонның ішкі бауындай қатынасына сүйеніп, Алтай бетіндегі уақтардың бір зәңгі ел болғанын Цин үкіметінің жергілікті билеушілеріне бекіттіріп алған, зәңгілік көктас алған.

Би мен ханы мақұл болғанымен бір зәңгі елдің жерін тұрақты сақтап отыру оңай болмайды. Он екі абақ керейдің шоғырлы қоныстанған кіндікті жері саналатын Ертіс пен Қыран бойынан уақтың бір зәңгі елі сиятын жер табыла қоюы екталай еді. Кейін келе жантекейдің жеті байжігіт деп аталатын ұрпақтары Бурылтоғай өзенінің бойына келіп қоныстанады. Сол рудың Рүстем деген азулы биі уақ Әбілқасыммен жақын дос болған екен, осыған байланысты Әбілқасым 1901 жылы өзіне қарасты төрт түтінді бастап Бурылтоғай өзенінің Жалпақ деп аталатын шилі жазығына жақын Қызылүйңкі деген жерді қоныстанып,

қыстау салады. Жалпаққа бұдан бұрын Есен руымен бірге Дауылбай, Қожақұл, Кенебай ауылдары, Елшібай руымен бірге Қайырбай, Балғабай ауылдары, Тобыл руымен бірге Қиса ауылдары және басқа да уақтың бытыраған отбасылары келіп орналасқан екен. 1902 жылы Баймұрат ауылы мен Күнеш ауылындағы он алты түтін Шығанжидедегі Шоңай ауылдарына қара тартып көшіп келді. Осылайша Алтай бетіндегі уақтар негізінен Бурылтоғай өзенінің Жалпақ деген жерінен өрлей Танбалыағашқа дейінгі жантекейдің жеті байжігіт аталарымен аралас-құралас қоныстана бастады.

1902 жылы қоңыр күзде Баймұрат ауылына жиналған уақ азаматтары моңғол, қытай тілдерін білетін, уақтың басын қосып бір зәңгі ел құрамын ден жүрген 51 жастағы Әбілқасым Байбосынұлын уақ руының тұңғыш зәңгісі етіп сайлады. Уақ елі Бурылтоғайдағы байжігітке қарасты алты зәңгі елдің біріне айналды. Ал Балбағайдағы Шағанбай ауылы (Шағанбай Күйкебайұлы 1886 жылы туып, 1962 жылы Алтай ауданына қарасты Мөңке деген жерде 76 жасында дүниеден өткен. Ол турашыл, көптің қамын ойлайтын, жоқ-жітікке көмектесетін, өзіндегіні аямайтын, ойламды, ақылмен іс істейтін, өз заманының алғабасар адамы болған. Бурылтоғайға қоныстанған уақ елі қыстаубай руының Сәлімбақы деген үкірдайына алым-салық төлеп тұрған. Сөйтіп, Шағанбай Күйкебайұлы 23 жасында Сәлімақынның көзіне түсе бастайды. Артынша Сарсүмбе қалашығына қарасты өңірге бытырай қоныстанған уақтарға би болып сайланып, осы ауыл Шағанбай ауылы деп атала бастаған), Шіңгілдің Шағанқолындағы аздаған уақтар өз жерінде тұрғанымен, уақ зәңгісіне алмандас болатын болып тұрақтанды.

Біз Әбілқасым 1902 жылы зәңгі болған деген меже есепті зәңгілердің билікте болған жылдары негізінде есептеп шығардық. Тарихшы Нығмет Мыңжани: «1883–1905 жылдары Алтай мен Қобда ерекше аймақ болып тұрғанда, жоғарыдағы бес адамдық басқару тәртіптемесі жеті адамдық басқаруға ауысты. Яғни: бір гуң, екі амбан, төрт үкірдай болды. 1905 жылдан бастап жоғарыдағы жеті адамның қол астындағы әрбір кіші руға бірден зәңгі белгіленді» (Мыңжан, 2009: 442) деп көрсеткен еді. «1885 жылы он екі абақ керейдің әрбір кіші руынан бірден зәңгі (жүзбасы) белгіленіп, олар өз руларын басқару жұмыстарына араласады» (Мұқаметжанұлы, 2000: 149).

Бурылтоғай ауданындағы жантекейдің бір атасы шоңай шежіресінде Мәми бейсінің құрдасы Ібірәлі зәңгі 42 жасында зәңгі болғаны айтылған. Ол кісі 1856 жылы туып, 1918–1919 жылдары аралығында қайтыс болған. Зәңгі болған уақыты шамамен 1897 немесе 1898 жылдарға тура келеді. Бұдан тыс, елшібай руының зәңгісі Қалқажан деген адам 1883 жылы Бөке батыр ауған кезде зәңгі болған деген деректер халық жадында сақталған. Бұл ауызекі деректер Алтай керейінде зәңгілік тәртіптеменің 1900 жылдан бұрын болғанын растайды.

Әбілқасым зәңгі болғаннан кейін Мәми бейсі Жұртбайұлына амандаса барып, ақыл сұрағанда, ел басқарудың тамаша ақыл-айласын топтаған сартабан би «саған үш ауыз ақыл айтайын, басқаның жөнін өзің келтірерсің» дей келіп: «Әуелі, уақ сен керейге ағамын дегеніңмен түп қазығың кейін қалды, Алтай бетіне келгендерің аз, сондықтан бір-бірінен қыз алып, қыз беретін болмасын. Сонда өмір бойы туысқан болып өтеді; одан кейін, Бурылтоғайға жиналған уақтардың әр ауылы жеті байжігіт аталатын Азынабай, Бекайдар, Қыстаубай, Жайылған, Тұрпан, Турабай, Боқайдың бір-бір атасымен қоныстас болсын, сонда құда көбейіп, береке берік болады; соңында айтарым, сен өзің орным бекем болсын десен, билігіңді түзе, елім бауырымнан шықпасын десен, барыс-келісті үзбе» депті. Қазірге дейін Алтай уақтары бір-бірінен қыз алысқан жоқ. Ағайынмен араздасып ел аттап ауған жоқ. Өздерінің атамекенінде жасап, ұлты мен руы кім болса да, шығысымды ел болып келді.

Әбілқасымды керейдің Мәми биінен бастап «Әбжең» деп атап кеткен деседі. Әбілқасым зәңгі 1912 жылы жазғытұрым 61 жасында қайтыс болады. 1915 жылы 27 жастағы Жүнісбай Баймұратұлы (1888–1954) уақтың екінші реткі зәңгісі етіп сайланады. Жүнісбай билеген тұста Алтайда Ақ орыстың зобалаңы, Дүңген төңкерісі (1931 – 1934 жылдары милитарист Ма Жуңыңның (马仲英) армиясы Шыңжаң аумағындағы мығым күштердің бірі ретінде Жинь Шурын, Шың Шыңайлардың дара билігіне қарсы күрес өрістетті. Қазақ халық бұл тарихи жағдайды “Дүңген төңкерісі” деп атады), Гоминдаң үкіметінің мылтық жинаудан

басталған Алтай қазақтарының көтерілісі туындайды. Сөйтіп, 1918–1934 жылдары аралығында уақтар Моңғолияның Алтынсүкі, Сәкісай, Қобда, Боршүнжы секілді жерлеріне қоныс аударады. Артынша қайта айналып атамекеніне елі мен малын аман әкеп орналастырды. 1940 жылы Жүнісбай 25 жыл уаққа зәңгі болып, өзінің баласы Қалымға зәңгілік көктасын береді.

Сонымен Алтай бетіне келген уақтардың түрлі себептермен басқа жакқа ауып кеткендерінен қалғандары, зәңгі сайлаған 1902 жылы бір жүз алты түтін, төрт жүзге жуық жан саны болса, ал қазір 900 отбасы, бес мыңнан астам адам бар іргелі руға айналып отыр.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде уақ тайпасының Алтай өңіріне қоныстануы – қазақ халқының этникалық және территориялық қалыптасуындағы маңызды тарихи үдерістердің бірі екендігі айқындалды. Шежірелік деректер мен жазба материалдарды өзара салыстыра талдау уақтардың Алтайға алғашқылардың бірі болып келгенін көрсетеді. Шежірелерде сақталған «алдымен уақ келді, артынан керей мен найман шуап келді» деген халық жадындағы дерек тарихи оқиғалардың халықтық жадтағы көрінісі ретінде уақтардың ертеден осы өңірде өмір сүргендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, Цин әулетінің мұрағаттық жазбалары мен отандық зерттеушілердің еңбектері уақтардың XVIII ғасырдың екінші жартысында Алтайдағы этникалық құрылымның қалыптасуына белсенді түрде қатысқанын растайды. Бұл кезеңде уақтар Алтайдың солтүстік және батыс бөлігіне шоғырланып, кейінгі қазақ руларының орналасуына негіз болған.

Қорыта айтқанда, уақтардың Алтайға қоныстануы тек жеке бір рудың көші-қон тарихын ғана емес, жалпы қазақ халқының этногенезі мен аймақтық тарихының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл зерттеу Алтай өңірінің қазақ этносының тарихи-мәдени кеңістігіндегі орнын нақтылауға, шежірелік және жазба деректердің өзара байланысын ғылыми тұрғыда пайымдауға мүмкіндік береді. Уақтардың Алтайға қоныстануы қазақ руларының аймақтық орналасу жүйесінің тарихи бастауын айқындайды және Алтай өңірінің қазақ этногенезіндегі маңызын да дәлелдей түседі.

Әдебиеттер тізімі

- Байақынұлы, 2008 — *Байақынұлы Қ. (құраст.)*. Алтай уақтары шежіресі. ШҰАР ІБ №180. Үрімжі, 2008 ж. қыркүйек.
- Байболатов, 1999 — *Байболатов Ә.* Қазақ шежірелері. 2-том. Іле халық баспасы, Күйтін, 1999.
- Барқы шежіресі — *ШҰАР ІБ*. Үрімжі. 2011. № 141.
- Әбділәшімұлы, 2014 — *Дүйсенәлі Әбділәшімұлы*. «Көгедай гуңның өліміне қатысты арыз хат» // Мырзаханов Ж. XX ғасыр әдебиет қамбасы. Мақалалар жинағы. Ұлттар баспасы, Бейжің, 2014.
- Еңсебаев, 2001 — *Еңсебаев Т.А.* Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер. Бірінші бөлім: Көне дәуірден XX ғасырға дейін. Аударғандар: Ақылбек Г.Б., Кешубай Л.Ш. Қаныш Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамы қоғамдық қоры. Павлодар, 2001.
- Жанәбілұлы, Жусанбаев, 2011 — *Жанәбілұлы Қ., Жусанбаев Қ.* Абақ керей (төр шежіре) ІХБ, 3-басылым, Күйтін, 2011.
- Жанұзақ, 2011 — *Жанұзақ Т.* Жер-су атаулары. Өнер баспасы, Алматы, 2011. 493 с.
- Қаба, 2003 — *Қаба тарихи материалдары*. 1-кітап. Қытай халық саяси-мәслихат кеңесі Қаба аудандық комитетінің тарихи материалдар комитеті. Ақши қалашығы, 2003. (ШҰАР ІБ № 135).
- Қабышұлы, 1980 — *Қабышұлы И.* Моңғолия қазақтарының тарихы, Өлгий, 1980.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2014 — *Қазақ ру-тайпаларының тарихы*: Керей. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы және Ер Жәнібек халықаралық қоры. Алматы, 2014.
- Қазақтар, 1998 — *Қазақтар* – Казахи. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 3-том: Генеалогия. Қазақстан даму институты, ІДК ТІРО баспа-редакциялық орталығы, Алматы, 1998.
- Қалиасқарұлы, 2011 — *Қалиасқарұлы Қабидаш*. Абақ керейлердің қоныстануы. Кегеу.kz ақпараттық-танымдық порталы; сондай-ақ: Қадыс Жанәбілұлы, Қоңырхан Жусанбаев. Абақ керей (Төр шежіре). Іле халық баспасы, 3-басылым, Күйтін, 2011, 44–45 бб.
- Қаракерей шежіресі, 2012 — *Қаракерей шежіресі*: Байжігіт – Жұмық – Саты тармағы. 4-том. Құраст.: Мүсәйіп Қыдырқанұлы Сыдықов. Павлодар, 2012.
- ҚҰЭ, 2002 — *Қазақстан: Ұлттық энциклопедия*. 10 т. 4-том. Бас редактор: Ә. Нысанбаев. Алматы, 2002.
- Мешелева, Темірханов, 2009 — *Мешелева М., Темірханов Б.* Қарт Алтай аясында ару Марқа. Шығыс Полиграф, Өскемен, 2009.

- Мұқаметжанұлы, 2000 — *Мұқаметжанұлы Н.* Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920). ҚАЗАқпарат, Алматы, 2000.
- Мұқанов, 1994 — *Мұқанов М.С.* Қазақ жерінің тарихы. Алматы, 1994.
- Мыңжан, 2009 — *Мыңжан Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Шыңжаң халық баспасы, 2009.
- Мыңжан, Байболатов, 2009 — *Мыңжан Н., Байболатов Ә.* Қазақ шежірелері, 1-том, ІХБ, 1994 жыл сәуір 1-баспасы, 2009 жылы тамыз 2-басылуы.
- Сун Юнь, 1965 — *Сун Юнь.* Батыс өлкелерді басқару істерінің жалпы сипаттамасы. Тайпей: Вэньхай баспасы, 1965. (松筠等著:《西陲总统事略》,台北,文海出版社,1965年).
- Сыздықов, 2000 — *Сыздықов С.М.* Қарлық мемлекетінің тарихы. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000.
- Таңатарұлы, 2011 — *Таңатарұлы Қ.* Арман да, арман, шын арман (дастандар, айтыстар, өлең-толғаулар). Ел-Шежіре, Алматы, 2011.
- Татанайұлы, 1987 — *Татанайұлы А.* Тарихи дерек, келелі кеңес. 1-кітап. Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі, 1987.
- Татанайұлы, 1996 — *Татанайұлы А.* Тарихи дерек, келелі кеңес. 2-кітап. Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі, 1996.
- ЦШЛ, 2007 — *Цин патшалығының нақты орда естеліктері.* Шыңжаңға қатысты деректер жинағы. Тунчжи патша. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы, Шыңжаң университеті баспасы, 2007. («清实录»新疆资料辑录, 同治朝卷, 新疆社会科学院历史研究所编, 新疆大学出版社, 2007).
- ЦШЛ, 2008 — *Цин патшалығының нақты орда естеліктері.* Шыңжаңға қатысты деректер жинағы. Даогуан патша ц.1. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы, Шыңжаң университеті баспасы, 2008. («清实录»新疆资料辑录, 道光朝卷一, 新疆社会科学院历史研究所编, 新疆大学出版社, 2008).
- ЦШЛ, 2009а — *Цин патшалығының нақты орда естеліктері.* Шыңжаңға қатысты деректер жинағы. Даогуан патша ц. 2. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы, Шыңжаң университеті баспасы, 2009. («清实录»新疆资料辑录, 道光朝卷二, 新疆社会科学院历史研究所编, 新疆大学出版社, 2009).
- ЦШЛ, 2009б — *Цин патшалығының нақты орда естеліктері.* Шыңжаңға қатысты деректер жинағы. Даогуан патша ц.3. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы, Шыңжаң университеті баспасы, 2009. («清实录»新疆资料辑录, 道光朝卷三, 新疆社会科学院历史研究所编, 新疆大学出版社, 2009).
- ЦШЛ, 2009в — *Цин патшалығының нақты орда естеліктері.* Шыңжаңға қатысты деректер жинағы. Даогуан патша ц.3. Сяңфэн патша ц. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясы, Шыңжаң университеті баспасы, 2009. («清实录»新疆资料辑录, 道光朝卷三成丰朝卷, 新疆社会科学院历史研究所编, 新疆大学出版社, 2009).
- Ырғайбайұлы, 1995 — *Ырғайбайұлы И.* Уақ шежіресі. ШҰАР ІБ № 2677, Шәуешек қаласы, 1995.
- Noda, Onuma, 2010 — *Noda J., Onuma T.* A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. University of Tokyo, 2010.

References

- Abdilashimuly, 2014 — *Duysenali Abdilashimuly.* Kögedai Güñ ölümüne baylanysty ötiniş turaly [On the Petition Concerning the Death of Kogedai Gung]. In: Myrzakhanov, Zh. (ed.) XX ғасыр әдебиет қазынасы [Treasury of 20th Century Literature]. Beijing: Nationalities Press, 2014. (In Kaz.).
- Baiakynuly, 2008 — *Baiakynuly K. (comp.)* Altai Uaq shezhire [The Genealogy of the Altai Uaqs]. Xinjiang Institute of History, Urumqi, 2008. No. 180. (In Kaz.).
- Baibolatov, 1999 — *Baibolatov A.* Qazaq shezhireleri [Kazakh Genealogies]. Vol. 2. Kuitun: Ili People's Publishing House, 1999. (In Kaz.).
- Barky Shezhire, 2011 — *Barky shezhire* [The Genealogy of Barky]. Xinjiang Uygur Autonomous Region Institute of History. Urumqi, 2011. No. 141. (In Kaz.).
- Kabushyuly, 1980 — *Kabushyuly I.* Mongol qazaqtarynyñ tarihy [The History of the Mongolian Kazakhs]. Ölgii, 1980. (In Kaz.).
- Mesheleva, Temirkhanov, 2009 — *Mesheleva M., Temirkhanov B.* Ejelgi Altai eli – Kōrkem Marka [In the Realm of Ancient Altai – Beautiful Marka]. Öskemen: East Polygraph, 2009. (In Kaz.).
- Mukanov, 1994 — *Mukanov M.S.* Qazaq jerleriniñ tarihy [The History of Kazakh Lands]. Almaty, 1994. (In Kaz.).
- Mukhametzhanyuly, 2000 — *Mukhametzhanyuly N.* Qytai qazaqtarynyñ әleumettik tarihy (1860–1920) [The Social History of the Kazakhs in China (1860–1920)]. Almaty: QAZAqparat, 2000. (In Kaz.).
- Mynzhan, 2009 — *Mynzhan N.* Qazaqtyñ qysqa tarihy [A Brief History of the Kazakhs]. Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 2009. (In Kaz.).
- Mynzhan, Baibolatov, 2009 — *Mynzhan N., Baibolatov A.* Qazaq shezhireleri [Kazakh Genealogies]. Vol. 1. Ili People's Publishing House, 1st ed. 1994 (April); 2nd ed. 2009 (August). (In Kaz.).
- Noda, Onuma, 2010 — *Noda J., Onuma T.* A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. University of Tokyo, 2010.
- Nysanbaev, 2002 — *Nysanbaev A. (ed.)* Qazaqstan: Ulttyq entsiklopediya [Kazakhstan: National Encyclopedia]. Vol. 4. Almaty, 2002. (In Kaz.).
- Qaba, 2023 — *CPPCC Qaba District Historical Materials Committee.* Qaba tarihi materialdary [Qaba Historical Materials]. Vol. 1. Xinjiang Institute of History, Aqshi, 2003. No. 135. (In Kaz.).

- Qaliasqaruly, 2011 — *Qaliasqaruly T.Q.* Abaq Kereilderiñ qonystanuy [Settlement of the Abaq Kereis]. In: Zhanabiluly, Q., Zhusanbaev, Q. (comps.) Abaq Kerei (Tor shezhire) [Abaq Kerei (Tor Genealogy)]. 3rd ed. Kuitun: Ili People's Publishing House, 2011, pp. 44–45. (In Kaz.).
- Qarakerei shezhire, 2012 — *Qarakerei shezhire*: Baizhigit–Zhummyk–Saty tarmaǵy [The Genealogy of the Karakerei: Branch of Baizhigit–Zhummyk–Saty]. Comp. Musaiyp Kydyrkanuly Sydykov. Pavlodar, 2012. Vol. 4. (In Kaz.).
- Qazaq ru-taypalarınıñ tarihy, 2014 — *Qazaq ru-taypalarınıñ tarihy*: Kerei [The History of Kazakh Tribes and Clans: The Kerei]. Almaty: “Alash” Historical Research Center and Yer Zhanibek Charitable Foundation, 2014. (In Kaz.).
- Qazaqtar, 1998 — *Qazaqtar* [The Kazakhs]. Nine-volume reference work for the public. Vol. 3: Shezhire [Genealogy]. Almaty: Kazakhstan Institute for Development, IDK TIPO Editorial Center, 1998. (In Kazakh and Russian)
- QSRL, 2007 — *Da Qing shilu*: Xinjiang guanxi ziliao huibian. Tongzhi chao [The Qing Veritable Records: Collection of Data Related to Xinjiang. Tongzhi Reign]. Urumqi: Xinjiang University Press, Xinjiang Academy of Social Sciences, 2007. (In Chinese).
- QSRL, 2008 — *Da Qing shilu*: Xinjiang guanxi ziliao huibian. Daoguang chao [The Qing Veritable Records: Collection of Data Related to Xinjiang. Daoguang Reign, Vol. 1]. Urumqi: Xinjiang University Press, Xinjiang Academy of Social Sciences, 2008. (In Chinese).
- QSRL, 2009a — *Da Qing shilu*: Xinjiang guanxi ziliao huibian. Daoguang chao, Vol. 2 [The Qing Veritable Records: Collection of Data Related to Xinjiang. Daoguang Reign, Vol. 2]. Urumqi: Xinjiang University Press, Xinjiang Academy of Social Sciences, 2009. (In Chinese).
- QSRL, 2009b — *Da Qing shilu*: Xinjiang guanxi ziliao huibian. Daoguang chao, Vol. 3 [The Qing Veritable Records: Collection of Data Related to Xinjiang. Daoguang Reign, Vol. 3]. Urumqi: Xinjiang University Press, Xinjiang Academy of Social Sciences, 2009. (In Chinese).
- QSRL, 2009c — *Da Qing shilu*: Xinjiang guanxi ziliao huibian. Daoguang chao Vol. 3 – Xianfeng chao [The Qing Veritable Records: Collection of Data Related to Xinjiang. Daoguang Reign, Vol. 3 – Xianfeng Reign]. Urumqi: Xinjiang University Press, Xinjiang Academy of Social Sciences, 2009. (In Chinese).
- Sun Yun, 1965 — *Sun Yun*. Xiyu zhi gailue [A General Description of the Administration of the Western Regions]. Taipei: Wenhai Publishing House, 1965. (In Chinese).
- Syzdikov, 2000 — *Syzdikov S.M.* Qarluq memleketiniñ tarihy [The History of the Karluk State]. Almaty: QAZaqparat, 2000. (In Kaz.).
- Tangataruly, 2011 — *Tangataruly K.* Tüs jāne aqıqat tūs (epostary, suirettemeler men öleñder) [Dream and True Dream (Epics, Improvisations, and Poems)]. Almaty: El-Shezhire Publishing, 2011. (In Kaz.).
- Tatanaiuly, 1987 — *Tatanaiuly A.* Tarihi derekter men mañyzdy talqylaular [Historical Sources and Important Discussions]. Vol. 1. Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 1987. (In Kaz.).
- Tatanaiuly, 1996 — *Tatanaiuly A.* Tarihi derekter men mañyzdy talqylaular [Historical Sources and Important Discussions]. Vol. 2. Urumqi: Xinjiang People's Publishing House, 1996. (In Kaz.).
- Urgaybayuly, 1995 — *Urgaybayuly I.* Uaq shezhire [The Genealogy of the Uaq]. Xinjiang Uygur Autonomous Region Institute of History. Shaueshek, 1995. No. 2677. (In Kaz.).
- Yengsebaev, 2001 — *Yengsebaev T.A.* Pavlodar öñiriniñ tarihyndan oçerkter: Eñ erte kezden XX ğasyrğa deiiñ [Essays on the History of the Pavlodar Region: From Ancient Times to the 20th Century]. Translated by Akylbek G.B., and Keshubai L.Sh. Pavlodar: Qanysh Satpayev Historical-Geographical Society, 2001. (In Kaz.).
- Zhanabiluly, Zhusanbaev, 2011 — *Zhanabiluly Q., Zhusanbaev Q.* Abaq Kerei (Tor shezhire) [Abaq Kerei (Tor Genealogy)]. 3rd ed. Kuitun: Ili People's Publishing House, 2011. (In Kaz.).
- Zhanuzak, 2011 — *Zhanuzak T.* Toponimder [Place Names]. Almaty: Oner Publishing House, 2011. 493 p. (In Kaz.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 5, pp. 1376-1392, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1376-1392

THE IMPACT OF THE 1868 REFORM ON THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY: ADMINISTRATIVE TRANSFORMATIONS AND RELIGIOUS POLICY

Zhetpisbay Nurzhan¹, Shotanova Galiya^{2*}, Satenova Maral³

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Kazakhstan)
PhD, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: sh.galiya08@gmail.com

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Senior Researcher
 <https://orcid.org/0000-0001-9929-2610>. E-mail: mr_satenova@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Zhetpisbay N., Shotanova G., Satenova M., 2025

Abstract. Introduction. The article examines the reforms of 1867–1868 implemented by the Russian Empire in the Kazakh steppe and their impact on the socio-political structure of the region. *The purpose of this study* is to analyze, based on archival and other historical materials, the preconditions, content, and consequences of the 1868 reform in the Kazakh steppe. The article examines the main provisions of the reform concerning the administrative organization and religious affairs of the Kazakh population. To identify the consequences of the reforms for the traditional institutions of power, particularly in the spheres of education and religion of the local population. *Materials and Methods.* This article draws on extensive archival materials from the Russian State Historical Archive, the State Archive of the Orenburg Region, and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, as well as on the works of pre-revolutionary, Soviet, and contemporary scholars. Particular attention is paid to sections of the explanatory memorandum to the “New Regulation” (1867–1868), which outlined the mechanisms for introducing Russian education and Orthodoxy into the Kazakh steppe. These confidential notes, prepared by the drafters of the Regulation, have largely remained outside the scope of academic attention in previous studies. The research applies comparative-historical and systemic approaches, which allow the 1867–1868 reform to be analyzed as part of the broader colonial policy of the Russian Empire. Such methods help reveal the distinctive features of the reform and its influence on traditional social and religious institutions of Kazakh society. A comprehensive analytical framework ensures a holistic understanding of the reform’s nature, its administrative and ideological dimensions, and its long-term consequences for the political and cultural transformation of the Kazakh steppe. *Results.* The study demonstrates that the

“Provisional Regulation” of 1867–1868 represented a distinctly colonial measure aimed at dismantling and fundamentally transforming the traditional structure of Kazakh society. The reform had a profound impact on the established system of governance, the social and economic organization of nomadic communities, their educational traditions, religious life, and other elements of cultural identity. Through these administrative transformations, Kazakh communities were gradually integrated into the imperial system of governance, where land ownership, administration, education, and religious affairs were regulated according to Russian imperial laws and norms. Despite being presented as measures of modernization, these reforms primarily served to strengthen the political and ideological control of the empire over the Kazakh steppe. Overall, the Provisional Regulation marked the beginning of a new era in the socio-political development of the Kazakh people, bringing deep and lasting changes to almost every aspect of their traditional life. The results highlight the importance of a comprehensive, interdisciplinary analysis of this historical period, considering the interconnection between colonial policy, education, religion, and the transformation of traditional institutions.

Keywords: Reforms of 1867–1868, Provisional Regulation of 1868, Kazakh Steppe, Colonial Policy, Uprising of 1869, Ural Region, Turgay Region, Russian Empire

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “The uprising of 1869 on the territory of Western Kazakhstan on the basis of new archival materials” (Registration number AP19679738).

For citation: Zhetspisbay N., Shotanova G., Satenova M. The Impact of the 1868 Reform on the Traditional Kazakh Society: Administrative Transformations and Religious Policy // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 5. Pp. 1376–1392. (In Russ.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1376-1392

1868 ж. РЕФОРМАНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ӘСЕРІ: ӘКІМШІЛІК ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ДІН САЯСАТЫ

Жетпісбай Нұржан¹, Шотанова Ғалия^{2*}, Сатенова Марал³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: sh.galiya08@gmail.com

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-9929-2610>. E-mail: mr_satenova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Жетпісбай Н., Шотанова Ғ., Сатенова М., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Ресей империясының 1867–1868 жж. қазақ даласында жүргізген реформалары және олардың өңірдің әлеуметтік-саяси құрылымына тигізген әсері қарастырылады. Мақаланың *мақсаты мен міндеттері* – архивтік және өзге де материалдар негізінде 1868 ж. реформаның алғышарттарын, мазмұнын және салдарын көрсету. Реформаның қазақтардың әкімшілік құрылымы мен діни істеріне қатысты негізгі тұстарын қарастыру. Сондай-ақ, реформалардың дәстүрлі билік институттарына, әсіресе жергілікті

тұрғындардың білім беру және діни істеріне әсерін көрсету. *Материалдар мен әдістер.* Мақала архив құжаттарына (Ресей мемлекеттік тарихи архиві, Орынбор облысының мемлекеттік архиві және ҚР Орталық мемлекеттік архиві қорлары), сондай-ақ төңкеріске дейінгі, кеңестік және қазіргі заман зерттеушілерінің еңбектеріне негізделген. Архив дереккөздері қатарында «Жаңа Ережеге» қоса берілген түсіндірме жазбаның жекелеген тұстары да пайдаланылды, онда қазақ даласында орыс білімін және православие дінін енгізудің жолдары жан-жақты баяндалған. Ереже авторлары даярлаған бұл құпия жазбалар көп жағдайда зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді. Зерттеу барысында реформаны Ресей империясының жалпы отарлық саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи және жүйелі тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер реформалардың ерекшеліктерін және олардың әлеуметтік институттарға ықпалын айқындауға мүмкіндік береді. Кешенді тәсіл реформаның мәнін және оның қазақ даласы үшін салдарын тұтастай түсінуге жағдай жасайды. *Зерттеу нәтижесінде* 1867–1868 жж. «Уақытша Ереженің» айқын отарлық сипатқа ие болғаны және оның қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгерту мен жоюға бағытталғаны анықталды. Ол қазақтардың дәстүрлі басқару жүйесіне, әлеуметтік-қоғамдық құрылымына, шаруашылығына, дәстүрлі білім беру мен діни сенімдеріне, сондай-ақ өзіндік ұлттық болмысының өзге де қырларына тікелей әсер етті. Жүргізілген реформалардың нәтижесінде қазақ қауымдары барлық негізгі салалар бойынша империялық басқару жүйесіне енгізілді; жер қатынастары, әкімшілік, білім беру және діни істері Ресей заңдары мен нұсқауларына сай реттелді. Жалпы реформа қазақтардың әлеуметтік-саяси өмірінде жаңа кезеңнің басталғанын білдіріп, жергілікті халық өмірінің барлық дерлік салаларын қамтыды. Аталған тарихи кезеңді жан-жақты зерттеу қажеттігін атап өтеміз.

Түйін сөздер: 1867–1868 жж. реформалар, 1868 ж. Уақытша Ереже, қазақ даласы, отарлау саясаты, 1869 ж. көтеріліс, Орал облысы, Торға облысы, Ресей империясы

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1869 ж. Батыс Қазақстан аумағында болған көтеріліс жаңа архивтік материалдар негізінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP19679738).

Дәйексөз үшін: Жетпісбай Н., Шотанова Ғ., Сатенова М. 1868 ж. реформаның дәстүрлі қазақ қоғамына әсері: әкімшілік өзгерістер мен дін саясаты // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. 1376–1392 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1376-1392

ВЛИЯНИЕ РЕФОРМЫ 1868 г. НА ТРАДИЦИОННОЕ ОБЩЕСТВО КАЗАХОВ: АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ И РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА

Жетписбай Нуржан¹, Шотанова Галия^{2*}, Сатенова Марал³

¹Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: sh.galiya08@gmail.com

³Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD, старший научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0001-9929-2610>. E-mail: mr_satenova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Жетписбай Н., Шотанова Г., Сатенова М., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются реформы 1867–1868 гг., проведенные Российской империей в казахской степи и их влияние на социально-политическую структуру региона. *Цели и задачи* статьи на основе архивных и других материалов проанализировать предпосылки, содержание и последствия реформы 1868 г. в казахской степи. Рассмотреть ее основные положения, касающиеся административного устройства и духовных дел казахов. Указать последствия реформ для традиционных институтов власти, особенно в сфере образования и религии местного населения. *Материалы и методы.* Статья основана на архивных документах (фонды Российского государственного исторического архива, Государственного архива Оренбургской области, Центрального государственного архива РК), также на труды дореволюционных, советских и современных исследователей. В числе архивных источников также используется некоторые части пояснительной записки к «Новому Положению», где подробно указываются пути внедрения русского образования и православия в казахской степи. Эти секретные записки от составителей Положения в большей части оставались вне поле зрения исследователей в подобных публикациях. Применяются сравнительно-исторический и системный подходы, позволяющие рассматривать реформу как часть общей колониальной политики Российской империи. Данные методы также позволяют выявить особенности реформ и их влияние на социальные институты. Комплексный подход обеспечивает целостное понимание сущности реформы и ее последствий для казахской степи. *Результаты.* Установлено, что «Временное положение» 1867–1868 гг. носило ярко выраженный колониальный характер и было направлено на ликвидацию и коренное преобразование традиционного уклада казахского общества. Оно оказывало прямое воздействие на традиционную систему управления казахов, на их социальное и общественное устройство, хозяйственную деятельность, традиционное образование, религиозные верования, также и на другие аспекты национальной самобытности. Вследствие проведенных реформ казахские общины во всех ключевых сферах были интегрированы в систему имперского управления, где земельные, административные, образовательные и религиозные отношения регулировались по российским законам и установлениям. В целом, реформа ознаменовала начало совершенно нового этапа в социально-политической жизни казахов и затрагивали практически все стороны жизни местного населения. Предлагается всестороннее исследование данного периода в истории казахского народа во всех аспектах.

Ключевые слова: Реформы 1867–1868 гг., Временное положение 1868 г., казахская степь, колониальная политика, восстание 1869 г., Уральская область, Тургайская область, Российская империя

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования РК «Восстание 1869 г. в Западном Казахстане на основе новых архивных материалов» (регистрационный номер: AP19679738).

Для цитирования: Жетписбай Н., Шотанова Г., Сатенова М. Влияние реформы 1868 г. на традиционное общество казахов: административные преобразования и религиозная политика // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1376–1392. (На Русс.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1376-1392

Введение

Вторая половина XIX века стала переломным этапом в истории Казахстана, когда Российская империя окончательно оформила систему колониального управления на обширных территориях Центральной Азии. Одним из важнейших этапов этого процесса стала принятая в 1868 г. административная реформа, известная как «Временное положение об управлении степными областями», ставшая в свою очередь важным этапом в процессе окончательного подчинения казахской степи имперскому управлению (в 1867 г. было принято «Временное положение об управлении Семиреченской и Сырдарьинской областями»). Эти

преобразования имели далеко идущие последствия: они затронули традиционную систему власти, социальные отношения, хозяйственный уклад, образовательные и религиозные институты, то есть весь комплекс основ национальной самобытности казахского общества.

Реформа ликвидировала прежнюю систему местного самоуправления, при которой управление осуществлялось старшими султанами и биями, и ввела вместо нее административную структуру, полностью соответствующую внутреннему устройству Российской империи. Таким образом, управление казахскими территориями перешло под непосредственный контроль российских военных и чиновников. Параллельно в самой России шел масштабный процесс преобразований, связанный с реформами Александра II – отменой крепостного права, судебной реформой, преобразованиями в области армии и местного самоуправления. В этом контексте возникла задача унификации управления окраинами, в том числе и казахской степью, где империя стремилась закрепить результаты присоединения и создать правовую базу для будущей переселенческой политики.

Новое законодательство регулировало практически все стороны жизни населения степи. Были существенно изменены вековые формы быта, хозяйства и общественных отношений, что усилило зависимость казахского общества от внешнего влияния. Все земли казахов отныне объявлялась государственной собственностью (Временное положение. Б.г.: 27; РГИА. Ф. 1291. Оп. 82–1865. Д. 5а. Л. 172). Одновременно в рамках реформ предполагалось активное распространение христианства среди местного населения, что усиливало религиозное и культурное давление, которое и послужило одной из главных причин народного восстания в Западном Казахстане (РГИА. Ф. 1291. Оп. 82–1865. Д. 5в. Л. 134; ОГАОрО. Ф. 6. Оп. 10. Д. 8239. Л. 90–93; Д. 8273. Л. 3).

Актуальность темы определяется несколькими обстоятельствами. Во-первых, реформы 1867–1868 гг. стали поворотным моментом в колониальной политике империи, знаменовав окончательный отказ от прежних компромиссных форм взаимодействия с казахской элитой. Во-вторых, они оказали глубокое воздействие на административно-территориальное устройство, социальные институты и экономическую жизнь степи, вызвав заметное сопротивление со стороны местного населения. Современная историография рассматривает данный этап как ключевой для понимания механизмов российской колонизации в Центральной Азии. В целом в историографии этот вопрос получил достаточно широкое освещение, однако до сих пор сохраняется необходимость комплексного анализа, основанного не только на трудах исследователей, но и на архивных документах, которые позволяют глубже понять как замыслы реформаторов, так и реальные результаты их политики.

Материалы и методы

Основу источниковой базы исследования составляют архивные документы, отражающие процесс подготовки и реализации реформы 1868 г. Самые ранние из них датируются 1865 годом. В первую очередь это материалы Российского государственного исторического архива, где сохранились документы о создании в начале указанного года Особой комиссии с участием Военного министерства и Министерства внутренних дел России, которым поручалось комплексно исследовать быт казахского населения и подготовить новый проект управления краем. К данному комплексу относятся многочисленные документы переписки между министрами указанных ведомств Д.А. Милютиным и П.А. Валуевым, их служебные отношения с Сенатом и Императорской канцелярией по этому вопросу (РГИА. Ф. 1291. Оп. 82–1865. Д. 5а. Л. 1–13, 17–23, 36–42). Одним из важных материалов по теме является объемная «Пояснительная записка» к проекту положения из семи частей, включающая в себя положения по административному, судебному, поземельному устройствам казахов. Последние части ее посвящены мусульманству и образованию в степи, в том числе и «Секретным запискам о распространении христианства» в казахских степях (РГИА. Ф. 1291. Оп. 82–1865. Д. 5в. Л. 118–149). Также к числу использованных документов относятся корреспонденции генерал-губернатора Оренбургского края Н.А. Крыжановского с названными министерствами, а также с военными губернаторами вновь образованных

Уральской и Тургайской областей, рапорты, донесения, письма и другие материалы из Центрального Государственного архива РК и Государственного архива Оренбургской области.

В качестве методологических подходов в исследовании применены основные методы, используемые в исторических научных изысканиях. В соответствии со спецификой рассматриваемой проблемы особое внимание уделялось описательному изложению и сравнительному анализу. При изучении событий и фактов в основу были положены принципы объективности, обеспечивающие достижение исторической достоверности.

Обсуждение

Тулбасиева, 2023 — *Тулбасиева С.К.* Лишение избирательных прав в Казахстане 1920–30-х гг. XX века (на примере города Алма-Ата) // *Genesis: исторические исследования*, 2023. № 3. С. 1–12. // DOI: 10.25136/2409-868X.2023.3.37630

Федорова, 2007 — *Федорова Н.А.* Лишенцы 1920-х годов: советское сословие отверженных // *Журнал исследований социальной политики*, 2007. № 4. С. 483–496.

Фицпатрик, 2001 — *Фицпатрик Ш.* Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня / Пер. с англ. М.: РОССПЭН, 2001. 422 с.

Шмидт, 2022 — *Шмидт В.* Эмиграционное движение немецких крестьян Казахстана: факты, причины, последствия // *Восточный архив*, 2022. № 1(45). С. 76–84. // DOI: 10.31696/2072-5795-2022-1-76-84

Fitzpatrick, 1999 — *Fitzpatrick S.* Everyday Stalinism. Ordinary life in extraordinary times: Soviet Russia in the 1930s. New York: Oxford University Press, 1999. 274 p.

References

Abylkhozhin, 1991 — *Abylkhozhin Zh.B.* Tradicionnaya struktura Kazakhstana. Social'no-ekonomicheskie aspekty funkcionirovaniya i transformacii (1920–1930 gg.) [Traditional structure of Kazakhstan. Socio-economic aspects of functioning and transformation (1920–1930)]. Almaty, Nauka, 1991. 240 p. (In Russ.).

Abylkhozhin, 1997 — *Abylkhozhin Zh.B.* Ocherki sotsialno-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on the Socio-Economic History of Kazakhstan. 20th Century]. Almaty, Yuat, 1997. 360 p. (In Russ.).

Abylkhozhin, 2007 — *Abylkhozhin Zh.B.* Stalinizm i nomadizm: k voprosu o silovoj politike sedentarizacii v Kazakhstane 1920-h–nachale 1930-h godov [Stalinism and Nomadism: On the Issue of the Forceful Policy of Sedentarization in Kazakhstan in the 1920s–Early 1930s]. Almaty, Yuat, 2007. Pp. 112–132. (In Russ.).

Akmolinskaya, 1992 — *Akmolinskaya oblast' v cifrah i faktah proshlogo* [Akmola region in figures and facts of the past]. Akmola, 1992. (In Russ.).

Alpysbaeva, 2023 — *Alpysbaeva G.* Repressii protiv duhovenstva v Kazakhstane [Repression of the clergy in Kazakhstan]. Akmola, 2023. Pp. 19–23. (In Russ.).

Atabaev, 1981 — *Atabaev K.* Klassovaya bor'ba i likvidaciya kulachestva i bajstva kak klassa v Kazakhstane v gody kollektivizacii (1929–1934 gg.) [Class struggle and the liquidation of the kulaks and bais as a class in Kazakhstan during the years of collectivization (1929–1934)]. Almaty, 1981. 208 p. (In Russ.).

Dahshlejger, 1965 — *Dahshlejger G.V.* Social'no-ekonomicheskie preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921–1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and village of Kazakhstan (1921–1929)]. Almaty, Nauka, 1965. 360 p. (In Russ.).

Dahshlejger, Nurpeisov, 1985 — *Dahshlejger G.V., Nurpeisov K.* Istoriya krest'yanstva Sovetskogo Kazakhstana [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. Almaty, Nauka, 1985. 360 p. (In Russ.).

Efremova-Shershukova, 2009 — *Efremova-Shershukova N.A.* Nemcy Kazakhstana: deportaciya, specposelenie, reabilitaciya [Germans of Kazakhstan: deportation, special settlement, rehabilitation]. Abstract of Cand. hist. sci. diss. Almaty, 2009. 29 p. (In Russ.).

Ergina, 2011 — *Ergina N.M.* Lishenie izbiratel'nyh prav v kampaniyu vyborov v Sovety 1928–1929 gg. v nacional'nyh regionah Povolzh'ya (na primere sel'skih mestnostej Mordovii i Tatarstana) [Disenfranchisement during the 1928–1929 Soviet election campaign in the national regions of the Volga Region (using rural areas of Mordovia and Tatarstan as examples)]. *Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2011. No. 4–1 (72). Pp. 84–89. (In Russ.).

Fedorova, 2007 — *Fedorova N.A.* Lishency 1920-h godov: sovetskoe soslovie otverzhenykh [Disenfranchised of the 1920s: the Soviet class of outcasts]. *Zhurnal issledovaniy social'noj politiki*, 2007. No. 4. Pp. 483–496. (In Russ.).

Ficpatrik, 2001 — *Ficpatrik Sh.* Stalinские крестьяне. Social'naya istoriya Sovetskoy Rossii v 30-e gody: derevnya [Stalin's Peasants. A Social History of Soviet Russia in the 1930s: The Village]. M.: ROSSPEN, 2001. 422 p. (In Russ.).

Fitzpatrick, 1999 — *Fitzpatrick S.* Everyday Stalinism. Ordinary life in extraordinary times: Soviet Russia in the 1930s. New York: Oxford University Press, 1999. 274 p.

Instrukciya, 1925 — *Instrukciya o vyborah gorodskih i sel'skih Sovetov i o sozyve s'ezdov Sovetov.* Utv. Prezidiumom VCIK 13 okt. 1925 g. [Instruction on the elections of city and village councils and on the convening of congresses of councils. Approved by the Presidium of the All-Russian Central Executive Committee on October 13, 1925]. *SU RSFSR*, 1925. No. 79. 603 p. (In Russ.).

- Istoriya, 1991 — *Istoriya Kazahstana: belye pyatna* [History of Kazakhstan: blank spots]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. 348 p. (In Russ.).
- Istoriya, 2017 — *Istoriya i kul'tura nemcev Kazahstana* [History and culture of the Germans of Kazakhstan]. Almaty: I see real, 2017. 524 p. (In Russ.).
- Ivnickij, 1972 — *Ivnickij N.A.* Klassovaya bor'ba v derevne i likvidaciya kulachestva kak klassa (1929–1932 gg.) [Class struggle in the village and the liquidation of the kulaks as a class (1929–1932)]. M.: Nauka, 1972. 361 p. (In Russ.).
- Klimuk, 2007 — *Klimuk Ya.A.* Lishenie krest'yan izbiratel'nyh prav kak metod politiki “raskulachivaniya” (na materialah CHAF AK) [Deprivation of peasants' voting rights as a method of the “dekulakization” policy (based on materials from the Central Committee of the Armed Forces of the AK)]. *Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universiteta*. 2007. No. 4. Pp. 131–135. (In Russ.).
- Konstituciya, 1920 — *Konstituciya RSFSR ot 10 iyunya 1918 g.* [Constitution of the RSFSR of June 10, 1918]. M., 1920. (In Russ.).
- Kozybaev, et al., 1992 — *Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S., Abylhozhin Zh.B.* Kollektivizaciya v Kazahstane: tragediya krest'yanstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata, 1992. 35 p. (In Russ.).
- Mazur, 1996 — *Mazur L.N.* Lishenie izbiratel'nyh prav krest'yan v 20-e – pervoj polovine 30-h godov [Disenfranchisement of peasants in the 1920s – first half of the 1930s]. Ekaterinburg: UrGU, 1996. 256 p. (In Russ.).
- Morozova, 2005 — *Morozova N.M.* Lishenie izbiratel'nyh prav na territorii Mordovii (1918–1936 gg.) [Disenfranchisement in Mordovia (1918–1936)]. Abstract of Cand. hist. sci. diss. Almaty, 2005. 20 p. (In Russ.).
- Nemcy, 2006 — *Nemcy Rossii: naselennye punkty i mesta poseleniya* [Germans of Russia: Populated Areas and Settlements]. M.: ERN, 2006. 472 p. (In Russ.).
- Obzor, 1917 — *Obzor Akmolinskoj oblasti za 1915 g.* [Review of the Akmola region for 1915]. Omsk: Elektrotip. Akmolinskaya oblastnaya pravleniya, 1917. 78 p. (In Russ.).
- Salamatova, 2022 — *Salamatova M.S.* Lishenie izbiratel'nyh prav kak forma social'no-politicheskoy diskriminacii v seredine 1920-h–1936 gg. (na materialah Zapadnoj Sibiri) [Disenfranchisement as a form of sociopolitical discrimination in the mid-1920s–1936 (based on materials from Western Siberia)]. Abstract of Cand. hist. sci. diss. Almaty, 2002. 24 p. (In Russ.).
- Shmidt, 2022 — *Shmidt V.* Emigracionnoe dvizhenie nemeckih krest'yan Kazahstana: fakty, prichiny, posledstviya [The emigration movement of German peasants in Kazakhstan: facts, causes, and consequences]. *Vostochnyj arhiv*, 2022. No. 1 (45). Pp. 76–84. (In Russ.).
- Social'nyj, 1996 — *Social'nyj portret lishenca* (na materialah Urala) [Social portrait of a disenfranchised person (based on materials from the Urals)]. Ekaterinburg: UrGU, 1996. 256 p. (In Russ.).
- Tihonov, et al., 1998 — *Tihonov V.I., Tyazhel'nikova V.S., Yushin I.F.* Lishenie izbiratel'nyh prav v Moskve v 1920–1930-e gody: novye arhivnye materialy i metody obrabotki [Disenfranchisement in Moscow in the 1920s–1930s: new archival materials and processing methods]. M.: Mosgorarhiv, 1998. 256 p. (In Russ.).
- Tulbasieva, 2023 — *Tulbasieva S.K.* Lishenie izbiratel'nyh prav v Kazahstane 1920–30-h gg. (na primere goroda Alma-Ata) [Disenfranchisement in Kazakhstan in the 1920s–1930s (using the city of Alma-Ata as an example)]. *Genesis: istoricheskie issledovaniya*, 2023. No. 3. Pp. 1–12. (In Russ.).
- Valuev, 2003 — *Valuev D.V.* Lishency v sisteme social'nyh otnoshenij (1918–1936) [Disenfranchised in the system of social relations (1918–1936)]. Abstract of Cand. hist. sci. diss. Almaty, 2003. 22 p. (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 5, pp. 1444-1458, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1444-1458

17TH-CENTURY KAZAKH-BUKHARA RELATIONS IN THE REPORTS OF RUSSIAN AMBASSADORS

Mukhatova Orazgul^{1}, Doskarayeva Aizhan²*

¹Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Correspondent author

²Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Junior Researcher, 3rd year doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University
 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: doskaraeva@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2025

© Mukhatova O.Kh., Doskarayeva A.A., 2025

Abstract. *Introduction.* Based on records and reports of Russian envoys from the 17th century, an analysis of the history of Kazakh-Bukhara relations is conducted. In the 17th century, political, economic, and cultural ties developed between the two countries. To gain a deeper understanding of this topic, it is necessary to refer to various historical sources and materials. In this context, the records and reports of Russian envoys hold particular significance, as they provide valuable information about the socio-economic conditions, political structure, and external relations of the Kazakh Khanate and the Bukhara State during that period. Determining the historical reliability of these data, uncovering the nature of interstate relations at that time, and assessing the overall historical development of the region are of important scholarly value. *Goals and objectives of the study* – Analysis of the reports of Russian envoys from the 17th century; to show the presence of Kazakh-Bukhara relations in diplomatic reports; to justify the importance of these reports for studying the history of Kazakh-Bukhara relations; and to evaluate the significance of these reports as historical sources. *Results.* The article, based on data from Russian diplomatic reports, identifies the direction, significance, political and historical importance, features, and nature of Kazakh-Bukhara relations in the 17th century. Information from Russian diplomatic documents confirms their role in clarifying the geopolitical situation in Central Asia, verifying the accuracy of historical events, and in the development of new scientific concepts and conclusions. *Conclusions.* In the study of Kazakh-Bukhara relations in the 17th century, reports from diplomatic missions of the Russian state are used as the primary sources. Analyzing their historical value and reliability contributes to the investigation of trade, economic, and political ties between the Kazakh Khanate, Central Asia, Safavid Iran, and India.

Keywords: Kazakh Khanate, Bukhara Khanate, envoy, diplomacy, Ivan Khokhlov, Anisim Gribov, Grigory Bulgakov

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled “Unknown pages of the history of Kazakhstan's foreign policy in the late 16th – 18th Centuries (based on materials from foreign archives)” (registration number: AR 26194453).

For citation: Mukhatova O.Kh., Doskarayeva A.A. 17th-century kazakh-bukhara relations in the reports of russian ambassadors // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 5. Pp. 1444–1458. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1444-1458

ОРЫС ЕЛШІЛЕРІНІҢ ЕСЕПТЕРІНДЕГІ XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-БҰХАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Мұхатова Оразгүл Хасенқызы^{1*}, Досқараева Айжан Асхатқызы²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер

*Автор-корреспондент

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Кіші ғылыми қызметкер,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 3 курс докторанты

 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: doskaraeva@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Мұхатова О.Х., Досқараева А.А., 2025

Андатпа. *Kіріспе.* XVII ғасырдағы орыс елшілерінің жазбалары мен есептері негізінде қазақ-бұхар қарым-қатынастарының тарихы талданады. XVII ғасырда екі ел арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы орын алды. Аталған тақырыпты тереңірек зерттеу үшін түрлі тарихи деректер мен материалдарға жүгіну қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан орыс елшілерінің жазбалары мен есептері ерекше орынға ие. Себебі орыс елшілері мен саудагерлерінің жазбалары қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, саяси құрылымы және сыртқы байланыстары туралы құнды мәліметтер береді. Бұл деректердің тарихи шынайылығын анықтау, сол кезеңдегі елдер арасындағы қатынастардың сипатын ашу және аймақтың жалпы тарихи дамуын бағалаудағы ғылыми маңызы зор. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – XVII ғасырдағы орыс елшілерінің есептерін талдау; дипломатиялық есептердегі қазақ-бұхар қатынастарының орын алуын көрсету; елшілік есептердегі мәліметтердің қазақ-бұхар қарым-қатынастарының тарихын зерттеуде маңызын дәйектеу; есептердің тарихи дерек ретіндегі маңызына баға беру. *Нәтижелер.* Мақалада орыс елшілері есептерінің мәліметтері бойынша XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастарының бағытын, мәнін, саяси-тарихи маңызын, ерекшеліктері мен сипаты анықталды. Орыс дипломатиялық құжаттарындағы мәліметтер Орталық Азия аймағындағы геосаяси жағдайды, тарихи оқиғалардың шынайылығын айқындауға, жаңа ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасауға, мүмкіндікті арттыратындығы дәйектелді. *Қорытынды.* XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастарын зерттеуде орыс мемлекетінің дипломатиялық миссияларының есептері маңызды дереккөз ретінде пайдаланылады. Бұл деректердің тарихи мәні мен шынайылығын талдау Қазақ хандығы, Орталық Азия, Сефевидтік Иран және Үндістан мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық және саяси байланыстарын зерттеуге мұрындық болады.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Бұхар хандығы, елші, дипломатия, Иван Хохлов, Анисим Грибов, Григорий Булгаков

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XVI ғ. соңы – XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының беймәлім беттері (шетелдік архив материалдары негізінде)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 26194453).

Дәйексөз үшін: Мұхатова О.Х., Доскараева А.А. Орыс елшілерінің есептеріндегі XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. 1444–1458 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1444-1458

КАЗАХСКО-БУХАРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ XVII ВЕКА В ОТЧЕТАХ РУССКИХ ПОСЛОВ

Мухатова Оразгуль Хасеновна^{1}, Доскараева Айжан Асхатовна²*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
*Автор-корреспондент

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
Младший научный сотрудник, докторант 3 курса Казахского национального университета имени Аль-Фараби

 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: doskaraeva@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Мухатова О.Х., Доскараева А.А., 2025

Аннотация. *Введение.* На основе записей и отчетов российских посланцев XVII века анализируется история казахско-бухарских отношений. В XVII веке между двумя странами развивались политические, экономические и культурные связи. Для более глубокого изучения данной темы возникает необходимость обращения к различным историческим источникам и материалам. В этом контексте особое значение имеют записи и отчеты русских посланцев. Ведь эти источники предоставляют ценные сведения о социально-экономическом положении, политической структуре и внешних связях Казахского ханства и Бухарского государства в рассматриваемый период. Определение исторической достоверности этих данных, раскрытие характера межгосударственных отношений того времени и оценка общего исторического развития региона имеют важное научное значение. *Цель и задачи исследования* – Анализ отчетов русских посланцев XVII века; показать наличие казахско-бухарских отношений в дипломатических отчетах; обосновать важность данных отчетов для исследования истории казахско-бухарских связей; оценить значение этих отчетов как исторических источников. *Результаты.* В статье на основе данных русских посольских отчетов определены направление, значение, политико-историческая важность, особенности и характер казахско-бухарских отношений XVII века. Данные из российских дипломатических документов подтверждают их роль в уточнении геополитической ситуации в Центральноазиатском регионе, выявлении достоверности исторических событий, а также в создании новых научных концепций и выводов. *Выводы.* В исследовании казахско-бухарских отношений XVII века отчеты дипломатических миссий Российского государства используются в качестве важнейших источников. Анализ их исторической ценности и достоверности способствует изучению торгово-экономических и политических связей между Казахским ханством, Центральной Азией, Сефевидским Ираном и Индией.

Ключевые слова: Казахское ханство, Бухарское ханство, посланник, дипломатия, Иван Хохлов, Анисим Грибов, Григорий Булгаков

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Неизвестные страницы истории внешней политики Казахстана в конце XVI–XVIII веков (на основе материалов зарубежных архивов)» (регистрационный номер: AP 26194453).

Для цитирования: Мухатова О.Х., Доскараева А.А. Казахско-бухарские отношения XVII века в отчетах русских послов // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1444–1458. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1444-1458

Кіріспе

Қазақстандық тарихнамада көбінесе Қазақ хандығының ішкі саяси басқаруы, шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы, мәдениеті туралы еңбектер орын алған. Ондай зерттеулерде XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы байланыстары, саяси, сауда және мәдени қатынастары ғылыми зерттеулерде қосалқы түрде қарастырылды. Зерттеушілер Қазақ хандығының сыртқы саясатын көбінесе араб, парсы, шағатай тілдеріндегі еңбектер, архив құжаттары бойынша қарастырды. Орыс тіліндегі жазбалар мен құжаттар ғылыми айналымға жиі түсіріле бермеді.

Отандық тарихнамада XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастары тарихын орыс елшілерінің жазбалары негізінде зерделенбеген тақырыптардың қатарына жатады. XVII ғасырдың басында Мәскеу мемлекетінің Орталық Азия хандықтарымен сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға деген қызығушылығы арта түсті. Орталық Азия аумағынан Үндістанға құрлық арқылы өтетін керуен жолдары мен сауда қатынастарын ұйымдастыру үшін ақпарат жинақтау қолға алынды. Осы мақсатта Орталық Азия, Парсы еліне және Үндістанға елшіліктер жіберіле бастады.

Мәселені көбінесе орыс тарихшылары Ресей мен Орта Азия арасындағы сауда байланыстарының ауқымында зерттеген. Ресейге Үндістанға баратын қақпаны ашу үшін қажетті мәліметтерді жинақтау мақсатында жіберілген елшілердің жазбалары өткен уақыттарда да, қазіргі кезеңде де орыс тарихнамасындағы өзекті мәселелердің бірінен саналады. Тәуелсіздік жылдары орыс елшілерінің есептері отандық зерттеушілер үшін біршама қолжетімді бола түсті. Олардың кейбіреулері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланды. Осылардың бәрі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты тарихын зерделеуге ұмтылдырып, оны жаңа бағыттарда қарастыруға жол ашты. Дегенмен елшілік есептер кешенді зерттелмеді. Оның өзіндік себептері бар. Мәскеу мемлекетінің Елшілік приказының қорларында, XVII ғасырдың орта кезіндегі құжаттар шекаралық Еділ өңірі және Сібір қалалары: Қазан, Астархан, Түмен, Том, Тобылдың воеводалық кеңселерінде жинақталған құжаттар орын алған өрттің салдарынан ағаш ғимараттарда сақталған елшілік материалдардың көпшілігі жойылып кеткен. Сол себепті олардың аздаған бөлігі ғана қалған. Өрттен аман қалған құжаттардың арасында қазақтар туралы мәліметтердің қатары да сирек болған. Советтік кезеңде әлем елдерімен дипломатиялық байланыстарды Совет Одағының билеушілері мен елшілері жүргізді. Қазақстанның мұндай құқығы болмады. Сол себепті елшілік сипаттағы деректерге қызығушылық орын алмады. Қазақ хандығының тарихын зерттеу пантюркизмге, панисламизмге, ұлтшылдыққа тән ұмтылыс ретінде бағаланып, жазаланды.

Қазақ хандығының тарихын бұрын-соңды ғылыми айналымға түсірілмеген деректер бойынша зерттеу мемлекетіміздің болашағы үшін маңызды. Қазақ мемлекетінің іргелес елдермен қарым-қатынасы, соның ішінде XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастарын терең әрі кешенді зерделеу – өзекті мәселелердің бірі. Әлемдік саясатта интеграцияның жоғары дәрежесін көрсетіп отырған Қазақстан үшін оның өткен уақыттардағы тарихи тәжірибесін зерттеп, ой елегінен өткізу маңызды. Заманауи Қазақстанның белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленіп отырған

сыртқы саясаты оның ғасырлар бойы жинақтаған дипломатиялық дәстүрі мен тәжірибесінің жемісі. Қазақ-бұхар қатынастарын зерттеу Қазақстанның XVII–XVIII ғасырлардағы сыртқы саясат тарихын зерделеуге ұмтылдырып, оны жаңаша, замануи ғылыми ұстанымдар ауқымында қарастыруға мүмкіндік тудырады. Аталған тақырыпты зерделеу Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің өзара бейбіт қарым-қатынастарының тарихи сабақтастығын айқындап қана қоймайды, сонымен қатар еларалық өзара байланыстарды мемлекеттердің интеграциясы бағытында зерттеуге жол ашады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

XVII ғасырда Шығыс елдерімен сауда байланыстарын орнату мақсатында Орыс патшасы тарапынан Орталық Азия мен сефевидтік Иран, Үндістан жерлеріне И.Д. Хохлов, А. Грибов, Г.В. Булгаков, Б.А. Пазухин, С.И. Пазухин және т.б. елшілер мен саудагерлердің дипломатиялық миссияларын жіберді. Дипломатиялық миссиялардың нақты мақсаттары мен жоспары билік тарапынан белгіленіп, елшіліктің қорытындысы есеп ретінде дайындалды. Ресей мемлекетінде сыртқы саясатты жүргізу және шетелдермен қарым-қатынас орнату, реттеу, басқару мақсатында орталықтандырылған құрылым – Елшілік приказдары – Посольские приказы деп аталатын мемлекеттік мекеме құрылған. Мекеме елшілік қызметтердің жоспары, елшілік есептер, дипломатиялық іс-қағаздарды жинақтады. Елшілік құжаттарды «Статейные списки» деп аталатын дипломатиялық миссиялар құжаттары жинағының негізін құрады. Аталған дипломатиялық құжаттар мен есептер тарихи деректер ретінде топтастырылып, Ресей Федерациясының архивтерінде (Ресей мемлекеттік көне актілер архиві, Ресей мемлекеттік тарихи архиві және т.б.) сақталған (ИКРИ, 2005: 7). Сол құжаттардың арасында қазақтар туралы тікелей немесе қосалқы мәлімет беретін деректер бар. Өкінішке орай мұндай деректер көп емес. Олар Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақстан тарихы орыс деректерінде XVI–XX ғғ.» атты он томдық құжаттар мен материалдар жинағының I томына Орыс мемлекетінің елшілік материалдары ретінде енгізілді. «Елшілік және Сібір приказдарының материалдарының» арасынан Борис Пазухиннің қысқаша жазбасын табуға болады. Н. Веселовскийдің 1891 жылы жарық көрген «Иван Данилович Хохлов» атты еңбегіне қосымша ретінде И. Хохловтың есебі берілген (Веселовский, 1891). Бұл зерттеушілердің ізденістерін жеңілдетті. Бір жағы тыңшы, екінші жағы саяхатшы, үшінші жағы саудагер міндетін атқарған елшілердің есептерінде Қазақ хандығының сыртқы байланыстары жөнінде көп айтылмаған. Соған қарамастан елшілердің жазбалары XVII ғасырдағы Қазақстан тарихы бойынша құнды деректер болып табылады.

Зерттеу барысында ғалым Талас Омарбеков ұсынған «Тарих – адам іс-әрекетінің жемісі» ұстанымы басшылыққа алынды (Омарбеков, 2004) Өйткені XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қатынастары тарихи тұлғалардың, қарапайым адамдардың іс әрекеттері негізінде дамыды. Тарихшы-ғалым З. Алдамжардың шынайы тарихилық қағидасы назарға алынды (Алдамжар, 2002). Өткенді ой зердесінен өткізуде қателіктерге бой алдырмас үшін тарихқа қазіргі заманның биігінен емес сол кезеңнің көзқарасымен қарау қажеттілігі ескерілді. Тарихты тұтастай үдеріс ретінде қарастыру қоғам дамуындағы қол жеткізілген жетістіктерді, орны толмас кемшіліктерді, олқылықтарды нақты көрсетуге мүмкіндік тудырады. Әлемдік тарих жазу барысында зерттеушілер пайдаланатын өркениетті бағыт қолданылды (Шпенглер, 1996). Өркениеттік даму тұжырымдамасы негізінде жекелеген елдер мен халықтардың, мемлекеттердің тарихы зерделенеді. Бұл тұжырымдама кейінгі ортағасырлардағы Қазақстанның сыртқы байланыстарын зерттеуде тиімді.

Зерттеуде тарих ғылымындағы жалпыәдіснамалық тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидаттар қолданылды. Олар орыс елшілерінің жазбаларына сыни көзқарас таныта отырып, оларды тарихи дерек ретінде пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар хронологиялық, ретроспективтілік, талдау, мазмұндық талдау, сипаттау, қорыту әдістері қолданылды. Бұл әдістер XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қатынастарын ғылыми тұрғыда қарастыруға септесті.

Талқылау

Елшілік есептерді деректанулық талдау мен тарихи дерек ретінде пайдалану XIX ғасырдан бастап Ресей империясы кезеңінен бастап қолға алынды. Қазан революциясына дейінгі Орталық Азия, Үндістан мен Сефевидтік Иранмен Ресейдің сауда-экономикалық, саяси қарым-қатынасын зерттеумен айналысқан тарихшылар орыс елшілерінің есептерін негізгі дерек ретінде қолданды. Солардың бірі В.В. Завьялов «Исторический обзор путешествия в Бухару» атты зерттеуінде XVI–XIX ғасырлар аралығында Орталық Азияға жасалған елшілік миссиялар мен саяхаттарды сипаттап, орыс елшілерінің қызметтеріне талдау жасады (Завьялов, 1854). В.В. Григорьев «Русская политика в отношении к Средней Азии» (Григорьев, 1874) еңбегінде И.Д. Хохлов және басқа да орыс елшілерінің есептерінде қамтылған сауда-экономикалық, географиялық және саяси мәліметтер Мәскеу билігінің Орталық Азия елдерімен жүргізген дипломатиялық және сауда қатынастарының деректеріне сүйенді. 1879 жылы Г.Д. Хилковтың «Сборник князя Хилкова» деп аталатын деректер жинағы басылып шықты. Жинаққа енген материалдар М.А. Оболенскийдің жинағынан және Императорлық Мемлекеттік кітапхананың (қазіргі Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана, Санкт-Петербург) құжаттарынан алынған. Жинаққа 252 құжат енгізілген. Олар: өтініштер, жауап хаттар, хаттар, бұйрықтар (наказные памяти – жазалау жадысы (бұйрығы) – орталық немесе жергілікті орган шығаратын нұсқау. Сонымен қатар жинақта нұсқауды орындаушы адамға белгілі бір тапсырманы жүзеге асыруға өкілеттік беретін және осы тапсырманы орындаудың тәсілдері туралы нұсқаулық, жарғылар, грамоталар орын алған. Деректердің арасында Бұхар хандығымен дипломатиялық қатынастар, қалмақ, қырғыз және моңғол феодалдарымен байланыстар, әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы құжаттар да бар. Архив құжаттарының жарыққа шығуы тарихшы ғалымдар үшін Орталық Азия мен Ресей мемлекетінің арасындағы қарым-қатынастарының зерттелуіне жол ашты. Мәселен, В.А. Уляницкий (Уляницкий, 1889), С.В. Жуковский (Жуковский, 1915) еңбектерінде Мәскеу мемлекетінің Орталық Азия хандықтарымен, Үндістанмен қарым-қатынастардың тарихын зерттеу кезінде орыс елшілері мен саудагерлерінің есептері негізгі дерек көздері ретінде қолданды. Сонымен қатар, осы жинаққа енген Иван Данилович Хохловтың елшілік есебін Н. Веселовский «Русский посланник в Персию и в Бухару в XVII веке» (Н. Веселовский, 1891) атты еңбегінде И. Хохловтың дипломатиялық қызметіне және елшілік есебіне деректанулық талдау жүргізді.

Советтік кезеңде Ресей мен Шығыс елдерінің арасындағы байланыстардың тарихы өз өзектілігін жоғалтпай жаңа серпінмен зерттелді. Мәселен, А.В. Панков «К истории торговли Средней Азии с Россией в 1675–1725 гг. Торговля с Бухарой» (Панков, 1928) атты мақаласында орыс елшілері мен саудагерлерінің есептерін негізгі дерек ретінде пайдаланды. А.П. Чулошников «Торговля Московского государства со Средней Азией в XVI–XVII вв.» (Чулошников, 1933) орыс елшілерінің есептерінің негізінде Орыс мемлекетінің Орталық Азия хандықтарының арасындағы сауда байланыстарын зерттеді. М.Ю. Юлдашев «К истории торговых и посольских связей Средней Азии с Россией» (Юлдашев, 1964) атты монографиясында орыс елшілік құжаттарының негізінде сауда байланыстарын, салық, тауарлардың түрлерін, керуен жолдарының бағыттарын, Орталық Азия мен Ресей арасындағы тарихи сауда-экономикалық және дипломатиялық қатынастардың даму кезеңдерін талдаған. Зерттеу нәтижесінде «сауда және елшілік байланыстар Орталық Азия мен Ресей арасында тұрақты, өзара тиімді сипатта болған» деген қорытындыға келген. Н.Б. Байкова (Байкова, 1964), Н.Г. Аполлова (Аполлова, 1972), Х.З. Зияев (Зияев, 1983) Орталық Азия мемлекеттерінің Сібірмен, Үндістанмен сауда-экономикалық байланыстарын орыс елшілерінің есептері мен шығыс деректері негізінде зерттеді.

Тәуелсіздік жылдары отандық тарихшылар өз зерттеулерінде орыс елшілерінің есептері мен мәліметтерін қолданды. М.Х. Абусейтова «Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII» (Абусейтова, 1983, 2002) атты монографиясында Қазақ хандығының Бұхар хандығымен қарым-қатынасын талдау барысында И.Д. Хохловтың есебіндегі мәліметтерді шығыс деректерімен салыстыра отырып зерттеді. Т.И. Сұлтанов (Султанов, 2001), Т.Е. Төлебаев

(Тулибаев 2008), Б.Б. Кәрібаев (Кәрібаев, 2019) та И.Д. Хохловтың есебін өздерінің ғылыми еңбектеріне арқау еткен. Н.А. Атығаев (Атығаев, 2023) өзінің еңбектерінде А. Гриботың жазбаларын дерек ретінде қолданды.

Қарастырып отырған тақырып бойынша ресейлік тарихшылар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көптеген еңбектер жариялауда. Мәселен, А.К. Алексеев «Политическая история Тукай-Тимуридов. По материалам персидского сочинения Бахр ал-асрар» (Алексеев, 2006) деген монографиясында шығыс деректерімен қатар орыс елшілерінің есептерінің мәліметтеріндегі тарихи фактілерді салыстыра зерттеді. М.В. Моисеев «Миссия И.Д. Хохлова в Бухару в 1620–1623 гг. и коммуникационные сети русской дипломатии в Центральной Азии» (Моисеев, 2021) мақаласында Иван Хохловтың дипломатиялық қызметінің есебін орыс-бұхар қарым-қатынастарының негізгі дерегі ретінде талдады. Ғалымның пайымынша, «И.Д. Хохлов Орталық Азиядағы саяси жағдай туралы шынай мәліметтерді алу үшін ресми билік өкілдерімен қоса саудагерлер, приставтар, хабаршылар, тұтқындармен байланыс орнатып, жан-жақтан ақпараттарды жинастырды. Бұл оның есебінде көрсетілген тарихи мәліметтердің сенімді болуына ықпалын тигізді. В.А. Шорохов, С.А. Крауцкий және М.В. Антонюк «Конфликт вокруг Балха 1646–1647 гг. в материалах русского посла в Иране Г.В. Булгакова» (Шорохов, 2024) атты мақалада орыс елшісінің Иран жеріндегі дипломатиялық қызметінің есебін ғылыми айналымға енгізіп, деректанулық талдау жасады. А.А. Андреев, Д.Д. Копанева «Статейный список А. Грибова как источник по истории среднеазиатского вектора внешней политики Ирана при шахе Аббасе II» атты мақалада А. Грибовтың есебін талдады. Зерттеушілер Анисим Грибов және басқа да орыс елшілерінің, саудагерлер мен хабаршылар мәліметтерінің кең ауқымын атап көрсетті. «Есеп ақпараты Орталық Азияның сол кезеңдегі сыртқы саяси тарихын басқа да деректерді қолдана отырып объективті түрде зерттеу мүмкіндіктерін арттырады» деген қорытындыға келеді (Андреев, Копанева, 2025).

Өзбекстан тарихшылары тарапынан да аталған мәселе бойынша ғылыми ізденістер жүргізілген. Бұл үдеріс өз жалғасын табуда. Мәселен, А. Холикулов «Некоторые комментарии к двусторонним отношениям Бухарского ханства и Российского царства» (Холикулов, 2021) атты мақаласында орыс елшілері мен саудагерлерінің жазбаларына сүйене отырып, елшілік есептердің Бұхар хандығының іргелес елдермен әлеуметтік-экономикалық, саяси байланыстар орнатқандығын атап көрсетеді. «XVII ғасырдағы Бұхар хандығы мен Ресей мемлекетінің қарым-қатынастары елшілік миссиялар негізінде жүзеге асырылды және екі елдің өзара қатынастары сауда-экономикалық байланыстарды құруға бағыттылды», - деп түйіндейді. Р. Алимованың «Торгово-экономические связи Бухарского ханства с Ираном в XVI–XVII вв.» (Алимова, 2021) мақаласында парсы мен бұхар қарым-қатынастары шығыс деректері және орыс елшілері мен саудагерлерінің есептеріндегі мәліметтер өзара салыстырыла талданады. «Екі елдің арасындағы саяси қарым-қатынастардың қиын болуы сауда байланыстарына да әсер етті» деген қорытындыға келеді.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерде орыс елшілерінің есептері Орыс мемлекетінің Орталық Азия, Қазақ хандығы, Сефевидтік Иран және Үндістанның сауда-экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынастарын зерттеуде кеңінен қолданылып, құжаттарда қамтылған мәліметтер басқа тарихи деректердегі ақпараттармен салыстырмалы түрде талданған. Алайда олар XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынасының тарихын зерттеуде негізгі дерек ретінде толық талданбаған. Осы тұрғыдан келгенде тақырыпты зерделеудің өзектілігі айқын.

Зерттеу нәтижелері

XVII ғасырда Орыс мемлекеті Бұхар, Хиуа хандығы, Сефевидтік Иран, Үндістан мемлекеттерімен сауда және дипломатиялық байланыстар орнатуға қызығушылығы артты. Осы мақсатта Хиуа хандығы арқылы Бұхар еліне орыс елшілігі мен саудагерлерін жіберу туралы шешім қабылданды. Шешімге сәйкес арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер қазақ жерлері арқылы Бұхарға барған.

Ортағасырларда Ресей мемлекетінде елші қызметіне тағайындау және елшіліктерге жіберуде өзіндік ережелер мен критерийлер белгіленген. Дипломатиялық миссияға елші

ретінде әдетте патшаның және Бояр думасының сеніміне кіретін қызметкерлер тағайындалатын. Елшілер дворян әулетінен шыққан немесе дьяк (Орыс мемлекеттік қызметкері – авт.) қызметіндегі тұлғалар сайланатын. XVII ғасырда сондай қызметкерлердің бірнешеуі Бұхар хандығына дипломатиялық миссиямен барған. Солардың бірі – Иван Данилович Хохлов. Иван Хохлов Қазан жеріндегі бояр әулетінен шыққан. Мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар, заманауи сауаты бар, патша мен билік өкілдерінің сеніміне кірген, саяси білікті, Қазан жерінде мемлекеттік қызмет атқарған (Веселовский, 1891: 5). И.Д. Хохлов 1600 жылы парсы елшісі Перкулы-бектің пристава ретінде (Орыс патшасы кезіндегі жергілікті полицияның бастығы – авт.) тағайындалды. 1605 жылы Борис патшаның кезінде Терек жеріне воевод Иван Головинмен бірге бір жылдық қызметке жіберілді. Бірақ саяси көзқарастарға байланысты 1606 жылы Астрахань түрмесіне түседі. Кейін «жалған паштаның қолдаушылары» ретінде Астраханға жер аударылды. Кейіннен ақталып, атаман Иван Заруцкий мен Марина Мнишек И.Д. Хохловты дипломатиялық миссиямен Иран шахы Аббасқа жіберді. 1615 жылы ол М.Н. Тихоновпен бірге елшілік миссиясынан оралды. Алайда осы жылдың маусым айында «И. Заруцкимен байланысы бар» деген айып тағылып, Мәскеуде түрмеге жабылды. Көп ұзамай сол жылдың шілде айында оған рақымшылық жасалып, түрмеден босатылды (Моисеев, 2021: 366).

1620 жылы Орыс мемлекетінің патшасы – Михаил Федорович Бұхар хандығына Иван Данилович Хохлов бастаған елшілікті жіберді. Иван Хохловтың елшілік миссиясына Имамқұл ханға Михаил Федорович патшаның грамотасын табыстау, патшаның сәлемі мен сый-сияпатын жолдау, Бұхар хандығында тұтқында жатқан орыс азаматтарын азат ету жүктелді. И. Хохловтың сапары Хиуа жері арқылы Бұхар хандығына жоспарланды. Иван Хохловтың Бұхар хандығына елшілік сапары Қазаннан Астраханға, Астраханнан Каспий теңізі арқылы Қабақлы кеме бекеті арқылы жүруі тиіс еді. Алайда теңізде дауыл болып, елшілер Түп-Қараған (қазіргі Форт-Шевченко, Қазақстан) аймағына тоқтауға мәжбүр болды.

Дипломатиялық елшіліктің тәртібі бойынша елшілер Елшілік приказына өздерінің сапары туралы толық есеп беруге міндеттелген. Бұл есептер күнделік түрінде жазылды. Есепті дайындаудың өзіндік критерийлері анықталды. Оларда елшінің күнделікті қызметі, кездесулері, сұхбаттары, сөйлескен адамдардың шені, лауызымы, жинақтаған ақпараты көрсетілді (Потемкин, 1941: 240). И. Хохловтың есебі осындай сипатта және мазмұнда жазылды.

Иван Хохловтың елшілік есептерінде Орталық Азия аймағындағы саяси жағдайлар, мемлекетаралық қатынастардың динамикасы және олардың сипатты көрініс тапты. Сонымен қатар Үндістан мен Орталық Азия арасындағы дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстар, Парсы мемлекеттері мен Бұхар хандығының, Бұхар хандығы мен Қазақ хандығының арасындағы саяси ахуал туралы мәліметтер қамтылды.

И. Хохловтың есебінде Ташкент билеушісі Тұрсын-Мұхамет хан туралы мәлімет бар. Елші ханды Бұхар билеушісі таққа отырғызған. Алайда Тұрсын-Мұхамет хан Бұхар билеушісі Имамқұлға қарсы шыққан деп сипаттайды. Атап көрсетерлік жайт, Иван Хохлов Бұхарда болған кезінде, яғни XVII ғасырда орыс елшілері есеп жазуда өздерін үшінші жақта көрсеткен. И. Хохловтың баяндауынша, «Бұхар ханы Имамқұл ташкенттік Тұрсын сұлтанмен (Тұрсын-Мұхамет хан И. Хохлов есебінде сұлтан деген титулмен және Тұрсын деп жазылған – авт.) соғысты. Бұған дейін Тұрсын сұлтан өз елінен қуылып, Имамқұл ханнан көмек сұраған. Имамқұл хан Тұрсын сұлтанды қолдап, мемлекеттік билікке отырғызған. Ал оның мемлекетінің астанасы – Тұрсын қаласы (Ташкент қаласы болуы керек. Себебі Иван Хохловтың өзі ташкентский салтан Турсун деп жазған – авт.), халқы көшпелі, Қазақ Ордасы деп аталады». XVII ғасырдағы қазақ хандығын сипаттай келе «Қазақ Ордасында ханзадалар көп, ал олардың ең үлкені Тұрсын, көшпелілердің (қазақтардың – авт.) заңы бойынша билік кезегі оған (Тұрсынға – авт.) жеткен. Ол (Тұрсын – авт.) Имамқұл ханмен достасып, Имамқұл хан Тұрсын сұлтанмен құдаласып, Тұрсын сұлтанды өлтіріп, өзінің қайын атасын таққа отырғызбақшы. Сол үшін Тұрсын ханды Бұхараға Имамқұл ханға шақыртты. Ал Тұрсын сұлтан шақыртудан бас тартып, өз елшілерін Имамқұл ханға жіберіп, бейбітшілік туралы

келісімге жасауға ниет білдірген». Бұл жердегі Тұрсын Мұхамет хан – 1613–1627 жылдар аралығында Қазақ хандығында Ташкент пен оның төңірегінде билік құрған қазақ билеушісі (Қалыбекова, 2020: 524). Елші сол кезеңдегі саяси жағдайды көрсете отырып, Қазақ хандығының әскери әлеуетін сипаттады. «Сол кезде Бұхар ханы Имамқұл мен Ташкент билеушісі арасында ірі соғыс болып жатты: Бұхара ханының әскерінде шамамен 40 000 адам болса, Ташкент ханының әскерінде шамамен 10 000 адам болды. Осы соғыс кезінде Иван Бұхарада болды. Бұхара әскерінің басында олардың беделді бегі – Имамқұл ханның ағасы Нәдір-Дуван Беги Тұрсынға қарсы аттанды, оның қолында шамамен 40 000 адам болды; ал Ташкент әскерінде – шамамен 10 000 адам еді» деген мәліметінен қазақ-бұхар қатынастарының шиеленіскенін байқауға болады. Екі елдің қалыптасқан ахуалды тек бейбіт емес жолмен шешуге тура келгендіктерін айғақтайды.

Иван Хохлов Бұхар хандығына елшілік қызметі барысында Бұхар және Хиуа хандықтарының билеушілерімен, билік өкілдерімен, жергілікті халықпен, тұтқындармен қарым-қатынас орнатқан. Солардың нәтижесінде қазақ қоғамының сыртқы байланыстарының даму барысы туралы мәліметтер келтірген. Мәселен, «Осыдан кейін Имамқұл хан екі рет Тұрсун-сұлтанның әскерін жеңді, бірақ соғыс тоқтамады. Қазіргі кезде Имамқұл ханының жағына бауыры – Балх ханы Нәдір және басқа одақтастары шықты. Халықтың айтуы бойынша Бұхара мен Балх хандарының күштері Тұрсын-сұлтанның күштерінен мықты, себебі Имамқұл хан Тұрсынға қарсы жалғыз күресті, ал оның ағасы – Нәдір хан оған (Имамқұлға – авт.) көмектеспеді. Ақырында олар татуласып, біріккен күшпен Ташкентке қарсы шықты» (Сборник князя Хилкова, 1879: 421–422), – деп жазды.

Қазақ-бұхар қатынастары И. Хохловтың есебіндегі ақпарат Анисим Грибовтің мәліметтерімен толығымен толық түскен. Мәскеу мемлекетінің Бұхар мен Орталық Азия, Иран елдеріне сауда және дипломатиялық қызметпен елші Савин Горохов 1642 жылы аттанады (Уляницкий, 1889: 19). С. Гороховпен бірге сауда байланыстарын нығайту мақсатында барған көпестердің (мемлекеттік сауда агенті – авт.) қатарында Анисим Грибов болған. Анисим Грибов – XVII ғасырдағы орыс көпесі (купчины) (мемлекеттің ресми сауда өкілі – авт.). Оның өмірі мен өмір сүрген жылдары жайында деректер аз. Анисим Астраханнан шыққан, жергілікті билік өкілінің орынбасары (посадник) болды. Орыс дипломатиялық қызметкерлерінің сұрыпталу тәртібіне Анисим Грибовтың шығу тегі мен қызмет жолы сәйкес келді. Елшілік сапардың нәтижесінде А. Грибов Орталық Азия мен Ресей мемлекетінің арасындағы дипломатиялық және сауда қарым-қатынастарын орнатуға үлес қосты. Осы орайда оның есебі – орыс билігі тарапынан қазақ тарихы туралы маңызды мәліметтер беретін дерек іспеттес. Орталық Азия және Иран еліне екі мәрте арнайы сауда тапсырмаларымен барды. 1641–1643 жылдары Бұхар мен Хиуа хандықтарына орыс делегациясын басқарды. Бұл сапардың мақсаты – дипломатиялық және сауда қатынастарын орнату еді. Нәтижесінде Орталық Азия аумағындағы мемлекеттермен жақсы қарым-қатынастарға қол жеткізді.

Анисим Грибов 1646–1647 жылдары Орталық Азияға екінші орыс елшілігін басқарып барды. А. Грибов сапарының мақсаты Иран арқылы Бұхар, Балх және Үргеніш жерлеріне бару еді. Сапар өз мақсатына жетпеді, өйткені аймақтағы қалыптасқан саяси жағдайға байланысты оның Шығысқа бару мүмкін болмады (Андреев, Копанаева, 2025: 86). 1651 жылы А. Грибов II Аббас шахқа елшілік қызметпен жіберілді (Преображенский, 1951: 269–270). Орта Азиядағы сол кезеңдегі саяси жағдайларға байланысты оған Парсы елінен ары қарай Балх және Бұхар, Үргеніш жерлеріне бару мүмкін болмады. Осыған байланысты елшілік сапарының мақсаты соңына дейін орындалмады. Сол себепті өзінің елшілік қызметінің жүзеге асуына бөгет болған басты саяси ахуал туралы мәліметтерді жинастырды. Әсіресе Орталық Азия хандықтары мен Ұлы Моғолдар империясы арасындағы соғыс қимылдары туралы ақпарат жинақтады.

А. Грибов есебінде XVII ғасырдың 40-шы жылдарында Бұхар хандығы, Ұлы Моғолдар мемлекеті, Сефевидтік Иран, Қазақ хандығы мен Хиуа хандықтары арасындағы қалыптасқан күрделі саяси жағдай, дипломатиялық және әскери қақтығыстар туралы баяндалады. Мәселен, елші Балх түбіндегі Бұхар мен Ұлы Моғолдар әскерінің шайқасына Қазақ хандығының араласуын былайша баяндаған: «Осыдан көп ұзамай Әбділ-Азиз хан мен Жалаңтөс мырзаға

(Жалаңтөс баһадүр Бұхар хандығында Аштархан әулеті тұсында бас қолбасшы, хандықтың ішкі тәртібін қадағалайтын және шет елдермен қарым-қатынас жасайтын бас уәзір қызметін атқарған тұлға – авт.) Бұхардан хабар келді: Ташкент қаласынан Жәңгір хан бастаған қазақ жасақтары көп әскермен Бұхар жеріне жорыққа шыққан екен. Сонда Бұхар ханы Әбділ-Азиз Балх қаласының түбінде тұрған өзінің әскерін екіге бөлді: әскердің бір бөлігін сенімді адамы — Жалаңтөс мырзамен бірге Балхта қалдырды, ал екінші бөлігін алып, өзі Балхтан Бұхар жаққа қарай Жәңгір хан бастаған қазақ жасағына қарсы шықты. ... Әбділ-Азиз хан Жәңгір ханмен кездескенде онымен соғыспай, бітімге келді. Бітім жасасқан соң, бүкіл бұхар әскерімен бірге Балх түбіне, хан Жалаңтөске көмекке аттанды. Ал Жалаңтөстен Қазақ Ордасының Жәңгір ханымен кездескені туралы хабар алған Әбділ-Азиз хан тағы да соғыс ашпай, Жәңгір ханмен татуласып, бірікті. Осылайша, барлық бұхар әскерімен және Қазақ Ордасының жауынгерлерімен бірге Балх түбіне, Жалаңтөс мырзаның жанына келді» (Русско-индийские отношения в XVII в., 1958: 73). А. Грибов Балх түбіндегі қазақ-бұхар одағы туралы мәліметтер жазды. Сонымен қатар қарастырып отырған кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты туралы құнды мәліметтер келтірілген.

Анисим Грибов Балх түбіндегі бұхар, қазақ әскерлерінің үнді әскерімен арасындағы қақтығыстың тікелей куәгері болмаған. Алайда, өз есебінде мәлімдеген Балх түбіндегі тарихи оқиға туралы Фарабад қаласының билеушісі Жардарадан және Исфаханға II Аббас шахқа Мешеттен (Мешхет – авт.) келген Қаршығай ханның елшісі Аллақұлдан естіген.

Дипломатиялық қызметтен бөлек А. Грибовтың экспедициясы сауда, экономикалық маңызды иеленді. Бұл елшілік ірі экспедициялар ретінде де танылды. Сапар есептерінің материалдары XVII ғасырдың 40-жылдарындағы Орта Азиядағы саяси ахуалды, сауда байланыстарын және мемлекетаралық қатынастарды, әсіресе Қазақ хандығының сыртқы саяси бағыты мен аймақтағы саяси ықпалынан хабар беретін құнды тарихи дерек болып табылады (Лавренцова, 1958: 16).

А. Грибов елшілігімен қатар орыс патшасы Иран еліне 1647 жылы Григорий Васильевич Булгаковты жіберді. Екі елшілік бір-бірінен тәуелсіз қызмет атқарды. Бірақ мақсаты мен елшілік қызмет барысы, жоспары ұқсас болды. Г.В. Булгаков елшілігінің құрамында подьячим Егуп Бреев (Орыс мемлекетіндегі бұйрық кеңсесінің хатшысы және іс жүргізушісі – авт.) және тілмаш Афанасий Цвилленев болды. 1648 жылы Г.В. Булгаков бастаған топ Иран еліне жетті (Шорохов, 2024: 14). А. Грибов сияқты Г. Булгаковта осы кезеңде Орталық Азия аймағындағы Аштархан әулеті мен Ұлы Моғолдар империясының арасындағы соғысқа және бұл шайқастағы Сефевидтік Иран мен Қазақ хандығы, Хиуа хандықтарының араласына тап болды. Орыс елшіліктерінің Орталық Азия жеріне жетпеуінің негізгі себебі осы оқиға болғандықтан, орыс дипломаттары өз есептерінде бұл тарихи оқиғаны толық баяндап жазды. А. Грибов пен Г. Булгаков бір оқиғаны екі тараптан сипаттағанымен есептерде келтірілген мәліметтерінің айырмашылығы жоқ. Алайда тарихи оқиғаны орыс мемлекетінің өкілдеріне хабарлаған куәгерлер екі деректе бірдей емес. Географиялық атаулар, билік өкілдерінің лауазымдары да әр түрлі жазылған. Қазақ хандығына қатысты жер-су атаулары мен жазбаларда келтірілген лауазымдар да бір-біне сәйкес келмейді. Мәселен, Қазақ Ордасының астанасы Ташкент қаласы А. Грибов есебінде Ташкени, Жәңгір ханды «царь», яғни патша деп жазса, Г. Булгаков жазбасында Ташкунис, ал Жәңгір ханжы «царевич», яғни ханзада және «сұлтан» деп атады. А. Грибовтың жазбасының маңызы Бұхар әміршісі Әбділазиз бен Қазақ билеушісі Жәңгірді «патша» деп атайды (Лавренцова, 1958: 77, Шорохов, 2024: 16). Дегенмен екі елдің билеушісі де мәртебесі мен дәрежесі бірдей етіп көрсетілген. Себебі екі хандықтың саяси дәрежесі Орталық Азияда тең болған. Қазақ хандығының аймақтағы саяси мәртебесі елдің сыртқы саясатына тікелей әсер етеді. Сыртқы саяси аренада ықпалды болған ел – халықаралық келіссөздерде, экономикалық, әлеуметтік, сауда-саттық, әскери одақтастық, аймақтардағы саяси қақтығыстарда саяси мәселелерді шешуде тең дәрежеде ықпал ете алатын саяси ойыншы ретінде қарастырылады. Демек, Қазақ хандығы Орта Азия аймағында ықпалды мемлекет ретінде өмір сүрген.

А. Грибов пен Г.В. Булгаков елшілердің мәліметтерінде үнді елшісі Бұхар ханы Әбілазизбен бір уақытта Қазақ ханы Жәңгірге де арнайы елші жіберген. Бұхар және қазақ хандары өз тарапынан соғыстың барысы жөнінде шешім қабылдады деген сөз. Бұдан бұхар-қазақ әскері дәрежесі тең одақтас ретінде және соғыстың Бұхар хандығының аймағында жүргізілгенін байқауға болады. Соған қарамастан соғыста қазақ билеушілері дербес өз алдына шешім шығарып, қазақ ханының ықпалының салмақты болғандығын дәйектейді. Яғни соғыста қазақтардың саяси рөлі мен орны болған. Аталған мәселе бойынша үнді-бұхар соғысынан қазақ тарапы өз мүддесіне орай соғыс жүргізіп, олжасын да бұхарлықтармен тең дәрежеде бөліске салған. Ортағасырлық мемлекеттер арасында соғыс олжасын теңдей бөлісу мемлекеттердің саяси дәрежесінің белгісі ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақ хандығының Орталық Азия аумағындағы саяси дәрежесі мен ықпалының жоғары болды деген тұжырымдауға болады.

Орыс елшілері А. Грибов пен Г.В. Булгаков бұхар-үнді қақтығыстарына қазақ әскерінің қатысқандығы және осы шайқастағы қазақтардың рөлін көрсеткен. Қазақ хандығына қатысты мәліметтер келтірілген. Мәселен, Қазақ ханы Жәңгір хан, қазақ астанасы Ташкент, сауда-саттық байланыстар, келіссөздер туралы құнды ақпараттар береді. Қазақ-бұхар одағы әскери күшті жұмылдыра отырып, бірлікте соғыс қимылдарын жүргізді. Екі елдің әскери күшін біртараптан басқарып, соғысты жүргізу Қазақ хандығы мен Бұхар хандығының билеушілерінің ынтымақтастығы мен екі елдің сыртқы байланыстарының беріктігін білдіреді. Келтірілген екі орыс елшісінің жазбаларында Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің арасындағы саяси және әскери қарым-қатынастарының мәні ашылады. Бұл қазақ-бұхар қарым-қатынасының әскери, саяси қырынан қарастыруға, қазақ ханы Жәңгірдің Бұхар хандығымен жүргізген сыртқы саяси бағытының сипатын дәйектейді.

Аннотация. *Введение.* Исследование проблем восстания 1916 г. началось вскоре после установления советской власти в Казахстане, публиковались первые научные труды разного характера и содержания. Если в работах по данной проблеме середины 1920-х гг. восстанию придавался национальный характер, то после 1930-х гг., по мере укрепления советской идеологии, все более важным стало придание ему классового характера и связь с Октябрьской революцией 1917 г., совершенной большевиками, подчеркивание ведущей роли в ней рабочего (русского) пролетариата. Односторонние взгляды формировались на позиции и деятельности алашской интеллигенции в период восстания. В 1931 году под влиянием Казахского краевого комитета партии в Комвузе* имени Ф. Голощекина была организована специальная дискуссия. После этого была дана оценка характеру и значению восстания, позициям и взглядам национальной интеллигенции в период восстания, руководителям восстания, а также идеологическая установка для будущих исследований и было указано, что восстание явилось результатом длительной и упорной «революционной» борьбы эксплуатируемых трудящихся. Данная установка сохранялась почти вплоть до обретения Казахстаном независимости. *Цель исследования.* Целью исследования является историографический анализ проблемы изучения восстания 1916 года в 1920–1950-е годы на основе новых взглядов и методологических подходов современности. *Задачи.* Сопоставить теоретико-историографический анализ проблемы восстания 1916 года в 1920–1950-е гг. с архивными источниками, выявить искаженную или одностороннюю оценку, данную с классовых позиций в советский период по некоторым аспектам изучения проблемы и дать объективную оценку в восстания 1916 г. *Результаты.* Одной из проблем отечественной исторической науки до сегодняшнего дня, которая привлекает исследователей своей актуальностью, является восстание 1916 года. Это восстание явилось особым периодом в борьбе казахского народа за свободу. В 1920–1930-е годы в изучении проблем восстания участвовала интеллигенция алашского движения, такие как Алихан Бокейханов и Миржакып Дулатов, продолжившие свою просветительскую деятельность перешедшие в общественно-культурную сферу после прихода к власти большевиков в Казахстане, а также Мустафа Шокай, эмигрировавший за границу, Турар Рыскулов, Темирбек Жургенов и другие, служившие в советском аппарате власти, в том числе среди них были такие исследователи, как Г.И. Бройдо, А.В. Шестаков, И. Чеканинский и др. В 1940–1950-е годы эта проблема не осталась без внимания историков, издавались монографии и сборники документов. *Заключение.* После обретения Казахстаном независимости в отечественной историографии изучение проблемы восстания 1916 года стало пересматриваться с новых позиций и методологии исследования для объективной оценки этого события, так как в историографии советского периода данная проблема изучалась в частности односторонне с точки зрения узкоклассовых позиций и искажения событий. В данной статье рассматриваются историографические проблемы, которые были искажены или представлены предвзято, и анализируются объективно в соответствии с историческими познаниями независимой страны.

Ключевые слова: Семиречье, 1916 год, историография, восстание, Алаш, архив, Туркестан
Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Восстание 1916 года в Семиреченской области: переосмысление проблемы на основе архивных документов и устных исторических источников». (Регистрационный номер: AP26103741).

Для цитирования: Тлеубаев Ш.Б., Конкабаева А.Н. Некоторые историографические аспекты истории восстания 1916 года в Семиреченской области // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1487–1503. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1487-1503

Кіріспе

1916 жылғы көтеріліс Ресей империясының отарындағы Түркістан өлкесін тұтастай қамтыған еді. Оның ішінде Жетісу облысы көтерілістің ірі ошағы болды және оған жергілікті қазақ және қырғыз халықтары қатысты. Сонымен қатар, көтерілістің өзіндік ерекшеліктері де

болды. Советтік кезеңдегі тарихи зерттеулерде көтерілістің өңірлік ерекшеліктері толық ескеріле қоймады. Көтерілістің негізгі шығу себептері, сипаты, көтеріліс жетекшілерінің орны мен рөлі, ұлт зиялыларының қызметі, көтеріліс кезінде ұлтаралық қайшылықтардың шиеленісуі, т.б. мәселелері таптық тұрғыдан түсіндіріліп біржақты бағаланып келді. Көтеріліс тұсында көрші Қытай аумағына бас сауғалап, жан сақтау үшін кетуге мәжбүр болған босқын қазақ пен қырғыз халықтарының тарихи тағдыр туралы тіптен айтылмады. Сонымен қатар, Жетісу облысындағы шиелініскен ұлтаралық қатынас, көтерілісші қазақ және қырғыз халықтарының жерін тартып алу мәселелері де зерттеуден тыс қалып отырды. Сондай-ақ, көтеріліс тарихын жазуда советтік идеологиялық конъюнктураға байланысты бұрмалауға ұшырады. Тарих ғылымына орыс жұмысшы табы мен большевиктер партиясының «жетекшілік» рөлін дәріптеу, еңбекші халықтың «революциялық» күресінің нәтижесі ретінде таптық тұрғыдан көрсету сияқты ұстанымдар мәселені зерттеуге бағыт ретінде көрсетіліп келді. Совет одағы ыдырап, оның құрамында болған Қазақстан тәуелсіздігін алған соң бұл мәселе тәуелсіз елдің тарихи танымына сай зерделене бастады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Аталған мақаланың деректік қоры ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архивінің, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің, Өзбекстан Республикасының Ұлттық архивінің құжаттары пайдаланылды.

Мақалада 1916 жылғы көтеріліс мәселелері бойынша 1920–1950 жылдардағы жарық көрген еңбектер тың тарихи деректермен салыстырыла отырып еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Отандық тарих ғылымында қалыптасқан жаңа көзқарастар мен методологиялық ұстанымдар негізінде талданды.

Талқылау

Көтерілістің шығу себептері, салдары, сипаты сияқты т.б., мәселелері туралы мақалалар 1920-шы жылдары белсенді жариялана бастады (Рыскулов, 1924: Т. 6. 267.; Миклашевский, 1924: 255; Бройдо, 1924: Кн. 6. 434). Бұл пікірталастар мен зерттеулерге Алаш қайраткерлері де белсенді атсалысып, көтеріліске қатысты өз көзқарастары мен ұстанымдарын білдіріп мақалалар жазды (Қыр баласы, Шестаков, 1926: 145.).

Советтік таптық ұстанымдағы кейбір еңбектерде Алаш зиялыларына байланысты «алашордалықтар патша әкімшілігімен ауыз жаласты, халықтың мүддесін сатып кетті» деген т.б. айыптаулар таңылды. (Тілеубаев, 2016: 118–119) Әрине, мұндай айыптаулар негізсіз, бір жақты болатын. Алаштық зиялылар сол тұста қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты әрекет жасап, шешімдер қабылдаған-ды. Ел басына күн туған күрделі кезеңде жасаған таңдаулары мен атқарған жанкешті қызметтеріне большевиктік жүйе әділетсіз баға берген еді. Оған байланысты Алаш қозғалысының қайраткері М. Тынышбаев ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «...мен 1916 жылғы қазақтар пен қырғыздардың патшалық билікке қарсы көтерілісін қолдамағаным – патшалық режимді жақсы көргеннен емес, қазақтар пен қырғыздар көтерілістен зардап шеге ме деген қорқыныштан (ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қ. 2370-іс. 2 т. 264-п.), -деп көрсетеді. Көтеріліс тұсында қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайлар М. Тынышбаевтың пікірінің дұрыстығын білдіреді. Ол 1917 жылы ақпанда Жетісудағы көтеріліске байланысты сот тергеуіне берген жауабында «Ташкентке жаңа келген генерал А.Н. Куропаткиннің қабылдауында бірінші рет (10 тамыз) болғаннан соң, мен Пішпек қырғыздарын жеделхат салып, оларды тынышталуға шақырдым», - деп көрсеткен болатын (ҚР ОМА. 797-қ. 1 т. 46-іс. 401-410 ш.).

Алаш зиялыларына қарсы жасалған саяси репрессиялар барысында оларға ОГПУ тергеушілері тарапынан 1916 жылғы көтеріліс туралы да сұрақтар қойылған-ды. М. Тынышбаевтың көтеріліске байланысты айтқан ойына ұқсас пікірді Семей облысындағы Халел Ғаббасов та қолдап, 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне былай деп жауап береді: «Мен қан төгуден басқа ештеме бермейтін көтерілісті болдырмауға әрекет

жасаушылар жағында болдым» - (ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қ. 78754-іс. 1 т. 324-п.). Ал, Міржақып Дулатов тергеушілерге берген жауабында 1916 жылғы көтеріліс қарсаңында қалыптасқан жағдай жөнінде: «Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның мұндай халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылары және басқалары өз «үлестерін» қосты; ауыр салық, зорлық-зомбылық, парақорлық, өсек айту үйреншікті жағдайға айналды; қазақ әйелдері күн жағдайында өмір сүрді, ең құнарлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып беріліп, ал қазақтар болса шөлді-шөлейтті жерлерге ығыстырылды; патша өкіметі мектептер ашуға қамқоршы болудың орнына, қазақтарға өздері жинаған қаржыға да мектеп салуға тиым салды; ...Қазақ елі, міне, осындай түнекте ғұмыр кешті. Патша өкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіге жетті» - деген пікір білдіреді (ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қ. 011494-іс. 98–99 пп.).

Бұл М. Тынышбаев айтқандай алаштық ұстанымдағы зиялылардың отарлық билікті жақсы көргенінен емес, сол тұстағы қалыптасқан сындарлы сәтте қайтсек елдің бірлігі мен тұтастығын сақтап қаламыз деген мақсатта жасаған әрекеттері болатын.

1916 жылғы көтеріліс тарихы бойынша белсенді авторлардың бірі Тұрар Рысқұлов болды. Ол бұдан бірқатар мақалалар мен монографиялық еңбекте жазды (Рысқұлов, 1927: 124.). Т. Рысқұлов 1926 жылы көтерілістің 10 жылдығына орай жазған «Қазақ және кара-қырғыздардың 1916 жылғы көтерілісі туралы» атты мақаласында: «Қазақ-қырғыз жұмысшыларын, оған дұрыс дайындықсыз мобилизациялау фактісі, патшалықтың шет аймақтардағы әдеттегі арандату-қанау қызметінің эпизодтарының бірі болды; саяси мәні жағынан маңызды бұл жағдай тұрғындардың өздігінен осындай көтерілісін тудырмауы мүмкін емес еді» - деп көтерілістің шығуына себеп болған патша әкімшілігінің отар аймақтарындағы жүргізіп отырған саясатын сынға алып, ол әдеттегідей арандату саясаты болды деп ұлттық мүдде тұрғысынан пікір білдіреді (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 948-іс. 6-п.).

Мұндай пікірлердің айтылуында жеткілікті негіз де бар еді. Өйткені, жалпы жоғары деңгейдегі отаршыл билік көтерілістің шығатындығынан жақсы хабардар болған, бірақ біле тұра оның алдын алмай әдейі арандатушылық саясат ұстанғаны байқалады. Олай дейтініміз отарлық биліктің жергілікті жерлердегі жандармерия, полиция сияқты органдары халықтың көңіл-күйін, оларды мазалайтын, алаңдататын мәселелерге қатысты түрлі әлеуметтік, қоғамдық-саяси маңызы бар мәліметтерді жинақтап жоғары билікке жүйелі түрде жеткізіп тұрған. Халықтың қоғамдық-саяси өмірін әрдайым бақылауда ұстап отырғандар тыңшылар арқылы да түрлі мәліметтер алып, оның барлығын тексеріп, қорытып одан соң жоғары жаққа құпия түрде арнайы анықтама, қызметтік хат, баяндама, т.б. сипаттағы ақпараттарды аярап жіберіп отырған. Мұндай мазмұндағы деректер архив қорларында көп кездеседі.

1916 жылғы көтеріліс мәселесін зерттеушілердің Ф. Божко өзінің «Восстание 1916 года в бывший Туркестане» деген шағын еңбегінде «Қырғыздар мен түркімендердің бай-манаптары, ру көсемдері, кедейлердің ықпалымен халық арасына өздерінің беделін көтеру үшін көтеріліске басшылық жасады» - деген пікір айтқан еді (Божко, 1926: 11). Бірақ ол көтеріліске халықтың мүліктік жағдайына қарамай шыққанын, мұндай азаттық күреске халықтың әлеуметтік жіктеліске қарамастан мүдделі болғанын ескермейді.

Онымен салыстырғанда И. Чеканинскийдің 1926 жылы көтерілістің 10 жылдығына орай жарық көрген Жетісудағы көтеріліске байланысты еңбегінің маңызы зор деуге болады. Зерттеуші көтерілістің шығу себептерін, сипатын, салдарын жан-жақты ашып көрсетіп, оның әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани мәселелеріне мүмкіндігінше тыңғылықты тоқталуға тырысқаны байқалады. Ол 1920 жылдары жүріп жатқан пікірталастардағы кейбір көзқарастарды талдауға алып оған қатысты да өзіндік ой-тұжырымдарын білдіреді. Мысалы, көтерілісті «бүлік» деп сипаттау жөнінде «1916 жылғы шілде-тамыз айларында Жетісуда бұрқ ете қалып, соңына қарай бүкіл өңірді қамтыған қазақ көтерілісінің мәселесін кейбір зерттеушілердей «бүлік» ретінде қарастыруға қазіргі жағдайда болмайды, біздің пікірімізше бүлік: 1) тұрғындармен тікелей қарым-қатынасқа түсетін жергілікті биліктің түрлі шараларына тұрғындардың риза болмауы және олардың талаптары мен қажеттіліктеріне

қарсы келетін орталық биліктің директивалары мен жалпы саясатына қайшы болатын, 2) белгілі бір аумақтық шекаралармен шектелетін, өзінің соңғы мақсаты орталықтан басқаратын билік органдарына тосыннан және ұйымдаспаған наразылық білдіру», - деп жазып, бұл пікірлерге өзінің келіспейтіндігін білдіріп «Бұл көрсетілген белгілердің көпшілігін біз 1916 жылғы қазақ көтерілісінен көрмейміз немесе қазақ көтерілісі көпшілік бөлігінде ұйымдасқан, бірқатар жылдар бойы орталық үкімет пен жергілікті биліктің сұрқия «бұратана» саясаттан даярланған, соңғы мақсаты наразы болу емес, қаналған ұлттың өз бетімен және бұқаралық күреспен мойнындағы құлдық қамыт пен шыншырды лақтырып тастап, ұлттың саяси тәуелсіздік жолын тазалап, өзін-өзі билеуге және экономикалық тәуелсіздікке ұмтылу еді», -деп көрсете отырып, «Бұл көтерілісте қазақтардан өз бетінше әрекет етуді және белсенділікті айырып, оларға осы шақтағы «бағыныштылықты», болашаққа деген «белгісіздікті», «қарулы орыс тұрғындарының», орыс әкімшілігінің жауыздығы мен станица бойынша жалшы-қазақты өлтіруге іздеу салған «әйелдің» алдындағы қорқынышты таңуға болмайды» - деген ой айтады (Чеканинский, 1926: 77–78).

1920 жылдардың ортасында көтеріліске байланысты мақалалар жазған белсенді авторлардың бірі Темірбек Жүргенов болды. Ол көтерілістің сипатына байланысты «...1916 жылғы қазақ көтерілісі – ұлт /бөлек ел/ көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді.», - деп атап көрсетіп көтерілістің ұлттық сипатта болғанын айтады (Жүргенов, 1926:). Ресей империясының отарлауы жөнінде, қазақ даласында орыс қалаларының салынуына байланысты саясатын қазақты ғана өзіне қарату ғана емес, ол арқылы Орта Азияны алу, сондай-ақ Қытайға ықпалын жүргізуге ұмтылып, шығыста ағылшындармен тайталасып, бәсекеге түспек болғаны туралы былай дейді: «Патша өкіметі тек қазақты өзіне қаратып қана қоймай, Орта Азияны алмақ болды. Ол Қытайға ықпалын жүргізіп, шығыста ағылшынмен таласпақ болды. Қазақ елін өзіне қаратқанда соғыс-бекіну саясатын осы мақсатына бейімдеп жүргізді. Сондықтан қазақ даласының шет-шетіне Қытайға, Орта Азияға қарай әскердің жүретін жолына қорғандар салынды. Қазақ даласындағы қазіргі қалалар сол қазақ даласына қазақ елін қыспаққа қысуға, Шығыс елдерін отарлауға салған қорғандар. Сондықтан қазақ даласындағы қалалар тұрмыстың айдауымен, шаруа түрінің өзгеруімен салынбай отаршылықтың арқасында өкімет бұйрығымен салынды. Осы қалалар арқылы патша өкіметі қазақ даласын өзіне бағындырды.». Ал қала мен ауыл арасындағы наразылыққа байланысты «1916 жылғы қазақ көтерілісі, дұрысында ауылдың қалаға қарсы көтерілісі еді. Ауыл қалаға қарсы неге көтерілді? Оның себебін іздегенде қазақ қалаларының салынуы тарихына көз жіберу керек» - деп жазады (Жүргенов, 1926). Т. Жүргеновтың бұл мақаласының атауы мен басталуына қарап оның «қала мен ауыл» деп астарлап бергенінде үлкен мән бар екенін байқауға болады. Бұлай деп беру арқылы «қала» деп орыс отаршылдарын, ал «ауыл» деп отаршыл жүйеге қарсы көтеріліске шыққан қазақ халқын меңзегені болса керек. Сонысымен, көтеріліс тұсында орын алған ұлтаралық қақтығысты да ашық айтпай астарлы оймен білдірген еді.

Көтеріліс тұсында ұлтаралық қақтығыстың орын алғанын «Қыр баласы» деген бүркеншік есіммен Ә. Бөкейханов және А.В. Шестаков «1916 жылғы көтерілістің он жылдығы» атты мақаласында ашық жазған еді. А.В. Шестаковта 1920-шы жылдардың ортасында 1916 жылғы көтеріліс тарихына арнап бірқатар көлемді мақалалар жазған белсенді авторлардың бірі. Ә. Бөкейхановтың А.В. Шестаковпен бірлесіп жазған көлемді мақаласында «...Қырғыз ауып, Күншығысы Түркістаннан өтеді. Келімсектер патша әскеріне қосылады, қазақты бірге шабысады, қазақ та келімсекке өштеседі, малын қуып алады, өзін де бұта түбінде бауыздай кетеді. Келімсектер пішеніне, егініне әскер ертіп баратын болады. ... Патшаның әскерімен әдейілеп соғысқан Түркістандағы қырғыз болады. Қырғыздар патшаның әскері қолданған жолды, көпірді, телеграфты талқандайды. Аттанып келіп келімсектердің қаласын шабады. Ұсталар жиылып қару-жарақ соғады. Қарақолға баратын телеграфты тілсіз қылып, Белебот қаласының орыстарын бауыздайды. ... Ағыста Жәркент уезіндегі Қарқара мен Оқұт арасындағы бар келімсектердің бар қаласын шауып, өртеп, адамдарын қырып, әйелін ат көтіне

салады. Қырғыз Қарақолды қамайды, патшаның әскері азар-азар өлдім-талдым деп күшке қорғап қалады. Келімсектердің Марый, Ибан қалалары жермен-жексен болады, қырғыз күлін шашады, адамын бауыздайды. Күлімсобке қаласында 650 орыстан 35-ақ қалады. Қарақолда қырғыз 24 казак-орысты бауыздайды. ... Күзді күні үкімет қазақ-қырғызбен ұрысып қалады, жоғалған адамын санаса, жалғыз Жетісуда қырғыз екі мың орысты бауыздап, мың қатын-қызын күн етіп алып кеткен екен, 1300 қораны өртеп, 1000 қораны аралап, ойрандап кетіпті. Жетісудың жанаралы қырғыз шапқан келімсектің қаласы 94, өртенген қорасы 5373, жараланған адам 684, өлтірілгені 1905 деп үкіметке білдіреді. Әсіресе Ыстықкөлдің аймағы қанға тояды, келімсектен онда 1803 кісі бауыздалып, 1202 орыс аяқсыз жоғалады, 904 қора өртеледі. ...Қырғыз қашқанда орыс та жауынан кекті алады. Ыстықкөлдің қабағында патшаның әскері мың қырғызды бауыздайды, қашқан елдің бар малын олжалайды, нәрсесін үлеседі, қорасын өртейді. Тоқмақтың аймағында 200 қырғызды өлтіреді, 388 кісіні құлданады да, қашып бара жатыр деп 200-ін атып салады. Келімсектің қаласы Белоботта 100 қырғызды ұстап алып, Пісбекке алып жүріп жолда атып-атып тастайды», - деп көтерілісші халықтар мен орыс отаршылдарының арасында ұлтаралық қақтығыстың орын алғанын осылай баяндап, көтеріліс барысындағы болған адам шығыны мен екі жақтың бір-біріне келтірген материалдық шығындарын да көрсетеді (Қыр баласы, Шестаков, 1926: 145). Тым үлкен сілтеме бергеннен гөрі авторлардың пікірлерін талдап көрсетсе ұтымды болар еді.

1916 жылғы көтеріліс тарихы бойынша Әлихан Бөкейхновпен бірге еңбек жазған А.В. Шестаков жеке дара да бірнеше көлемді мақалалар жазып, пікірталастарға белсенді атсалысты. Солардың бірі көтерілістің 10 жылдығына орай 1926 жылы «Историк-марксист» журналында жарық көрген «Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» мақаласы. Бұл еңбегінде ол көтеріліске байланысты 1920-шы жылдардың ортасында шығып жатқан еңбектерді талдауға алып, кейбір авторлардың көзқарастарымен келіспейтіндігін айта отырып мәселелерге қатысты өз ұстанымын білдіреді. Ол Г.И. Бройдоның «...көтеріліс жоғарғы патша әкімшілігінің арандатуымен қырғыздарды жойып, жерін тазарту арқылы үкіметтің отарлауын одан ары жалғастыру үшін жасалған әрекет...» - деген пікіріне және Т. Рысқұловтың «патшалықтың шет аймақтардағы әдеттегі арандату-қанау қызметінің эпизодтарының бірі болды; саяси мәні жағынан маңызды бұл жағдай тұрғындардың өздігінен осындай көтерілісін тудырмауы мүмкін емес еді» деген көзқарастарына қатысты мынадай ой айтады: «Біз белгілі дәреже айтуымыз керек, метрополиядағы жағдай сондай болды, тіптен II Николайдың үкіметі ондай "арандату" туралы ойлайтындай да болған жоқ. Соғыс жылдарындағы қоныс аудару статистикасы оның бұл кезеңде жоққа тән болғанын көрсетеді» (Шестаков, 1926: 2).

Әрине бұл жерде А.В. Шестаков мәселенің бағытын басқаша қарастырып, өз пікірін білдірген еді. Оның бұл пікірімен келісе беруге де болмайды. Өйткені соғыс жылдарында жер алу әлі де жалғасып жатқан болатын. М. Шоқайдың айтуына қарағанда Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылының ішінде-ақ тек Жетісу өңіріндегі қазақтардан 1800 мың десятина жер тартып алынған (Шоқай, 1992: 30).

Осы тұста айта кететін Г.И. Бройдоның көтерген мәселесі бекер емес еді деуге болады. Отаршыл империя Жетісу облысындағы көтерілісті қанды қырғынмен басып-жаншығаннан кейін көтерілісші қазақ және қырғыз халықтарынан жерін тартып алу саясатын жалғастырған-ды. Мысалы, Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаум 1916 жылдың 18 қыркүйегінде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткинге жолдаған жеделхатында: «Орыс қаны төгілген жердің барлығы бұратаналардың иелігінен алынады. Мұндай кек алу орыстар тарапынан айқын байқалуде. Бірақ нақтылы нұсқау керек. Мәселен, Ыстық көл жағалауы, Кебен аңғары, Қастек алқабында орыс қаны молынан төгілді. Осы жерлердің барлығы болашақта қырғыздарға орналасуға тиым салынатын кеңістікке айналады деп ойлаймын» - деп жазып, көтерілістің шығуын пайдаланып, қазақтар мен қырғыздарды өз атамекенінен ығыстыра отырып «орыс қаны төгілген жерлер» деген желеумен жерлерді босатып алуды көздейтіндігін ашық білдіреді (ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 19370-іс. 1-п.). Ал өз кезегінде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткин 1917 жылдың 22 ақпанында патшаға жасаған құпия мәлімдемесінде көтерілісші халықтар келешекте естен

шығармас үшін» оларға қатаң шара қолданылып, «орыс қаны» төгілген алақандай жер болса да көтерілісшілерден тартып алынатындығын айтып «...бұратана тұрғындар терең түсінуі үшін қажет, орыс қанының төгілуі кінәлілерді тек жазалаумен ғана шектелмейді, кезінде Андижан көтерілісінің кінәлілерінен тартып алынған сияқты, бұл жерлерде оны иеленуге лайықты емес бұратаналардан тартып алынуы қажет» - деп көрсетеді (ҚР ОМА. 380-қ. 1-т. 1-іс. 184-п.). Бұл жерде айта кеткеніміз жөн, тарихта Андижан көтерілісі 1898 жылы болған еді. Андижан көтерілісін басқаннан кейін Ресей империясы көтерілісшілерден мемлекеттік қазынаға 2 954 десятина жерді тәркілеп алып, кейін ол жерлер жаңа орыс селоларына айналдырылып, орыстың ауқатты байлары (*«зажиточное русское село» – архивтік құжатта осылай көрсетіледі*) тұратын 200 үйлі елді мекен құрып, оған «Русское село» деген атау берген болатын (ҚР ОМА. 380-қ. 1-т. 1-іс. 184 п.).

1916 жылғы көтерілістен кейін Ресей империясы осы мақсатта тағы да сол саясатын жалғастыратындықтарын айтқан А.Н. Куропаткин аталған мәлімдемесінде: «...бұратана халықтардың әрбір бұрқ етіп көтеріліп орыс қанын төгуі нәтижесінде нақты іске асырылатын бұл принцип, тұрғындардың ақылға келетін бөлігіне ақылға келмейтін бөлігін қару алып орыс билігіне қарсы күресу әрекетін тоқтатуға ықпал жасайды. Бұл бастамалар Түркістан бұратаналарын орыс үкіметіне қарсы өткен жылы жасаған қылмыстары үшін жазалау барысында да іске асырылуда» - деп атап көрсеткен еді (ҚР ОМА. 380-қ. 1-т. 1-іс. 185 п.). Сондықтан бұл деректерге сүйенер болсақ, онда Г.И. Бройдоның айтқан ойында да бір негіз бар деп қарауға болады.

Пікірталасқа қатысушылардың басым бөлігі 1916 жылғы көтерілісті антифеодалдық, отарлық езгіге қарсы көтеріліс болды деп бағалауға ұмтылғаны байқалады. Мұндай баға 1916 жылы болған қайғылы оқиғалардың шынайы мазмұнына сәйкес келе бермейді. Біздің пікірімізше, көтерілістің белгілі дәрежеде антифеодалдық бағыт алуы мүмкін болар, бірақ оның, ең алдымен ұлтаралық қақтығыс сипатында болғанын жасыру мүмкін емес еді. Оған мынадай фактілер куә бола алады. Мысалы, Жетісу облысында көтерілістің ең өршіген жері келімсек орыс шаруалары көп орналасқан аудандар болды. Ал көтеріліс тұсында жергілікті қазақ және қырғыз халықтары орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан, мәселен, Пржевальск уезінде жиырма село түгелдей өртеліп, олардың тұрғындары арасынан төрт мың адам өлтіріліп, мал мен мүліктері талан-таражға түскен (ҚР ОМА. 9-қ. 1-т. 34-іс. 17-п.).

Көтерілістің шығуына отаршыл әкімшілік жергілікті жерде жүргізген саясатының салдарынан ұлтаралық араздықтың туындауына себепші болғанын көтерілісшілердің өздері де айтқан. Мәселен, Нарындық қырғыздардың көтерілісін басқарған Қанат Абукин жандармерияның қолына тұтқынға түскен соң тергеуде берген жауабында көтеріліске дейін-ақ жер мәселесіне байланысты «орыстар өзара наразылығын ашық білдірсе, қырғыздар кегін ішінде сақтады» деп көрсетеді (ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қ. 04727-іс. 299–301-пп.).

Нарын өңіріндегі көтеріліске жетекшілік жасаған Қанат Абукин көтеріліс басып-шаншылғаннан кейін тұтқынға түсіп Верныйдың гаупвахтасында отырған кезінде одан 1916 жылдың 20–23 қараша күндері бірнеше күн қатарынан жауап алынған. Тергеуге жауап беру барысында көтерілістің шығу себептеріне, көтеріліс тұсында орын алған жағдайларға жан-жақты дауап бере отырып оған себепші отаршыл жүйенің өлкеде жүргізген саясаты мен отаршыл әкімшіліктің және қоныс аудару келген орыс шаруаларының кінәлі екенін, негізгі себептердің бірі жер мәселесі болғанын, соның салдарынан көтеріліс кезінде ұлтаралық қақтығыстың орын алғанын ашық айтқан болатын (ӨР ҰА. Р-17-қ. 1-т. 273-іс. 397–399-пп.).

Қазақстанда 1916 жылғы көтерілістің 15 жылдығын атап өтуге байланысты 1931 жылы Ф. Голощекин атындағы Комвужда арнайы пікірталас ұйымдастырылған болатын. Пікірталаста қызу талқылаулар болып, оған қатысушылар көтерілістің алғышарттары, барысы мен сипаты, маңызы, т.б. мәселелерге қатысты ойларын ортаға салған еді. Бұл талқылауда 1916 жылғы көтерілістің ұлттық сипаты туралы айтылмай, оны әлеуметтік-таптық мүдделер қақтығысы ретінде көрсету басымдық алды. Осы бағытта көтерілістің қоғамды Октябрь

социалистік революциясына даярлаған негізгі фактор ретінде қарастыру жағына көңіл бөлінді (ҚР ПА. 811-к. 20-т. 752-іс.)

1936 жылы көтерілістің 20-жылдығына орай тағы да еңбектер жариялана бастады (Брайнин, Шафиро, 1936). Бұл кезде жүргізілген пікірталастарда советтік идеология көтеріліске жетекшілік жасаған жеке тұлғалардың бейнесін ерекше сомдау арқылы да көтерілісті 1917 жылғы Қазан ревволюциясымен байланыстыруға тырысқан-ды. Және қоғамды бір-біріне қарсы қойып, көтеріліс тарихына бір жақты таптық тұрғыдан баға беру саясатын іске асыра бастаған еді. Сондай саясаттың құрбаны болғандардың бірі – Амангелді Имановтың бейнесі. Ол жөнінде Мұстафа Шоқай көтерілістің 20 жылдығына орай жасалып жатқан советтік идеологияға байланысты жазған «Батыр большевик Амангелді хақындағы ақиқат» атты мақаласында талдауға алады. Ол аталған мақаласында «Түркістан қазақтары газеттерінің беттерінен көптен бері жиі кездесетін есімдердің бірі – 1916-шы жылғы Торғай далаларында орыс үкіметіне қарсы көтерілген халық көтерілісінің басшысы – Амангелді Иманов. Ол турасында баспасөз беттерінде қисапсыз көп материалдар жарияланды. Ақындар толып жатқан өлең-жыр, дастандар шығарды, драматургтер сахналық қойылымдар дайындады және тағы да дайындап жатыр. Ол аз болса, Амангелді өмірінен фильм түсірілуде, оған арнап ескерткіш тұрғызылуда» - деп бастап ары қарай Амангелді Имановқа сипаттама бере отырып былай дейді: «Осы айтылған мақала, өлең-жыр, сахналық қойылым, кинофильм және ескерткіштердің бәрі «әліпті таяқ деп білмеген», Торғай өңірінен басқа жер, өз руынан басқа ел көрмеген қараңғы Амангелдіні дүниеде теңдесі жоқ төңкерісшіл, ұлт пен ұлтшылдықтан жоғары тұратын интернационал большевик, дінге дұшпан, Түркістан түріктігін орыс большевизмі және интернационалдық төңкерісшілдікпен табиғи түрде тығыз жымдастырған ірі тұлға ретінде көрсету идеясына қызмет етіп отыр». Осындай идеологияға қызмет жасап отырған қазақ қаламгерлері Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепұлын да қатты сынға алып «...Майлыұлы Бейімбет пен Мүсірепұлы Ғабиттер орыс жазушысы Всеволод Ивановпен бірлесіп «Социалды Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған мақалаларында Амангелдінің большевиктік бейнесін жасауға тырысқан болса, халық ақыны Есенбайұлы Сағит дәл сол «Социалды Қазақстанда» жариялаған «Амангелдінің шабу жылы», «Ердің өлімі» атты жырларында Амангелді бейнесін шындыққа жақын суреттейді» - дей келе Амангелдінің большевиктік бейнесін сомдауға тырысқан Есенбайұлы Сағит көтеріліс кезінде Ақтөбенің темір жолы бойында жұмыс істеп жүрген жұмысшы-большевик болатындығын айтып, оның Амангелдінің бейнесін бұрмалауы туралы «Есенбайұлы да Амангелдіні боямалап, бұрмалап большевикке жақындатпақ болады. Бірақ көздеген мақсатына жете алмайды. Өзін Амангелдінің саптасы ретінде көрсетуге тырысқан Есенбайұлының суреттеуінде батыр бейнесі таптан да, ұлттан да, құдайдан да безген біреу болып шыққан», - деп жазады (Шоқай, 1999: 79–80).

Советтік кезеңде жарық көрген еңбектерде Амангелді Имановтың өлімін алашордалықтардан, оның ішінде Міржақып Дулатовтан көріп келгені де белгілі. Ол жөнінде де М. Шоқай аталған мақаласында Амангелдінің өліміне байланысты оқиғаның қалай болғанын жазып, бұл оқиғаға белгілі дәреже Әліби Жангелдиннің де қатысы барын былай деп көрсетеді: «Ақырында «алашордашымын» деген жалған бұркеншік атты жамылып, қыпшақ руынан шыққан Степнов-Әліби Жангелдин Торғай даласына жетті. Өз басы қазақ даласына аттап баса алмас еді. Оның жанында орыс қызыл гвардиясы жүрді. Көп өтпей Степнов-Жангелдин төреден шыққан Әлихан мен арғыннан Ахмет, Мирякубтарға қыпшақ Амангелдіні айдап салды. Степнов-Жангелдин мен Амангелдінің маңайына орыс қызыл гвардиясы мен орыс мұжықтарын топтап қиян-кескі соғыс ашты. «Большевик» сөзін «қыпшақ» деп түсінген қараңғы Амангелді алашордашылармен болған бір шайқаста қаза тапты.» (Шоқай, 1999: 82).

Әрине, бұл айтылғандарға және азамат соғысы тұсында қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайларға қарай отырып Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі, сардарбек, батыр Амангелді Имановтың бір қоғамды екі бөліп, бір-біріне қарсы қойған советтік сұрқия саясаттың құрбаны болғанын байқаймыз.

Осы 1936 жылы С. Брайнин мен Ш. Шафионың «Восстание казахов Семиречья в 1916 году» шағын еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбекте: «Байлар мен манаптарға келер болсақ, олардың ұстанымы анық болатын, самодержавияның одақтасы ретінде мобилизацияны дайындау мен өткізуге кірісті. ...Отарлық әкімшілік пен олардың итаршылары ауылдар ішіндегі большевиктер жетекшілік еткен революциялық қозғалыстың күшейіп келе жатқанын көпшіліктен жасыруға қауқарсыз болды, бұған облыстағы орыс тұрғындары да ынталы болды» - деп орыс пролетариаты мен большевиктер партиясының «жетекшілік» ролі баса көрсетіліп, біз қарастырып отырған 1916 жылғы көтеріліс мәселелерін баяндауға байланысты советтік тарихнаманың негізгі бағыттары мен тұжырымдарын, көтеріліске жетекшілік жасаған ауқатты топ өкілдері мен ұлттық зиялыларға қатысты «ұстанымдарын» бекітіп берді деуге болады (Брайнин, Шафиро, 1936: 40).

Олардың бұл ұстанымдары 1916 көтеріліс тарихына қатысты кейінгі зерттеулерге де әсер етіп, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін басымдық алып келген еді. Ол жөнінде белгілі тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев былай деп дұрыс ғылыми негізді пікір айтады: «... Брайнин мен Шафиро іргетасын қалаған кеңестік тарихнама ұстанымы соңғы жылдарға шейін өзгеріссіз келді. Мәселен бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томында құрамында бірде-бір қазақ болмаған большевиктер партиясының соғыс жылдарындағы қызметі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығын байқаймыз» (Қойгелдиев, 2008: 231).

Советтік тарихнамада осылайша ұлт зиялыларының Бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметін тар таптық идеология тұрғысынан бір жақты ғана бағаланып немесе мүлде айтпауға тырысты.

1940–1950 жылдары да 1916 жылғы көтеріліс мәселесі назардан тыс қалған жоқ. Орта Азия мен Қазақстандағы көтерілістің тарихын зерттеуде біршама жұмыстар атқарылды. Олардың қатарына Б.Сүлейменовтың, О. Кулиев пен А. Якуниннің, Т. Елеуовтың еңбектерін арнады. Бұл тарихшы ғалымдарда 1916 жылғы көтеріліс мәселелерін зерттеу аясын біршама кеңейтіп, өзіндік үлес қосқанын айтқанымыз орынды болар. Алайда, оларда өз зерттеулерінде советтік идеологияның шеңберден шыға алмай мәселелерді бұрынғыша таптық тұрғыдан қарастырды (Сүлейменов, 1948: 18–20, Кулиев, Якунин, 1953: № 3, Народно, 1955.).

1954 жылы 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында Совет одағы коммунистік партиясының Орталық комитеті және ССРО Ғылым Академиясының бастамасымен Орта Азия мен Қазақстан тарихшыларының Қазан төңкерісіне дейінгі тарихының кезеңдеріне арналған Біріккен ғылыми сессиясы өтіп, онда Орта Азия халықтарының тарихын кезеңдеу, Орта Азия мен Қазақстанда буржуазиялық ұлттың қалыптасуы, патриархалды-феодалдық қатынастар, 1916 жылғы ұлттық қозғалыстардың сипаты мен ерекшеліктері төңірегінде пікірталастар болады. Бұл ғылыми жиында Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің сипаты жөніндегі мәселелер жеке талқыланады. Аталған мәселе бойынша пікірталастарға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан тарихшылары Х.Т. Тұрсынов негізгі баяндамашы ретінде, ал Т.Е. Елеуов, А.Г. Зимма, О.К. Кулиев, П.А. Ковалев, т.б. қосымша баяндамашылар қатысып, аймақтардағы көтеріліс сипатына, себептеріне, барысына, т.б. мәселелеріне байланысты баяндамалар жасайды. Осы сессияда негізгі баяндама жасаған Х.Т. Тұрсынов «Ең бір күрделі, сонымен қатар тыңғылықты зерттеуді талап ететін маңызды мәселелерінің бірі Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің сипаты туралы мәселе» дей келе, советтік тарих ғылымы 1916 жылғы көтеріліс тарихын жан-жақты зерттеуге негіз қалады, ондаған брошюралар, мақалалар, тезистер; бірнеше құжаттар жинағы жарық көрді, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Соған қарамастан Орта Азия мен Қазақстандағы тарихи әдебиеттерде толық көрініс таппады. Аталған тақырыпқа арналған көптеген жұмыстардың мазмұнында қателіктер мен бұрмалаушылықтар бар екенін айтып «1916 жылғы көтеріліс туралы жазған авторлардың басым көпшілігі бұл қозғалысты прогрессивті, ұлт-азаттық қозғалыс ретінде сипаттайды. Бірақ бұл көтерілісті зерттеген көптеген тарихшылар, оның ерекшеліктері мен жергілікті жерлердегі және аудандардағы айырмашылықтарын көрсетпейді, көтерілістің жекеленген реакциялық ошақтарының бар екенін айтпай айналып өтеді. Сонысымен феодалдық-клерикалдық, пасисламдық,

пантүрікшілдік және 1916 жылғы көтерілісті халыққа қарсы пайдаланбақ болған шетелдік жаулық элементтерді жасыруға тырысады»-деп баяндайды (Материалы, 1955: 278–279). Х.Т. Тұрсынов одан әрі «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымының авторлары (том 1), 1916 жылғы көтерілісті шаруалардың патшалыққа және бай-феодалдарға қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысы деп баға бере отырып, Жетісу облысындағы көтерілісте жекеленген реакциялық ошақтардың болғанын ашып көрсетпейді, сонысымен феодалдық-клерикалдық элементтерді жасырады. Оған қоса, олар Жетісудың оңтүстігіндегі реакциялық көтерілісті бұқара халықтық қозғалыс жариялайды» деп «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымының 1-ші томын даярлаған авторларды сынға алады (Материалы, 1955: 279). Баяндамасының бірқатар бөлігін сыни тұрғыдан берген Х. Тұрсынов көтерілістің сипаты туралы «Орта Азия мен Қазақстанның көпшілік аудандарында 1916 жылғы көтеріліс революциялық, ұлт-азаттық бұқаралық қозғалыс болды. Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс тұсында антифеодалдық қозғалыс барлық жерде бұқаралық сипат алмағанымен, бірақ одан әрі даму тенденциясына ие болды. Империализм кезеңіндегі ірі ұлттық қозғалыстардың бірі – 1916 жылғы көтерілістің қозғаушы күші – шаруалар мен еңбекші бұқара болды», - деп көтеріліске таптық сипат бере отырып, ондағы орыс пролетариатының «жетекші» рөлі жайында «Орта Азия мен Қазақстанның еңбекші бұқарасы 1916 жылғы көтеріліс тұсында орыс пролетариатының көмегі мен жетекшілігінің арқасында ғана әлеуметтік және ұлттық езгіден құтыла алатынына көзі жетті. Еңбекші бұқара тек орыс жұмысшы табының және Коммунистік партияның басшылығымен ғана патшалық пен капитализмнің қанауынан толық бостандық ала алды» деген қорытынды жасап, 1930 жылдары большевиктік идеологияның берген «бағыт-бағдары» арнасынан ары аса алмай, орыс пролетариатының «ағалық» орны мен компартияның «жетекшілік» рөлін тағы да дәріптеген еді (Материалы, 1955: 291, 293).

Осы тұста ерекше көңіл бөлетін бір мәселе «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымымен қатар «Өзбекстан халықтарының тарихы» кітабының да екінші томы сынға ұшыраған екен. Ол туралы Х.Т. Тұрсынов баяндамасында «Өзбекстан халықтарының тарихының» екінші томында, сондай-ақ 1947 жылы жарық көрген «Өзбекстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» мақалалар жинағында феодалдық-клерикалдық топтардың реакциялық рөлі ашылмаған, соның салдарынан Жизақ қаласындағы және Жизақ уезінің бірқатар болыстықтарында көтеріліс халыққа қарсы, панисламдық бағыт алды. Аталған жұмыстардың авторлары жизақ көтерілісін Өзбекстандағы 1916 жылғы көтерілістің шарықтау шегі деп қателеседі» - деген пікір білдіреді (Материалы, 1955: 279).

Бұл жерде баяндамашы Жизақ қаласы мен оның уездерінде болған көтеріліс барысындағы орын алған ұлтаралық шиеленіс пен жазалаушы әскердің жауыздығы туралы жазылған еңбектерді сынға алады. Егер тарихи деректерге сүйенсек Жизақ қаласы мен оның уездеріндегі көтерілісті басуға жіберілген ерекше жазалаушы әскер жергілікті халықты асқан қатыгездікпен қырып-жойып, Жизақ қаласын жермен жексен етіп талқандаған еді. Ол туралы 1916 жылы қыркүйек айының ортасында Төртінші шақырылымдағы Ресей Мемлекеттік думасына түсірілген депутаттық сауалға сәйкес патша жарлығын орындау барысында жіберілген заңсыздықтарды, көтеріліске байланысты туындаған оқиғалармен болған жерінде танысу үшін Дума мүшелері А.Ф. Керенский мен Қ. Тевкелев, мұсылман фракциясының бюро мүшесі Ш. Мұхаммедияров, Мұсылман бюросының хатшысы М. Шоқай Түркістан өлкесіне келіп жергілікті жерде көтерілістің шығу себептерімен, оның салдарымен жан-жақты танысып қайтқан болатын (ӨР ҰА. И-1-қ. 31-т., 1139-іс. 1-2 пп.). Мемлекеттік думаның 5 сессиясының 1916 жылғы 13–15 желтоқсанында өткен 16 отырысының жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған көтеріліс мәселелерін талқыға салып, Мемлекеттік дума мінберінен де ашық айтылған еді. Сондай-ақ Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин 1917 жылдың 22 ақпанында патшаға берген құпия мәлімдемесінде зардап шеккен орыс тұрғындары мен чиновниктер туралы айта келіп «Жизақ уезіндегі көтерілісті басу үшін Ташкенттен ерекше жазалау жасағы жіберіліп, олардың әрекеті барысында 1-ші тамызға қарай тұрғындар толық тыныштандырылды» деген болатын (ҚР ОМА. 380-қ. 1-т. 1-іс. 175-п.).

Орта Азия мен Қазақстан тарихшыларының Қазан революциясына дейінгі тарихының кезеңдеріне арналған Біріккен ғылыми сессиясында Қазақстан тарапынан Т.Е. Елеуов «Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің негізгі мәселелері» тақырыбында қосымша баяндама жасаған болатын. Ол көтерілістің сипаты мен қозғаушы күштері жөнінде «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық, шаруалық сипатта болды және патша самодержавиясы мен кей жерлерде феодалдар және байларға қарсы бағытталды.» - деп бірқатар мәліметтер келтіре отырып, оның қозғаушы күші қазақ еңбекші бұқарасы болғанын айтып көтеріліске таптық сипат береді. Қазақ зиялыларына байланысты «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліске сондай-ақ қазақ демократиялық интеллигенцияның өкілдері: Торғай облысында Әліби Жангелдин, Атбасар уезінде Әділбек Майкөтов, Жетісу облысында Тоқаш Бокин белсенді қатысты. Ұлы Қазан социалистік революциясы тұсында Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин, Әділбек Майкөтов, Тоқаш Бокин Совет үкіметінің Қазақстандағы жеңісінің керемет күрескерлері болды» - деп, 1917 жылғы Ресейдегі революциялық өзгерістер кезінде большевиктік бағыт ұстанып Қазақстанда Совет үкіметін орнатуға белсенді атсалысқан күрескерлер ретінде атап айтады. Ал алаштық ұстанымдағы зиялылар жөнінде «1916 жылғы көтеріліс кезінде буржуазиялық ұлтшылдардың контрреволюциялық бейнесі анық байқалды, алашордалықтар қазақтарды тыл жұмыстарына мобилизациялау ісінде, сосын көтерілісті басуда патшалықтың тікелей көмекшісі болды» - деген еді (Материалы, 1955: 304–305). Әрине бұл жерде Т. Елеуов алаштық зиялылардың қалыптасқан жағдайға байланысты әрекет еткенін ескермей, оларға қатысты советтік тарихтанудың салып берген «сара жолына» түсіп айтып отырғаны белгілі. Ал көтеріліс тұсындағы күрделі жағдай туралы, М. Дулатовтың сөзімен айтқанда «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі бас амандап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бишара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?» - деп жанталасып жасаған әрекеттері жайлы бір ауыз сөз айтпай, «... «Сайланған сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кіріскен» (Дулатов, 1926: 304–305). кезде қайтсек алаш жұртын жазалаушы әскердің қырғынынан, төніп келе жатқан қатерден қорғап қаламыз, қайтсек ел бірлігін сақтаймыз деген зиялылардың ізгі ниеті мен атқарған қызметін жоққа шығарған Т. Елеуов, сол бір тарихи кезеңде қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдаймен санаспай, біржақты тар таптық идеология тұрғысынан ғана сипаттауға тырысады.

Т. Елеуов баяндамасының қорытындысында «Көтеріліс буржуазиялық ұлтшыл-алашордашыларды қазақ еңбекші бұқарасының алдында әшкереледі, ауылдағы тап күресін шиеленістірді және бұқараның санасына саяси сабақ берді. Ол бұқараға патшалықты, империализмді тек орыс пролетариатының жетекшілігі және Коммунистік партияның басшылығымен ғана жеңуге болатынын көрсетті» - деп негізгі баяндама жасаған әріптесі Х. Тұрсыновтың тұжырымдамасын қолдап, нақтылай түседі (Материалы, 1955: 311).

Қырғызстандықтар тарапынан баяндама жасаған тарихшы А.Г. Зимма көтерілістің шығу себептеріне, сипаты мен қозғаушы күштеріне, барысына тоқтала отырып жетекшілері жөнінде «Бұл жерде көтерілісшілердің көсемдері кедейлер болды. Орыс поселкаларына көтерілісшілер шабуыл жасаған жоқ және орыс шаруаларына тиіскен жоқ. Манаптардың көмегімен патша билігі көтерілісшілерді қанға бояды» - деп көрсетеді. Әрине бұл тұста А.Г. Зимма тіптен дұрыс айтпай отыр. Көтеріліске басым көпшілік жағдайда жетекшілік жасағандар ауқатты топтың өкілдері еді. Оны архив деректері де, басқа дерек көздері де растайды. Ал көтерілісшілер орыс поселкелері мен шаруаларына тиіскен жоқ дегені де тарихи деректерді көпе-көрінеу бұрмалау болып табылады. Біз жоғарыда бұған қатысты көптеген тарихи деректер келтіргенбіз.

А.Г. Зимма жазалаушы әскер мен келімсек орыс шаруаларынан құралған халық жасақтарының көтеріліс басу барысындағы қатыгездігіне шыдамай бас сауғалап Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болған Ыстықкөл өңірінің қырғыздарына байланысты «1916 көтерілістің сипатын түсіну үшін мына фактілерде қызық, Қытайға қашқан қырғыздар самодержавия құлағанын естіген соң, тез арада орыстар да тұратын өздерінің туған жерлеріне қайта бастады», - деп баяндайды (Материалы, 1955: 318). Бірақ ол босқындардың Қытайға

қоныс аударып, одан кері қайтуын оп-оңай болған сияқты айтады. Аштық пен босқыншылыққа ұшырап, ары-бері өту барысында олардың көрген қорлықтары мен азаптары жайлы, оларға араша түсіп аштық пен босқыншылықтан құтқаруда, кері қайтаруда қазақ пен қырғыздың ұлттық зиялыларының атқарған қызметтері мен көрсеткен көмектері туралы бір ауызда сөзде айтпайды. Сонымен қатар ол көтеріліс барысында орын алған адам өлімдері, тонаушылық және басқа келеңсіз құбылыстарды манаптар, байлар мен патшалық биліктің, кулактардың ұйымдастырғаны деп айыптайды (Материалы, 1955: 319). Әрине бұл баяндамашы тарапынан жасалған әділетсіз айыптаулар еді.

Ал көтерілістің сипатына қатысты жасаған қорытындысында ол «...Негізінен бұл көтеріліс прогрессивті сипатта болды және патшалық пен бай-феодалдық элементтерге қарсы бағытталды. Сол тұстағы Ресейде басталған жалпыреволюциялық қозғалыстың ықпалымен бұл осы қозғалыспен ұштасты және Ресейдің халық бұқарасының патшалық пен соғысқа қарсы күресіне тоғысты» - деп аталған жиындағы әріптестерінің тұжырымын қайталайды.

Сонымен қатар, жекеленген жерлерде феодалдық-клерикалдық элементтер көтерілісті реакциялық, орысқа қарсы, феодалдық-монархиялық қозғалысқа айналдырды. Реакционерлер бұл қозғалысқа қырғыз халқының артта қалған бөлігін ғана тарта алды.

1916 жылғы көтеріліс қырғыз халқы үшін саяси тәрбиелеу мектебі болды. Ол қырғыз халқына манаптар мен байлардың сатқындығын және орыс революциялық пролетариатымен тығыз одақтаса отырып және оның жетекшілігімен ғана қанау мен езгіден құтыла алатындығын көрсетті. Қырғыз халқына ол бостандықты жеңімпаз Ұлы Қазан социалистік революциясы алып келді» - деген тұжырымымен советтік кезеңде «аға халық» рөлін атқарып келген орыс пролетариаты болмаса және компартия болмаса қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. халықтар бостандық алмас еді деген таптаурын болған ойды білдерсе керек (Материалы, 1955: 319).

Түркіменстандықтардан баяндама жасаған О.К. Кулиев 1916 жылғы көтеріліс туралы мәселе Түркіменстандағы ғылыми қауымдастықпен тарапынан бірталай рет талқылауға алынғанын, бірақ ұзақ уақыт бойы дұрыс шешім таба алмағандарын айта келіп, «Мен 1916 жылғы қозғалысты прогрессивті деп бағалай отырып, бірақ оның кей жерлерде орыстарға қарсы бағытталған реакциялық ошақтарының болғанын байқамаппын, сондай-ақ оған қоса Гүргендегі көтерілісті реакциялық деп мойындай тұра, мен орыс бодандығы бар Атрек түркімендердің оған қатысқандары болмады деуші едім» - деп көрсетіп, бұрынғы айтқан кейбір ойларынан бас тарқандай болады (Материалы, 1955: 320).

Осы пікірталасқа В.И. Ленин атындағы Ортаазия мемлекеттік университетінен П.А. Ковалев қатысып «Отарлық Түркістанның өзбек және тәжік аудандарындағы 1916 жылғы көтерілістің сипаты» тақырыбында қосалқы баяндама жасаған. Ол баяндамасында отарлық жағдайдағы Түркістанның өзбек және тәжік аудандарындағы көтерілістің шығу спецификасы мынада: «1) маңызды шығыс отарының бірі, орыс империализмінің негізгі мақта базасында; 2) патшалықтың шет аймақтарының өзінде қарулы күштерін алаңдатқан, дүниежүзілік империалистік соғыстың қызған шағында; 3) империализмнің жалпы дағдарысы жағдайында және 1915 жылдың соңына қарай көпұлтты империяның шет аймақтарына ықпал еткен Ресейдегі революциялық ситуацияның қалыптасуы жағдайында еді» деп көрсетіп, «маған көтерілістің алғышарттары мен себептеріне тоқталып керегі жоқ, бұл мәселелер Х.Т. Тұрсыновтың негізгі баяндамасында кең түрде айтылды, жалпы біздің баяндамаларымыздың мәселелері ұқсас» дей келе, негізгі баяндамашының айтқан кейбір мәселелерімен өзінің методологиялық тұрғыдан келіспейтіндігін білдіреді (Материалы, 1955: 329). 1916 жылдың соңына қарай аталған аудандардағы көтерілістің басып-жаншылғанын айтып, «Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс жеңіліс тапты. Ол Ресейдегі бас көтеріп келе жатқан жұмысшы пролетариатымен әлі де болса тығыз байланыс орната алмаған шаруалардың ұлт-азаттық қозғалысы ретінде, шаруалардың стихиялық көтерілісі ретінде, жеңілмеуі мүмкін емес еді» - деп қорытады (Материалы, 1955: 337).

Аталған ғылыми жиында жарыссөзге де бірнеше адам шығып өз ойларын ортаға салған еді. З.Ш. Раджабов баяндамасында Ходженттегі 1916 жылғы көтеріліс мәселелеріне

байланысты мұндағы көтерілістің жан-жақты зерттелмегеніне көңіл бөліп бірнеше қорытынды ойын айтып «Ходженттегі көтеріліс Орта Азиядағы 1916 жылғы оқиғалардың басы болды. Ол патшалыққа қарсы бағытталды және сөзсіз ұлт-азаттық сипаты бар. ... ходжент көтерілісінің негізгі қозғаушы күші шаруалар. Кедейленген ұсақ өндірушілер, қаланың кедей адамдары болды. Ал ауқаттылар патша жағына шықты» - деп белгілі мәселелерді тағы қайталағандай болады да, көтерілістің стихиялық болғанын, оған пролетариат жетекшілігінің жетіспегендігін айтып, таптық тұрғыдан баға береді (Материалы, 1955: 341–342). Келесі сөйлеген Т.Н. Колесникова Өзбекстандағы көтеріліс тарихы бойынша жарық көрген тарихи әдебиеттердегі кейбір ұстанымдарға байланысты өз ойын білдіріп, мәселені түсіндіруде бір қадам болса да алға жылжу бар екенін айтады. Сонымен қатар, ол көтерілісті одан әрі тереңдете зерттеу қажеттігін, оның шығу себептеріне шет елдік тыңшылардың да әсері болғанын айтады (Материалы, 1955: 342–349). Әрине оның айтқан ойымен келісуге болмайды. Бұл мәселені кезінде империялық биліктің жандармдық-полициялық қызметі отарлық жүйенің жергілікті жердегі озбыр саясатын бүркемелеп жасыру үшін, көтерілістің шығу себептерін шет елдік тыңшылардың әрекеті деп көрсеткен еді. Ал негізі көтерілістің шығуына себепкер болғанда, оның алғы шартын қалыптастырған да Ресей империясының отарлық билігінің бұратана халықтарға қатысты ұстанымы мен жүргізген саясаты болатын.

Қорытынды. 1916 жылғы көтеріліс мәселелерін зерттеу 1920 жылдары қолға алына бастады. Бұл кезеңдегі зерттеулерге ұлт зиялылары да атсалысып, өзіндік көзқарастарын білдірді және ол зерттеулерде көтеріліске ұлттық сипат беру басым болды. Жарық көрген зерттеу мақалаларында мен басқа да шағын еңбектерде көтерілістің алғышарттары, барысы, оның жетекшілерінің орны мен рөліне, көтеріліс тұсындағы ұлт зиялыларының ұстанымы мен қызметіне қатысты да мәселелер қарастырылды.

This shows that newspapers and magazines such as "Ayqap", "Qazaq", "Aq zhol", "Saryarka", etc., which aimed to disseminate political and cultural ideas of the progressive-democratic process initiated by national intellectuals, gave a new impetus to the consideration of women's issues and contributed to the increase in activity on the part of women in raising this issue (Zhussip, Kozybayeva, 2022: 102).

Alash intellectuals raised the questions of women's equality in the XIX–XX centuries, which led to the release of the first literary works. Among them is a series of poems dedicated to a number of women's situations by Magzhan Zhumabayev. The author's collections of poems "Night was", "Asyk (national game) spinning", "Zhas Kelin (bride)", "Ulbosyn", poems "Sholpan", "Sisters" reflected the difficult fate of Kazakh girls, and modern feminist views on the female image are also observed (Zhumabayev, 2003: 208).

Alikhan Bukeikhan, in his work "Sheep Breeding in the Steppe region", raises the problem of social inequality and shows that the tradition of giving dowry makes the situation of women even more difficult, especially women from poor families. It is for this reason that women became objects of trade and were forced to do all the hard work, and as the well-being of the family decreased, the woman's condition worsened. In addition, the author argues that when the Rich had the opportunity to have several wives, the poor could not afford to have a family (Bokeikhan, 1995: 478). Alikhan Bukeikhan conducts a scientific analysis and determines the economic significance of the number of livestock, its impact on social inequality. That is, it is concluded that the number of livestock directly affects the life of a person, is the main decisive factor in the ritual of marriage. Therefore, as a result of a scientific analysis, the problem of increasing the number of singles among the poor, the employment of men in the household, and the problem of women being forced to do hard labor in the homes of the wealthy was identified through scientific analysis.

One of the works that aims to show the fate of Kazakh women of the twentieth century is the novel by Mirzhakyp Dulatuly "Unfortunate Zhamal". The author dedicated his work to the fate of a woman, which was one of the most pressing social topics in Kazakh society. In the novel, the fate of the main character Zhamal is not taken lonely, also the life of Kazakh women and the life of the Kazakh people of that time are intertwined, real, in continuity with the social problems of that time. The transformation of the issue of "Women's equality" into one of the main populist topics in Kazakh literature at the beginning of the twentieth century is inextricably linked with its introduction not only in feminist circles, but also with the introduction of a new civilization, the demonstration of the tenacious fighter character of the Kazakhs, striving for spiritual freedom and general freedom. For this reason, the novel "Unfortunate Zhamal" is one of the works written to revive the idea of liberation in a broad sense (Shashaeva, Kozybayeva, 2022: 192).

Zhussupbek Aimaurov's novel "Akbilek" and the story "Kunikei's guilt", written on this issue, together with the female situation, raise the topic of family values in traditional patriarchal Kazakh society. The novel "Akbilek" depicts the life tragedy of a young Kazakh girl who becomes someone's hobby. The author draws attention to the fact that this is not just a difficult fate of one girl, but a great grief that will be honored by the whole people. The novel touches on complex social, National and gender issues related to the fate of a woman. Zhussupbek Aimaurov describes a woman not only in the family circle, but also at the personal level and deeply analyzes her psychology. Through Akbilek, the author describes the desire of a woman to defend her rights and find her place in society. There is reason to believe that this is the first feminist prose work in Kazakh literature.

And Sultanmakmurt Toraigrov, a well-known poet, author of the novel "Kamar Sulu" and the pamphlet "Getting married" on women's equality, dedicated his poem "Acquaintance" to Nazipa Kulzhanova, a representative of the Alash movement, the first journalist from Kazakh girls:

"...A lady named Nazipa is famous,
She is known in newspapers and magazines.
If she were to read, she would be such a woman,
Those who read would appreciate the taste of words.
No matter how many days you search,
You will never find,

A more honest soul than Semey..." – Nazipa Segizbaykyzy admired the creativity and humanity of the author.

Nazipa Kulzhanova is one of the first female figures among the Kazakh intellectuals. She was not only a teacher, but also an activist in the press, proving that women need to be involved in culture and education. In her article "Kazakh kyzyna (to the kazakh girl)", published in the magazine "Aikap" in 1913, she touched upon the importance of raising and educating girls. Nazipa is one of the first persons who publicly expressed feminist ideas in Kazakh society (Shashayeva et al., 2025: 1555).

The name of Nazipa Kulzhanova, the first journalist, translator, educator, and member of Alashorda, appears in the writings of OGPU member Kashirin about Alashorda. It says, "Alash" Orda residents were also elected as delegates to the provincial congress: Kulzhanova and others. Tanashev, a representative of the People's Commissariat for Nationalities, and Iskulov, from the Western Alash Orda administration, arrived at the 3rd Congress of All-Kyrgyz Soviets in Orenburg. Before the opening of the congress, Tanashev, Kulzhanova, Nakhimzhanov, Barlybayev, Baitursynuly, etc. Alashordash people wanted to form a faction from Kazakhs who were not in the party. The group of activists, having consulted, nominated Baitursynuly, Turmukhanbetov, Tanashev to the presidium of the congress, and Kulzhanova as a candidate. "According to the proposed list, only Kulzhanova was nominated as a public representative of the women's community", it is reported. This document proves that Nazipa Kulzhanova was actively involved in Alashorda activities on an equal basis with men (AP RK. A. 139. P. 1. C. 550. P. 29).

However, despite the above facts, over the years there has been a misconception that the elimination of inequality in Central Asian women is only the achievement of Soviet power. Despite the fact that women serve the same as men, the right to vote, and the opportunity to engage in social and political work, its compensation on the part of women was more expensive. During the policy of

the Soviet authorities, women were mercilessly spent as a means of helping to get out of the economic crisis and were persecuted when they were unnecessary. The fact that, according to the original plan of the Bolsheviks, the campaign to give equality to women was only a vision, is confirmed by the words of V. I. Lenin at a meeting with K. Tsetkin: “It is necessary to consider in depth that the social and human condition of a woman has an inextricable connection with the presence of private ownership of the means of production. Thus, the firm, indelible border between our position and bourgeois feminism is clearly defined. This is the basis for viewing the women's problem as part of the social, workers' problem and linking it with the revolutionary class struggle of the proletariat. Communist women should not have separate organizations. There should be no disagreement on this issue. To conduct work among women, special propaganda methods are needed, but this is not the Emancipation (equalization) of women, this is revolutionary practical expediency” (Milovidova, 1929: 416–420).

That is why the paradoxical policy of the small republics, which was only a mechanism for the rapid delivery of communism, caused discontent among the intelligentsia. For the same reason, it is clear that this ended with the terrible persecution of the 30s. However, in a short time, Alash ziyor managed to leave a deep-thought, progressive mobile ideas and an indelible legacy at the disposal of generations.

Conclusion

In the context of increasing interest in the intellectual history of Kazakhstan, the topic of women's problems not only makes the “silent”, “unheard” voices of the past heard, but also allows us to rethink the role of the Kazakh woman in social development. Therefore, a new impetus in the progress and development of historical science gave special social significance to our research topic and opened the way to a modern interpretation.

Although representatives of the Alash intelligentsia did not directly associate female equality with the concept of “feminism”, their ideas and activities were aimed at establishing gender justice in Kazakh society. The main point in the works of the Alash intellectuals given above is that the status of a woman as a social equal is the main factor affecting spiritual independence and national modernization. Today, these ideas are seen as a national-based form of feminism. These views on women, proposed by Alash intellectuals, are important as the historical foundation of modern gender policy in Kazakhstan.

Although the positions of Alash intellectuals in this direction differed from classical Western feminism, they laid the foundation for a national feminist idea that was adapted to the national identity, pragmatic, and able to combine old traditions with innovation. From this perspective, we believe that the Alash movement should be considered not only as a political or cultural movement, but also as a historical phenomenon that promoted women's rights and paved the way for national feminism.

During the period of social consciousness and spiritual revival in the Kazakh steppe, Alash intellectuals drew attention to the urgent problem of the situation of women, expressed their views in this direction in a bold and civilized manner, and took an active part in changing the attitude of society to this issue. During the study, it was proved that the leaders of the national movement of the early twentieth century – Alikhan Bukeikhan, Akhmet Baitursynuly, Mirzhakip Dulatuly, Zhussupbek Aimaurov – expressed bold ideas about the position of women in society, the right to education and education on an equal basis with men, to work, to make free choices, and held feminist views on this issue.

In their articles and creative works, we can see the desire to raise the importance of the social role of women, a view that directly linked national renewal with women's freedom. Alash figures saw women's equality not only as a subjective issue of the individual, but as the main mechanism for the prosperity of the entire nation. The study revealed that the main idea of the above-mentioned works and works of Kazakh intellectuals was to perceive individual freedom and individuality as a spiritual value and to make it understood by the people. They didn't only promote relevant feminist ideas of their time through publications such as “Ayqap”, “Qazaq”, “Saryarqa”, and “Aq zhol”, but also

provided an impetus for the formation of the first generation of Kazakh women's journalism by sharing the opinions of literate, thoughtful women in these publications.

It is clear that the activity of Kazakh intellectuals, who played an important role in shaping public opinion, in addressing the issue of “women's inequality” also contributed to the emergence of the women's movement in Kazakhstan in the first quarter of the 20th century. The desire to ensure women's equality, which lies at the heart of the Alash idea, is still relevant for today's society. Therefore, studying the feminist positions of the Alash intellectuals is a way not only to learn about our past, but also to understand the foundations of modern gender politics.

Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan

Источники

АП РК – Архив Президента Республики Казахстан

References

- Aiqap, 1995 — *Aiqap [Aikap]*: [enciklopediya]. / Qurast.: Y. Suhanberdina, S. Dautova. Almaty. Qazaq enciklopediyasy, 1995. 366 p. (In Kaz.).
- Alash qozgalysy, 2004 — *Alash qozgalysy. Quzhattar men materialdar zhinagy* [Alash movement. Collection of documents and materials]. Almaty: Alash, 2004. 549 p. (In Kaz.).
- Aq zhol, 1921 — *Aq zhol* [Aq zhol], 1921. Vol. 63, 25 May. (In Kaz.).
- Aq zhol, 2020 — *Aq zhol (gazeti) Koptomdyq* [Aq zhol (newspaper) Multithreaded] / Qurast. H. Esenqarakyzy. Nur-Sultan: Alashorda, 2020. Vol. 2. 70 p. (In Kaz.).
- Azamat, 1921 — *Azamat*. Qazaqta qalyn maldy qaldyru turaly nizam [Nizam about leaving thick cattle in the Kazakh] // *Ak zhol*, 1921. Vol. 16. P. 2. (In Kaz.).
- Baidavletova, 2011 — *Baidavletova M.* XIX g. II zhartyysy – XX g. algashqy onzhyldyqtaryndagy Qazaqstandagy etnoaleumettik zhane etnomadeni vaselelerdin qazaq ziyalylary enbekerinde zerttelui [Study of ethnosocial and ethno-cultural problems in Kazakhstan in the works of Kazakh intellectuals of the II half of the XIX-the first decades of the XX centuries]. dis. phil. doc...Almaty, 2011. 123 p. (In Kaz.).
- Baitursynov, 1991 — *Baitursynov A.* Aq zhol. Olender men tarzhimeler, publitsistikalyq maqalalar zhane adebi zertteu [Aq zhol. Poems and translations, journalistic articles and literary research]. / Qurast. R. Nurgaliev. Almaty: Zhaly, 1991. 460 p. (In Kaz.).
- Bokeikhan, 1995 — *Bokeikhan A.* Tandamaly (izbrannoe) [Favourites] / Chief Ed. R. Nurgaliev. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 1995. 479 p. (In Kaz.).
- Baqytsiz Zhamal, 2009 — *Baqytsyz Zhamal*: roman [Unfortunate Jamal: novel] / M. Dulatov, T. Zhomartbaev, Zh. Aimaulytov; [project manager R. Nurgali; Edit. board: A. Askarov, E. Duisebauly (resp. editor). Almaty: Zhazushy, 2009. 318 p. (In Kaz.).
- Dulatuly, 2013 — *Dulatuly M.* Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. [Collection of works in six volumes] / M. Dulatuly; [comp.: G. Dulatova, S. Imanbaeva; the preface and comments writ. Zh. Ismagulov]. Almaty: Mektep, 2013. 366 p. (In Kaz.).
- Khassan, 2016 — *Khassan S.* Qazaqtyn algashqy zhurnalist kyzdary [The first Kazakh journalist girls] // “QazAqparat” Halyqaralyq aqparat agenttigi. 2016. 5 tamyz. URL: https://kaz.inform.kz/news/kazaktyn-algashky-zhurnalist-kyzdary_a2933611/ (In Kaz.).
- Kınacı Baran, 2017 — *Kınacı Baran J.* Kazak Tiatrosunda Kadın Meselesi (1920–1928) [The womens issue in Kazakh theatre (1920–1928)]. Ankara, 2017. 172 p. (In Turk.).
- Milovidova, 1929 — *Milovidova E.* Zhenskii vopros I zhenskoe dvizhenie [The women's issue and the women's movement] / by edit. K. Tsetkin. M.–Leningrad: Gos. izd-vo, 1929. 507 p. (In Russ.).
- Qoigeldiev, 2008 — *Qoigeldiev M.* Alash qozgalysy [Alash movement]. First volume. Almaty: Mektep, 2008. 480 p. (In Kaz.).
- Sejdigazimova, Tapanova, Toplu, 2020 — *Sejdigazimova Sh.D., Tapanova S.E., Toplu M.* Qazaq merzimdi baspasozindegi aielder maselesinin zhazylyu evolutsiyasy [Evolution of writing women's issues in the Kazakh periodical press] // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Zhurnalistika seriyasy. 2020. Vol. 4 (133). Pp. 26–34. (In Kaz.).
- Shashayeva et al., 2023 — *Shashayeva M.A., Shashayev A.K., Kozybayeva M.M., Seyfi Y.* Comparative Analysis of Studies on the Problems of Kazakh Women in the first half of the XX century // *Bylye Gody*. 2023. 18 (3). Pp. 1550–1560.
- Shashayeva, 2025 — *Shashayeva M.* XX gasyrdyn 20–30-shy zhyldaryndagi Qazaqstandagy kenestik qogamnyn aleumettik madeni transformatsiyasy zhane aielderdin zhagdaiy [Socio-cultural transformation of Soviet society in Kazakhstan in the 20–30s of the XX century and the situation of women] diss. phil. doc. Almaty, 2025. 250 p. (In Kaz.).

Shashayeva, Kozybayeva, 2022 — *Shashayeva M.A., Kozybayeva M.M.* Kenestik Qazaqstandagy 1917–1930 zhyldaryndagy “ajel tendigi” maselesi [The problem of “women's equality” in Soviet Kazakhstan in 1917–1930] // *Otan tarihy*. 2022. No. 2 (98). Pp. 189–197. (In Kaz.).

Zhumabaev, 2003 — *Zhumabaev M.* Kop tomdyq shygarmalar zhinagy: olender, dastandar, audarmalar [Collection of multi-volume works: poems, epics, translations]. Almaty: Zhazushy, 2003. 208 p. (In Kaz.).

Zhussip, Kozybayeva, 2022 — *Zhussip S., Kozybayeva M.* Alikhan Bokeikhan, Akhmet Baitursynuly jane “Kazakh” gazetinin fenomeni [Alikhan Bukeikhan, Akhmet Baitursynovich and the phenomenon of the newspaper “Kazakh”] // “edu.e-history.kz” elektrondyk gylymi zhurnaly. 2022. № 2 (30). Pp. 101–111. (In Kaz.).

Литература

Азамат, 1921 — *Азамат*. Қазаққа қалың малды қалдыру туралы низам // *Ақ жол*, 1921. № 16. Б. 2.

Айқап, 1995 — *Айқап*: [энциклопедия]. / Құрас.: Ү. Суханбердина, С. Дәуітова. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 366 б.

Ақ жол, 1921 — *Ақ жол*. 1921. № 63, 25 май.

Ақ жол, 2020 — *Ақ жол* (газеті): [көптомдық]; құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. Т. 2. 70 б.

Алаш қозғалысы, 2004 — *Алаш қозғалысы*. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Алаш, 2004. 549 б.

Байдаuletova, 2011 — *Байдаuletova М.Д.* XIX ғ. II жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелердің қазақ зиялылары еңбектерінде зерттелуі: фил. док... дисс. Алматы, 2011. 123 б.

Байтұрсынов, 1991 — *Байтұрсынов А.* Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. Алматы: Жалын, 1991. 460 б.

Бақытсыз Жамал, 2009 — *Бақытсыз Жамал*: роман / М. Дулатов, Т. Жомартбаев, Ж. Аймауытов; [жоба жетекшісі Р. Нұрғали; ред. алқа: Ә. Асқаров, Е. Дүйсенбайұлы (жауапты ред.) [ж. б.]. Алматы: Жазушы, 2009. 318 б.

Бөкейхан, 1995 — *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы (избранное) / гл. ред. Р. Нурғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 479 б.

Дулатұлы, 2013 — *Дулатұлы М.* Алты томдық шығармалар жинағы. / М. Дулатұлы; [құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева; алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғ. Ж. Ысмағұлов]. Алматы: Мектеп, 2013. 366 б.

Жұмабаев, 2003 — *Жұмабаев М.* Көп томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер, дастандар, аудармалар. Алматы: Жазушы, 2003. 208 б.

Жүсіп, Қозыбаева, 2022 — *Жүсіп С., Қозыбаева М.М.* Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және «Қазақ» газетінің феномені. // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2022. № 2 (30). Б. 101–111.

Қойгелдиев, 2008 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Бірінші том. Алматы: Мектеп, 2008. 480 б.

Миловидова, 1929 — *Миловидова Э.* Женский вопрос и женское движение: хрестоматия / под ред. К. Цеткин. М. – Л.: Государственное издательство, 1929. 507 с.

Сейдигазимова, Тапанова, Топлу, 2020 — *Сейдигазимова Ш.Д., Тапанова С.Е., Топлу М.* Қазақ мерзімді баспасөзіндегі әйелдер мәселесінің жазылу эволюциясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2020. № 4 (133). Б. 26–34. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-133-4-26-34>.

Хасан, 2016 — *Хасан С.* Қазақтың алғашқы журналист қыздары. // «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. 2016. 5 тамыз. URL: https://kaz.inform.kz/news/kazaktyn-algashky-zhurnalist-kyzdary_a2933611/.

Шашаева, 2025 — *Шашаева М.* XX ғасырдың 20–30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы: фил. док... дисс. Алматы, 2025. 80 б.

Шашаева, Қозыбаева, 2022 — *Шашаева М.Ә., Қозыбаева М.М.* Кеңестік Қазақстандағы 1917–1930 жылдарындағы «әйел теңдігі» мәселесі // *Otan тарихы*. 2022. №2 (98). Б. 189–197. // DOI: 10.51943/1814-6961_2022_2_197

Kınacı Baran, 2017 — *Kınacı Baran C.* Kazak Tiatrosunda Kadin Meselesi (1920–1928). Ankara, 2017. 172 p.

Shashayeva, et al., 2025 — *Shashayeva M.A., Shashayev A.K., Kozybayeva M.M., Seyfi Y.* Comparative Analysis of Studies on the Problems of Kazakh Women in the first half of the XX century // *Bylye Gody*. 2023. 18 (3). Pp. 1550–1560.

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 5, pp. 1518-1529, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1518-1529

EARTH BURIAL GROUNDS LOCATED IN THE CENTRAL SECTOR OF THE NECROPOLIS OF THE ZHAYIK SETTLEMENT (BASED ON THE RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN 2015)

Kalmenov Murat^{1*}, Bizhanova Aliya²

¹West Kazakhstan Innovation and Technology University
(94, Nazarbayev Avenue, 090000 Oral, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, PhD, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-9446-5500>. E-mail: kalmenoff@mail.ru

*Correspondent author

²West Kazakhstan Innovation and Technology University
(94, Nazarbayev Avenue, 090000 Oral, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-9371-7198>. E-mail: aaliyka@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Kalmenov M., Bizhanova A., 2025

Abstract. *Introduction.* The Zhayik settlement, which belongs to the period of the Golden Horde, was discovered in 2001. Archaeological research has been conducted since 2002. During the research, several residential buildings, public facilities, and economic structures were identified in the city. Archaeological investigations were conducted at the sites of residential buildings, a bathhouse, and kilns for firing bricks, limestone, and ceramics. The conditional necropolis of the city is located on Zheltau-Svistun Mountain, where mounds, several mausoleums, and ground burial graves were examined. *The purpose and objectives of the study.* During the archaeological excavations at the necropolis of the Zhayik settlement, which was part of the Golden Horde in the 13th and 14th centuries, the burial traditions of the inhabitants of the settlement during this period were determined, and the religious and spiritual views were analyzed. *Results.* During the study, materials were collected on the structures and burial traditions of 17 ground graves. They are located in the northern direction from the “Big” and “Small” Mausoleums, in the central sector the conditional of the necropolis of the settlement. *Conclusions.* The article discusses the results of an archaeological study conducted in the field season of 2015 in the southern part of the necropolis of the Zhayik settlement. According to the identified archaeological materials, the ground burial graves date back to the 13th–14th centuries. No sacrificial artifacts were found in the excavation area.

Keywords: Zhayik settlement, archaeological research, necropolis of the settlement, earring in the form of a “question” mark

For citation: Kalmenov M., Bizhanova A. Earth burial grounds located in the central sector of the necropolis of the Zhayik settlement (based on the results of archaeological research in 2015) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 5. Pp. 1518–1529. (In Kaz.).

DOI: [10.51943/2710-3994_2025_12_5_1518-1529](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1518-1529)

ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ҚОРЫМЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІМІНДЕГІ ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ (2015 ЖЫЛЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Калменов Мурат Дабылович^{1*}, Бижанова Алия Ермековна²

¹Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
(194-үй, Н. Назарбаев даңғ., 090000 Орал, Қазақстан Республикасы)
PhD, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-9446-5500>. E-mail: kalmenoff@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
(194-үй, Н. Назарбаев даңғ., 090000 Орал, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-9371-7198>. E-mail: aaliyka@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАЭ, 2025

© Калменов М.Д., Бижанова А.Е., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Алтын Орда кезеңімен белгіленетін Жайық қаласы 2001 жыл ашылып, археологиялық зерттеу жұмыстары 2002 жылдан бастап жүргізілген. Зерттеу жұмыстары барысында қаланың аумағынан бірнеше тұрғын үйлер, қоғамдық және шаруашылық нысандар анықталған. Зерттеу нәтижесінде – кірпішті, әк-тасты және қыш ыдыстарды күйдіретін пештер, монша және тұрғын үйлер табылып зерттелген. Желтаудың үстінде қаланың бейіті-некрополи орналасып, ол жерден обалар, бірнеше кесенелер мен жерлеу қабір орындары зерттелген. *Зерттеу жұмысының мақсаты.* XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орданың құрамына болған Жайық қалашығындағы жерлеу орындарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында сол кезеңдегі тұрғындардың жерлеу дәстүрін анықтап, мемлекеттегі діни көзқарастарын талдау болып табылады. *Нәтижелері.* Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында қала бейітінің орталық бөлігінде, «Кіші кесене» және «Үлкен кесененің» солтүстік бағытына қарай орналасқан 17 қабірдің құрылымы мен жерлеу дәстүрі туралы ақпараттар алынды. *Қорытынды.* Ортағасырлық Жайық қалашығының шартты түрдегі қорымының оңтүстік бөлімінде 2015 жылғы дала маусымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысы берілген. Бұл нысандар археологиялық материалдарға сүйене отырып XIII–XIV ғғ. жатқызылды.

Түйін сөздер: Жайық қалашығы, археологиялық қазба жұмыстары, қалашық бейіті, «сұрақ» белгісі пішінді сырға

Дәйексөз үшін: Калменов М.Д., Бижанова А.Е. Жайық қалашығы қорымының орталық бөліміндегі жерлеу орындары (2015 жылы археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. 1518–1529 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1518-1529

ГРУНТОВЫЕ МОГИЛЬНИКИ, РАСПОЛОЖЕННЫЕ НА ЦЕНТРАЛЬНОМ СЕКТОРЕ НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА ЖАЙЫК (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2015 ГОДУ)

Калменов Мурат Дабылович^{1*}, Бижанова Алия Ермековна²

¹Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
(д. 194, проспект Н. Назарбаева, 090000 Уральск, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, PhD, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-9446-5500>. E-mail: kalmenoff@mail.ru

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
(д. 194, проспект Н. Назарбаева, 090000 Уральск, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-9371-7198>. E-mail: aaliyka@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Калменов М.Д., Бижанова А.Е., 2025

Аннотация. *Введение.* Городище Жайык, относящиеся к периоду Золотая Орда, был открыт в 2001 году. С 2002 года проводились археологические исследования. В ходе исследовательских работ на территории города выявлено несколько жилых домов, общественных и хозяйственных объектов. Археологические исследования были проведены на месте жилых домов, бани, также в печах для обжига кирпича, известняка и керамики. На Желтау-Свистун горе располагается условный некрополь города, где были обследованы курганы, несколько мавзолеев и грунтово-погребальные могилы. *Цель и задачи исследования.* В ходе археологических изысканий на условном некрополе городища Жайык, входившего в состав Золотой Орды в XIII–XIV веках, были определены: погребальная традиция жителей городища того периода, также проанализированы религиозные взгляды в государстве. *Результаты.* Во время исследования были собраны материалы о конструкциях и погребальных традициях 17 грунтовых могил. Они расположены в северном направлении от «Большого» и «Малого» мавзолеев, в центральном секторе условного некрополя городища. *Выводы.* В статье рассматриваются результаты археологического исследования проведённого в полевом сезоне 2015 года в южной части условного некрополя городища Жайык. По выявленным археологическим материалам грунтовые погребальные могилы относятся к XIII–XIV вв. Каких-либо артефактов жертвенного характера на площади раскопов не обнаружено.

Ключевые слова: Городище Жайык, археологические исследования, некрополь городища, серьга в виде знака «вопроса»

Для цитирования: Калменов М.Д., Бижанова А.Е. Грунтовые могильники, расположенные на центральном секторе некрополя городища Жайык (по результатам археологических исследований в 2015 году) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1518–1529. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1518-1529

Кіріспе

Орта ғасырлардағы, атап айтқанда Алтын Орда кезеңі XIV ғасыр ескерткіші Жайық қалашығы тұрғындарының жерлеу дәстүрі туралы ақпарат тым аз екені рас. Ислам Алтын Орда мемлекетін қалыптастыруда және оны дамытуда маңызды рөл атқарды. Орта ғасырлардағы жазба деректер мен саяхатшылардың ақпараттарында исламның қоғамға енуі және оның орнының айқындап бекітілуі туралы мәліметтер жеткілікті. Алтын Ордадағы ислам тарихы өте кең ауқымды зерттеулерге ие, олардың негізгі тұжырымдары – Алтын Орда хандары мен аристократиясы, кейін ала қалалық тұрғындар арасында исламды қабылдаудың қиындықтары төңірегінде өрбитіні айқын байқалады. Бұндай дискуссияда алдымен рухани көзқарастары Ұлы Ясыға негізделген хандардың жеке діни қалау-құмарына және исламды мемлекеттік дін ретінде бекіткеннен кейінгі мәдениеттің қарқынды өрлеп дамуы басты назарда болады (Измайлов, 2006: 53–88; 2012: 98–117; Исхаков, Измайлов, 2007: 110–117; Кульпин, 2009: 35–40; Измайлов, Усманов, 2009: 599–617). Осындай контекстегі пікірлер көшпелі халықтардың діни жағдайы анық байқалады. Мысалы: «сонымен қатар, Жошы Ұлысындағы тұрғындар арасындағы исламның таралу көлемін артық бағалауға болмайды, өйткені даладағы халықтың басым көпшілігі және аристократтардың исламға көшуі жаппай болған жоқ» (Измайлов, 2006: 65); «Берке ханның идеологиялық жаңашылдығы қарапайым көшпелі халыққа өте төмен дәрежеде әсер еткендігін қазіргі заман тарихшыларының (әсіресе археологтар) бәрі мойындайды» (Гарустович, 2012: 85; 2012а: 58). Сонымен қатар, көшпенділер арасында ислам діні моңғолдарға дейінгі кезеңде тарала бастағандығы туралы пікірлер де жеткілікті (Пилипчук, 2015: 68).

Жұмысымыздың мақсаты Алтын Орда кезеңінде өмір сүрген тұрғындарының жерлеу қабіріндегі дәстүрінің типологиялық сипаттамасын алу болып есептеледі. Дереккөз ретінде Жайық қалашығы қорымында (некрополь) орналасқан қабірлі жерлеу орындары алынды. Бұл нысандарда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесі қала тұрғындарының мұсылман жерлеу рәсімінің жергілікті дәстүрі туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді. Осы мекенмен шекаралас аймақтардағы сол кезеңдегі мұсылман жерлеу материалдарымен салыстыра отырып, қалашық тұрғындарының жерлеу дәстүрін зерттеу Қазақстанның Батыс өңірлерінде исламның орнығуы тарихына қосымша ақпараттарды жариялауға мүмкіндік береді. Қалашық жерлеу орындарын зерттеу барысында мұсылман жерлеу канонының екі негізгі талабы – жерлеуде мәйіттен басқа материалдардың болмауы және марқұмның бет-әлпетін Меккеге бағыттап бұру (кұбланы сақтау) айқын байқалады (Бисембаев, Гуцалов, 1998: 152–161).

Материалдары мен әдіс-тәсілдері

Қазіргі таңда қалашық қорымының (некрополь) шекарасы толық белгіленбеген. 2002 және 2013 жылдары ғылыми айналысқа «үлкен кесене», «кіші кесене» және «дөңгелек пішіндегі жерлеу» орны деп аталған нысандарда зерттеу жұмыстары жүргізілді (Байпақов және басқалар, 2002: 72–75; Байпақов және басқалар, 2005: 60–62; Калменов, 2014: 201–208; Калменов, 2016: 55–63). 2015 жылы жаңа нысандарды іздеу мақсатындағы барлау жұмыстары кезінде жасалған шурф аумағынан қабірдің контурлары белгіленіп сол сектордан қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Археологиялық қазба жұмыстары 17 қабірде жүргізілді. Ұсынылып отырған ақпарат қазіргі таңға дейін тек ғылыми есеп ретінде болып, мұрағатта сақтаулы тұрған зерттеу нәтижелерін жариялап отырмыз.

Зерттелген қабір шұңқырларының пішіні қарапайым тікбұрышты етіп қазылған. Бірнешеуінде шұңқырдың қабырғалары төменге қарай сәл тарылған немесе түбіне қарай кеңейген. Алайда шұңқырлардағы мұндай ауытқуларды этникалық немесе діни сипаттағы айырмашылықтарға байланысты жерлеу рәсімінің ерекше белгілері деп санауға болмайды. Шұңқырлардың орташа тереңдігі 1 м-ге дейін жетеді. Үстінде ағаш жабыны бар құрылым бірнеше қабірлерде кездеседі. Қабірдің ағаш жабыны, әдетте, әртүрлі мөлшерде болып қабірдің үстіне көлденең қойылған. Бір қабірде мәйітті ағаштан жасалған табытқа салып жерлеген. Жерленген барлық мүрделердің бет-әлпеті оңтүстік және оңтүстік-батысқа бағытталған. Жерленгендердің қабірде жатқызуында (поза) ешқандай көзге түсетін ерекшеліктер жоқ. Зерттелген жерлеу орындарының сегізінде балалар жерленген.

Талқылау

Алтын Орда кезеңіндегі XIII–XIV ғасырларда болған жерлеу рәсімі мен дәстүрі археологиялық материалдарда да көрініс тауып отыр. Зерттеушілер бұл кезеңнің ескерткіштерін үш хронологиялық топқа бөледі: I) моңғолдардың келуіне дейінгі кезеңі (XII–XIII ғасырдың басы); II) Алтын Орда, пұтқа табынушылық кезеңі (XIII ғасырдың ортасы – XIV ғасырдың бірінші ширегі); III) Алтын Орда, мұсылман дәстүрі кезеңі (XIV ғасырдың ортасы – XV ғасырдың басы) (Федоров-Давыдов, 1966: 274; Иванов, Кригер, 1988: 103). Осы кезеңдегі о дүниелік болған адамды жерлеу рәсіміндегі бір ерекшелікті Г.А. Федоров-Давыдов көрсеткен. Оның пікірінше жерлеу шұңқырының төменінде жиектер жасау шығыстан әкелінген. Олар Алтын Орда кезеңінде едәуір жиілеп, басқа жерлеу орындарынан ерекшеленген. Осы кезеңнен бастап жерлеу камерасында жылқы сүйегі кездеспейді. Мүрденің солтүстікке қарай бағдары, қабірлердің үстіндегі тастан жасалған қоршаулар мен шұңқырдағы жиектермен ерекшеленуі жаңа дәуірді білдіреді (Федоров-Давыдов, 1966: 270).

Бұл ерекшеліктер ортағасырлық еуропалықтардың жазбаларында, атап айтсақ Плано Карпини мен Вильгельм Рубрук (Путешествие..., 1993: 172) шығармаларында көрсетілген. Астрахан облысының аумағында, Еділдің оң жағалауындағы Кривая Лука обалар тобының № 5 обасын зерттеу барысында жерлеу камерасында күрделі рәсімдердің іздері тіркелген.


Обаның бүкіл периметрі бойымен бөренелерден жасалған сегізбұрышты конструкция табылған (Федоров-Давыдов, 1984: 100).

Жайық қалашығының қорымындағы зерттелген жерлеу орындарын талдауды қорытындылай келе, жерлеу рәсіміндегі жалпы белгілерді толықтырып анықтауға болады. Алтын Орда кезеңі жерлеу рәсімінде мүрденің бағытталуы шығыстан солтүстік пен батысқа өзгеруімен ерекшеленеді. Қабір шұңқырларының пішіні жеңілдетілген. Сонымен қатар, Алтын Орда кезеңінде әртүрлі географиялық аймақтарда, эволюциялық тұрғыдан алғашында Оңтүстік Сібірде пайда болған жерлеу дәстүрлері көрініс табады (Қызласов, 1980: 80–93; Федоров-Давыдов, 1984: 98–99; Боталов, 1992: 230–239).

Зерттеу нәтижелері

Археологиялық зерттеу жұмыстары Желтаудың орталық бөлімінде орналасқан Жайық қалашығының шартты түрдегі қорымында (өйткені жоғарыда айтқанымыздай, қорымның толық шекарасы әлі белгіленбеген), «дөңгелек пішіндегі жерлеу» орнынан оңтүстік-батысқа қарай 300 м. жерде, «үлкен кесенеден» солтүстік бағыттағы тегістікте жүргізілді. Қалашықтың қорымы аумағында алдыңғы далалық маусымдарда бірнеше жерлеу нысандары зерттелді (Байпақов және басқалар, 2002: 72–75; Смағұлов, 2002: 91–103; Байпақов және басқалар, 2005: 60–62; Калменов, 2014: 201–208; Калменов, Бижанова, 2015: 311–314; Калменов, 2016: 55–63). Бұдан бірнеше жыл бұрынғы зерттеу жұмыстарының тәжірибесі көрсеткендей, қазбада жаңа нысандарды анықтау үшін «кілем» әдісі жақсы нәтиже берген еді. Осы маусымда да біз осы әдісті қолдандық.

Алғашында қазба солтүстік-оңтүстік бойы бағытындағы 12×12 м. алаңда жүргізіліп, кейін ала қазба алаңы солтүстікке қарай 30×10 көлемінде кеңейтілді. Қазба орнында жер бедерінің жоғарғы қабаты алып тастағаннан кейін (20–30 см) 17 қабір шұңқырларының контурлар анықталды.



Сурет 1 – Жайық қалашығының қорымында 2015 жылы зерттелген жерлеу орындарының жоспары
[Fig. 1 – Plan of the investigated soil graves in 2015 at the necropolis of the Zhayik settlement]

Табылып зерттелген жерлеу орындарының қысқаша сипаттамасы:

№ 1 жерлеу орны. Бұл нысан 2013 жылы барлау мақсатында жасалған шұрфтың шұңқырынан табылды. Қабір шұңқыры жоспарда тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 2,1×0,9×0,9 м. Шұңқырдың 48–50 см. тереңдігіндегі қабырғасында ені 40 см. болатын жиегі бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік-батысқа, ал беті оңтүстік-батысқа бағытталған, оң қолы дене бойымен болып, сол қолы шынтағы бүгілген, ол жамбастың сол жиегінде орналасқан. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылып жатыр.

№ 2 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 2,2×0,7×0,6 м. Адам мәйіті шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қарай бағытталған, оның екі қолы да дене бойымен созылған. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылып жатыр.

№ 3 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 1,7×0,6×0,5 м. Шұңқырдың 25 см тереңдігінде ені 40 см болатын жиегі бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, оның басы батысқа, ал беті оңтүстікке қарай бағытталған. Оның омыртқаларының орта бөлімі қисайған. Оң қолы жамбас сүйектерінің астында қалған. Аяғының сүйектері сәл бүгілген.

№ 4 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 2,3×0,9×0,7 м. Шұңқырдың 40 см. тереңдігінде ені 43 см. болатын жиегі бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, оның басы батысқа, ал беті оңтүстікке қарай бағытталған. Оның да оң қолы жамбас сүйектерінің астында қалған, ал сол қолының шынтағы бүгіліп, жамбастың сол жиегінде жатыр. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылып жатыр.


№ 5 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарда тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 1,3×0,5×0,6 м. Шұңқырдың 30 см. тереңдігінде ені 20 см. болатын жиегі бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, басы батысқа, беті жоғарыға қарай бағытталған. Мәйіттің екі қолы да дене бойымен созылған. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылып жатыр. Қабірді тазалау барысында мәйіттің бас сүйегінің оң жағында сырға табылды. Сырға «сұрақ» белгісі пішінінде қола сымнан жасалған. Оның төменгі бөлігіне моншақты сыммен орап ілдірген. Сонымен бірге адамның сол жақ сүйегінің айналасында сарғыштау түсті шыны пастадан жасалған моншақ табылды. Жерлеу орындарында сырғалар өте кең таралған санатқа жатады, олар әртүрлі диаметрлі металл сымдардан, қоладан, күмістен, кейде алтыннан жасалған. Олар пішіндеріне байланысты бірнеше түрге бөлуге болады. Мысалы, дөңгелек және «сұрақ» белгісі түрінде. Дөңгелек пішінді сырғаларға кейде моншақ кигізіледі. «Сұрақ» белгісі пішінде жасалған сырғалардың төменгі бөлігінде сым орамасы болып, оған моншақ, маржан немесе жартылай асыл тастан бұйымдар ілдірілген. Ежелгі кезеңнен бері көптеген жағдайларда әйелдердің жерлеу орындарында кездесетін сырға олардың сол жағында кездеседі. Мүмкін, бұл жалпы көшпелі әдет-ғұрыптың көрінісі болып, сәнге ұқсас нәрсе болуы мүмкін. Дәл осынған рәсіммен жерленген сырғалар жақын аумақта, Мокринский I қорымындағы № 9 обаның жерлеу орнынан табылған (Жұмағанбетов, 1995: 32–34).



Сурет 2 – № 5 жерлеу орны. Мүрденің бас сүйегінің оң жағындағы «сұрақ» белгісі түріндегі сырға құлаққа кіргізетін ілгегімен сақталған

[Fig. 2 – Dirt grave No. 5. An earring in the form of a «question mark» on the right side of the buried man's skull]

№ 6 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарда тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – 1,3×0,7×0,7 м. Шұңқырдың 43 см. тереңдігінде ені 30 см. болатын жиегі бар. Шұңқырдың жоғарғы бетінде жабылған ағаш конструкциялардың қалдықтары бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, оның басы батысқа, ал беті оңтүстікке қарай бағытталған. Оң қолы жамбас сүйектерінің астында қалған, сол қолы дененің бойымен созылған. Аяқтары иық деңгейімен бір шамада созылып жатыр.



Сурет 3 – № 5 жерлеу орнының жоспары
[Fig. 3 – Ground grave plan No. 5]

№ 7 жерлеу орны. Бұл нысан өте қызықты, өйткені мүрдені ағаш табытта жерлеген, сонымен бірге бұл орында бірнеше жерлеу болуы мүмкін. Уақыттың тығыздығынан біз тек бір қабірді аштық. Шұңқырдың өлшемдері – $2,3 \times 1,5 \times 0,4$ м. Жер бедерінің жоғарғы горизонтын алғаннан кейін (20–25 см) жерленген адамның бас сүйегі табылды, ал ағаш табыттың қалдықтары сәл төменде (20 см) орналасқан. Жерленген адамның аяғы мен қолдары айналасында күйдірілген кірпіштердің қалдықтары шоғырланған. Мүрде шалқасынан жатқызылып, басы батысқа, беті жоғарыға қарай бағытталған. Оның оң қолы сәл бүгіліп, жамбас сүйектерінің астында қалған, сол қолы дененің бойымен созылған. Аяқтары иық деңгейімен бір шамада созылып жатыр.

№ 8 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $1,3 \times 0,5 \times 0,4$ м. Шұңқырдың 30 см. тереңдігінде ені 15 см. болатын жиегі бар. Қабірдің жоғарғы қабатында көлденең қойылған ағаш жабынның қалдықтары көрінеді. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, оның басы батысқа, ал беті оңтүстікке қарай бағытталған. Адам сүйегінің жоғарғы бөлігі қатты зақымдалған. Оның екі қолы да анатомиялық тәртіптен қозғалып, жерлеу камерасының жиектерінде орналасқан. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылып жатыр. Қазба барысында шұңқырда адам сүйегінен басқа материалдар табылмады. Сүйектеріне қарап бұл жерлеу жасөспірімге тиесілі деп болжамдауға болады.



Сурет 4 – № 6 жерлеу орны. Шұңқырдың жоғарғы бетінде жабылған ағаш конструкциялардың қалдықтары
[Fig. 4 – The remains of the wooden structure of the dirt grave No. 6]

Қалашық қорымындағы зерттелген басқа жерлеу орындары балаларға тиісті. Олардың қысқаша сипаттамасы:

№ 9 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $0,9 \times 0,3 \times 0,25$ м. Бұл жерлеу орны бос, оны тазарту кезінде ешқандай сүйектер немесе оның

қалдықтары табылған жоқ.

№ 10 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $0,55 \times 0,3 \times 0,3$ м. Шұңқырдың 25 см. тереңдігінде ені 10 см. болатын аласа жиегі бар. Жерлеу камерасын тазарту жұмысы барысында адамның тек аяқ сүйектері ғана табылды, ал қалған сүйектері жоқ.

№ 11 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $1,1 \times 0,3 \times 0,7$ м. Шұңқырдың 45 см. тереңдігінде ені 30 см. болатын жиегі бар. Жерленген адам шалқасынан жатқызылып, басы батысқа, беті оңтүстікке бағытталған. Мүрденің қолдары, омыртқа сүйектері және қабырғалар шашыраңқы түрде. Бас сүйегі ұсақталған. Аяқтары иық деңгейімен бірыңғай созылған.

№ 12 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тік бұрышты пішінді, оның өлшемдері – $0,9 \times 0,6 \times 0,5$ м. Шұңқырдың 30 см тереңдігінде ені 40 см болатын жиегі бар. Жерленген адамның сүйегі өте нашар сақталған. Оның бас сүйегі ұсақталған, қаңқаның қалған бөліктері шашыраңқы және уатылған. Сүйектеріне қарап жерленген төрт-бес айлық нәресте болған деп айта аламыз.

№ 13 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарлы тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $0,8 \times 0,3 \times 0,3$ м. Шұңқырдың 20 см. тереңдігінде ені 30 см. болатын жиегі бар. Жиектің үстіне үш күйдірілген кірпішті қойған. Олар тік төрт бұрышты пішінді, өлшемдері – $25 \times 22 \times 4$; $23 \times 22 \times 3$; $24 \times 23 \times 4$ см. Бұл жерлену орнының жағдайы жоғарыда сипатталғанға ұқсас. Мүрденің бас сүйегі ұсақталған, қаңқаның қалған бөліктері шашыраңқы және уақталған, бұл қабір де нәрестеге тиісті.



Сурет 5 – № 13 жерлеу орны. Шұңқыр жиегінің үстіне қойылған үш күйдірілген кірпіш
[Fig. 5 – Three burnt bricks covered burial chamber of the dirt grave No. 13]

№ 14 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарда тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $1 \times 0,3 \times 0,6$ м. Шұңқырдың 23 см. тереңдігінде ені 25 см. болатын жиегі бар. Жерлеу камерасын тазарту жұмыстары барысында мүрденің тек бірнеше ұсақталған аяқ сүйектері табылды. Олар шұңқырдың батыс және шығыс бөлігінде жатыр.

№ 15 жерлеу орны. Қабір шұңқыры жоспарда тікбұрышты пішінді, оның өлшемдері – $0,9 \times 0,3 \times 0,5$ м. Шұңқырдың 20 см. тереңдігінде ені 23 см. болатын жиегі бар. Жерлеу камерасын тазарту барысында шұңқырдың тек батыс бөлігінде ұсақталған сүйектердің үйіндісі ғана анықталды.

№ 16 және № 17 жерлеу орындары уақыттың тығыздығына байланысты толық ашылмады. Олардың орналасқан жерінің жоғарғы қабатын алғаннан кейін күйдірілген кірпіштің контурлары анық байқалады.

Қазбаның оңтүстік және солтүстік бөлімдерінде басқа да жерлеу шұңқырларының іздері бар. Қазбаның батыс бөлімінде саман кірпішті құрылыстың қалдықтары анық көрінеді. Зерттелген жерлеу орындарын адамды жерлеу дәстүрі және археологиялық материалдардың

негізінде XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың ортасына дейін кезеңге жатқызамыз.

Жұмыс барысында зерттелген № 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8 және жерлеу орындарының шұңқырларында адам сүйегінен басқа материалдар табылмаған қабірлер, ал № 9, 10, 11, 12, 13, 14 қабірлер балаларға тиісті деп классификацияласақ болады.

Қорытынды

XIV ғасырдың ортасынан бастап көшпелі қоғамды исламдандыру жерлеу рәсімінде айқын көріне бастайды. Халықтың бір бөлігі, әсіресе қала орталықтарының жанында мекендеген, адамды жерлеу рәсімінде белгіленген дәстүрлерді мүмкіндігінше сақтай отырып, жерлей бастайды. Осы кезеңнен бастап жерлеу орындарында кірпішті қабірлер салу, мәйіттерді саманға орап Меккеге қаратып жерлеу, басқада ілеспе құрал-жабдықтар мүлдем алынып тасталуымен сипатталады (Халикова, 1986: 186). Сонымен бірге, осы кезеңнен бастап жерлеу барысында жынысы мен жасы саралануы байқалады, енді әйелдер мен балаларды жерлеу оңайлатылған рәсім бойынша жасалады.

Алтын Орда көшпенділері арасында ислам діні қашан орнады деген сұраққа нақты жауап беру өте қиын. XX ғасырдың 80 жылдары зерттеушілер арасында «Алтын Орда мұсылман» жерлеу орындарының тобы белгіленіп, оларда әбзелдер, қару-жарақтар және тұрмыстық заттар болмаған, бірақ XIV ғасырдың ортасынан XV ғасырдың басына дейінгі кейбір жерлеу орындарында әйелдердің зергерлік бұйымдары мен тиындар кездескен. Бұл Алтын Орда көшпенділері арасында ислам дінінің орнаған уақытын болжамдауға мүмкіндік береді (Кригер, 2012: 102).

Соңғы жылдары зерттеу жұмыстары нәтижесінде алынған материалдар бұл пікірді айтарлықтай өзгерткен жоқ. Мысалы, жерлеу орындарында артефактілердің болуы, саман немесе кірпіш мазар қоршаулары сияқты исламдық ерекшелікпен үйлескен Алтын Орда жерлеу орындары қазіргі уақытта Батыс Қазақстанда - Целинный I қорымында (Бисембаев, 2003: 126), Кубань облысында - Курчанская ауылында (Чхайдзе, 2009: 116) белгілі. Северский Донецінде (Лесное, Третьяки, Бірінші Власовский қорымдары) мұсылмандық құбыланы, тар жерлеу шұңқырларын, от жағу рәсімі мен жерлеу рәсімінің іздерін біріктіретін қорған астындағы жерлеу орындарының тобы табылды (Кравец: 2002).

Д.В. Васильев Төменгі Еділ бойындағы қала маңындағы жерлеу орындарынан алынған материалдарды пайдалана отырып, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың бірінші жартысында синкретті пұтқа табынушылық-мұсылмандық дәстүрі бар жерлеу орындарының тобы болғанын және олардың XIV ғасырдың соңына дейін сақталғандығы туралы пікір айтады (Васильев, 2009: 135). Е.П. Мысковтың қорытындыларынан пұтқа табынушылық көшпенділер мен мұсылмандар о дүниелік болғандарын әртүрлі жерлеу орындарына жерлеген деген қорытындыға келген (Мысков, 2015: 260).

Алтын Орданың тұрғындарында мұсылмандық жерлеу дәстүрінің белгілері бар қабірлер – құбла, ляхад, мазар сияқты атрибуттары тарала бастаған. Дегенмен, біз исламнан бұрынғы жерлеу дәстүрлерінің белгілерінің толық әрі тұрақты жиынтығы бар жерлеу орындарын кездестірмедік. Сонымен қатар, XIII-XIV ғғ. Алтын Орда даласында исламның толық енгені туралы айқын айтуға болмайтыны анық. Бұл үдеріс ұзақ уақытқа созылып XIV ғ. ортасымен шектелмейтіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда көшпелі мәдениетке бейім халықтың бір бөлігі ұзақ уақыт бойы адамды жерлеуде исламның рәсімдерін формалды түрде сақтай отырып, бұрынғы көзқарастары бойынша қабірлерге, мүрденің қасына басқа да заттарды салуды жалғастырған.

Список литературы

- Байпаков, др., 2002 — *Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А.* Исследование средневекового города в окрестностях г. Уральска // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Уральск, 2002. № 1. С. 72–75.
- Байпаков, др., 2005 — *Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А.* Средневековое городище Жайык. Алматы, 2005.
- Бисембаев, 2003 — *Бисембаев А.А.* Археологические памятники кочевников средневековья Западного Казахстана (VIII-XVIII вв.). Уральск: Полиграфсервис, 2003. 232 с.

- Бисембаев, Гуцалов, 1998 — *Бисембаев А.А., Гуцалов С.Ю.* Новые памятники древних и средневековых кочевников Казахстанского Приуралья // Уфимский археологический вестник. Уфа, 1998. № 1. С. 152–161.
- Боталов, 1992 — *Боталов С.Г.* Аскизский курган монгольского времени Кула-Айгыр // Российская археология, 1992. № 2. С. 230–239.
- Васильев, 2009 — *Васильев Д.В.* Исламизация и погребальные обряды в Золотой Орде (археолого-статистическое исследование. Астрахань: Астраханский университет, 2009. 179 с.
- Гарустович, 2012 — *Гарустович Г.Н.* Религиозная ситуация в Золотой Орде глазами современников // Ислам и власть в Золотой Орде / Ред. И.М. Миргалеев, Э.Г. Сайфетдинова. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. С. 73–97.
- Гарустович, 2012а — *Гарустович Г.Н.* Средневековые авторы о распространении ислама в Улусе Джучи // Вестник Академии наук РБ. 2012а. Т. 17. № 3. С. 55–61.
- Жумаганбетов, 1995 — *Жумаганбетов Т.С.* Золотоордынские памятники Степного Приуралья // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 1995. № 4. С. 32–34.
- Иванов, Кригер, 1988 — *Иванов В.А., Кригер В.А.* Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII–XIV вв.). М.: Наука, 1988. 103 с.
- Измайлов, 2006 — *Измайлов И.Л.* Ислам в Улусе Джучи (Золотой Орде) // Ислам и мусульманская культура в Среднем Поволжье: история и современность / Отв. ред. Р.М. Мухаметшин. Казань: Фэн, 2006. С. 53
- Иванов, Кригер, 1988 — *Иванов В.А., Кригер В.А.* Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII–88.
- Измайлов, 2012 — *Измайлов И.Л.* Принятие ислама в Улусе Джучи: причины и этапы исламизации // Ислам и власть в Золотой Орде / Ред. И.М. Миргалеев, Э.Г. Сайфетдинова. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. С. 98–116.
- Измайлов, Усманов, 2009 — *Измайлов И.Л., Усманов М.А.* Ислам в Улусе Джучи // История татар с древнейших времен в семи томах. Том III: Улус Джучи (Золотая Орда). XIII - середина XV в. / Науч. ред. М.А. Усманов. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2009. С. 599–617.
- Исхаков, Усманов, 2007 — *Исхаков Д.М., Измайлов И.Л.* Этнополитическая история татар (III - середина XVI вв.). Казань: Школа, 2007. 356 с.
- Калменов, 2019 — *Калменов М.Д.* Некрополь городища Жайык (по результатам археологических исследований в 2015 году) // Материалы Международной археологической конференции «Маргулановские чтения – 2019». Нур-Султан, 2019. С. 468–477.
- Калменов, 2014 — *Калменов М.Д.* Круглое погребальное сооружение с городища Жайык // Материалы IV Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения – 2014». Актобе, 2014. С. 201–208.
- Калменов, Бижанова, 2015 — *Калменов М.Д., Бижанова А.Е.* Об одном погребении, найденном на городище Жайык // Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции «Этнические взаимодействия на Южном Урале». Челябинск, 2015. С. 311–314.
- Калменов, 2016 — *Калменов М.Д.* Городище Жайык – памятник средневековой городской культуры (по результатам археологических изысканий 2012–2015 гг.). Уральск, 2016. С. 55–63.
- Кравец, 2002 — *Кравец В. В.* Раннемусульманские погребения кочевников в Среднем Подонье // Археологические памятники Восточной Европы / Отв. ред. А.Т. Синюк. Воронеж: ВГПУ, 2002. С. 193–199.
- Кригер, 2012 — *Кригер В.А.* Кочевники Западного Казахстана и сопредельных территорий в средние века (X–XIV вв.). Уральск: Евразийский союз ученых, 2012. 200 с.
- Кульпин, 2009 — *Кульпин Э.С.* Золотая Орда: Проблемы генезиса Российского государства. М.: ЛИБРОКОМ, 2009. 176 с.
- Кызласов, 1980 — *Кызласов И.Л.* Кыпчаки и восстания енисейских племён в XIII в. // Советская археология, 1980. № 2. С. 80–93.
- Мыськов, 2015 — *Мыськов Е.П.* Кочевники Волго-Донских степей в эпоху Золотой Орды. Волгоград: РАНХиГС, 2015. 484 с.
- Пилипчук, 2015 — *Пилипчук Я.В.* Дешт-и-Кыпчак на стыке цивилизаций. Уфа: Уфимский филиал МГГУ им. М.А. Шолохова, 2015. 247 с.
- Путешествия, 1993 — *Путешествия* в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. Алматы, 1993. 248 с.
- Смагулов, 2002 — *Смагулов Е.А.* Проблемы исследования средневековых городов в Уральской области // Известия МОН РК. Серия общественных наук, 2002. № 1. С. 91–103.
- Чхаидзе, 2009 — *Чхаидзе В.Н.* Средневековые кочевнические погребения в степном Прикубанье из раскопок конца XIX - начала XX вв. // Материалы и исследования по археологии Северного Кавказа. Вып. 10 / Отв. ред. Е.И. Нарожный. Армавир: Наследие Кубани, 2009. С. 116–126.
- Федоров-Давыдов, 1966 — *Федоров-Давыдов Г.А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. М.: МГУ, 1966. 274 с.
- Федоров-Давыдов, 1984 — *Федоров-Давыдов Г.А.* Кочевнический курган XIV в. из Нижнего Поволжья (некоторые особенности погребального обряда средневековых кочевников) // Вопросы древней истории Южной Сибири. Абакан, 1984. С. 98–108.
- Халикова, 1986 — *Халикова Е.А.* Мусульманские некрополи Волжской Булгарии X – начала XIII в. Казань,

1986. 180 c.

References

- Baipakov, et al., 2002 — *Baipakov K.M., Smagulov E.A., Akhatov G.A.* Issledovanie srednevekovogo goroda v okrestnostyakh g. Uralska [Study of a medieval city in the vicinity of Uralsk] // *Voprosy istorii i arkheologii Zapadnogo Kazakhstana*. Uralsk, 2002. No. 1. Pp. 72–75. (In Russ.)
- Baipakov, et al., 2005 — *Baipakov K.M., Smagulov E.A., Akhatov G.A.* Srednevekovoe gorodishche Zhaiyk [The medieval settlement of Zhaiyk]. Almaty, 2005. (In Russ.)
- Bisembayev, Gutsalov, 1998 — *Bisembayev A.A., Gutsalov S.Yu.* Novye pamyatniki drevnikh i srednevekovykh kochevnikov Kazakhstanskogo Priural'ya [New monuments of ancient and medieval nomads of the Kazakhstan Pre-Urals] // *Ufimskii arkheologicheskii vestnik*. Ufa, 1998. No. 1. Pp. 152–161. (In Russ.)
- Bisembayev, 2003 — *Bisembayev A.A.* Arkheologicheskiye pamyatniki kochevnikov srednevekov'ya Zapadnogo Kazakhstana (VIII–XVIII vv.). Ural'sk: Poligrafservis, 2003. 232 s.
- Botalov, 1992 — *Botalov S.G.* Askizskii kurgan mongol'skogo vremeni Kula-Aigyr [Askiz mound of the Mongol period Kula-Aigyr] // *Rossiiskaya arkheologiya*. 1992. No. 2. Pp. 230–239. (In Russ.)
- Chkhaidze, 2009 — *Chkhaidze v. N.* sepulturae vaga Mediaevalis in regione adsurgit Kuban ex effossionibus nuper 19th – mane 20th saecula / / materiae et investigationis in archaeologia Caucasi Septentrionalis. Exitus. 10 / Ed. E.I. Narozhny edidit. Armavir: Kuban Hereditatem, 2009. Pp. 116–126.
- Fedorov-Davydov, 1966 — *Fedorov-Davydov G.A.* Kochevniki Vostochnoi Evropy pod vlast'yu zolotoordynskikh khanov [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans]. M.: MGU, 1966. 274 p. (In Russ.)
- Fedorov-Davydov, 1984 — *Fedorov-Davydov G.A.* Kochevnicheskii kurgan XIV v. iz Nizhnego Povolzh'ya (nekotorye osobennosti pogrebal'nogo obryada srednevekovykh kochevnikov) [A 14th-century nomadic mound from the Lower Volga region (some features of the medieval nomadic burial rite)] // *Voprosy drevnei istorii Yuzhnoi Sibiri*. Abakan, 1984. Pp. 98–108. (In Russ.)
- Garustovich, 2012 — *Garustovich G.N.* Religioznaya situatsiya v Zolotoy Orde glazami sovremennikov // *Islam i vlast' v Zolotoy Orde* / Red. I.M. Mirgaleyev, E.G. Sayfetdinova. Kazan': Institut istorii im. SH. Mardzhani AN RT, 2012. S. 73–97.
- Garustovich, 2012a — *Garustovich G.N.* Srednevekovyye avtory o rasprostraneniі islama v Uluse Dzhuchi // *Vestnik Akademii nauk RB*. 2012a. T. 17. № 3. S. 55–61.
- Iskakhov Et Usmanov, 2007 — *Iskhakov D.M., Izmailov I.I.* historia ethnopolitica Tatarorum (III–MEDIUM XVI saeculorum). 2007 Seminari Per I Maturandi. 356 p.
- Ivanov, Kriger, 1988 — *Ivanov V.A., Kriger V.A.* Kurgany kypchakskogo vremeni na Yuzhnom Urale (XII–XIV vv.) [Kipchak-period burial mounds in the Southern Urals (12th–14th centuries)]. M.: Nauka, 1988. 103 p. (In Russ.)
- Izmailov, 2006 — *Izmailov I.I.* Islam in Iochi Ulus (Aurea Horde) // *Islam et musulmanus Cultura In Regione Media Flumen: historia et Modernitas* / Ed. R. M. Mukhametshin edidit. Kazan: Feng, 2006. Pp. 53–88.
- Izmailov, 2012 — *Izmailov I.I.* Adoption De Insula In Jochi Ulus: Causae et Gradus Islamization // *Islam et potestas In Aurea Multitudine* / Ed. Per I. M. Mirgaleev, E. G. Sayfetdinova. Kazan: Institutum Historiae nomine post Sh. Marjani, Academiae Scientiarum Reipublicae Tatarstaniae, 2012. Pp. 98–116.
- Izmailov, Usmanov, 2009 — *Izmailov I.I., Usmanov M.A.* Islam In Iochi Ulus // *Historia Tatarorum ab antiquis temporibus in septem voluminibus. Iii volumine: Jochi Ulus (Aurea Multitudo). XIII-medium saeculum XV.* / Scientia. Editio M.A. Usmanov. Kazan: Institutum Historiae nomine post Sh. Marjani, Academiae Scientiarum Reipublicae Tatarstaniae, 2009. Pp. 599–617.
- Kalmenov, 2014 — *Kalmenov M.D.* Krugloe pogrebal'noe sooruzhenie s gorodishcha Zhaiyk [A round burial structure from the Zhaiyk settlement] // *Materialy IV Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii "Kadyrbaevskie chteniya – 2014"*. Aktobe, 2014. Pp. 201–208. (In Russ.)
- Kalmenov, 2016 — *Kalmenov M.D.* Gorodishche Zhaiyk – pamyatnik srednevekovoi gorodskoi kul'tury (po rezul'tatam arkheologicheskikh izyskaniy 2012–2015 gg.) [The Zhaiyk settlement — a monument of medieval urban culture (based on archaeological research 2012–2015)]. Uralsk, 2016. 55–63 p. (In Russ.)
- Kalmenov, 2019 — *Kalmenov M.D.* Nekropol' gorodishcha Zhaiyk (po rezul'tatam arkheologicheskikh issledovaniy v 2015 godu) [Necropolis of the Zhaiyk settlement (based on the results of archaeological research in 2015)] // *Materialy Mezhdunarodnoi arkheologicheskoi konferentsii "Margulanovskie chteniya – 2019"*. Nur-Sultan, 2019. Pp. 468–477. (In Russ.)
- Kalmenov, Bizhanova, 2015 — *Kalmenov M.D., Bizhanova A.E.* Ob odnom pogrebenii, naidennom na gorodishche Zhaiyk [On one burial found at the Zhaiyk settlement] // *Materialy IV Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii "Etnicheskie vzaimodeistviya na Yuzhnom Urale"*. Chelyabinsk, 2015. Pp. 311–314. (In Russ.)
- Khalikova, 1986 — *Khalikova E.A.* Musul'manskіe nekropoli Volzhskoi Bulgarii X – nachala XIII v. [Muslim necropolises of Volga Bulgaria, 10th – early 13th centuries]. Kazan, 1986. 180 p. (In Russ.)
- Kravets, 2002 — *Kravets V. V.* sepulturae Musulmanae Primae nomadum In Regione Media Don // *archaeologica Situs Europae Orientalis* / Ed. editio A. T. Sinyuk. Voronezh: VGPU, 2002. Pp. 193–199.
- Krieger, 2012 — *Krieger V. A.* Nomades Kazakhstaniae Occidentalis et fines adiacentes Medio Aevo (X–XIV saecula). Uralsk: Unio Scientiarum Eurasiana, 2012. 200 paginae.
- Kyzlasov, 1980 — *Kyzlasov I.I.* Kypchaki i

vosstaniya eniseiskikh plemen v XIII v. [The Kipchaks and the uprisings of the Yenisei tribes in the 13th century] // Sovetskaya arkheologiya. 1980. No. 2. Pp. 80–93. (In Russ.)

Kulpin, 2009 — *Kulpin E.S.* Aurea Multitudo: Problemata Genesis Civitatis russicae. M.: LIBROCOM, 2009. 176 p.

Pilipchuk, 2015 — *Philippchuk Ya.V.* Desh-i - Kipchak in confluentes civilizationes. Ufa: Ufa Ramus Universitatis Civitatis Moscuae ex nomine nuncupatur M. A. Sholokhova, 2015. 247 p.

Puteshestviya, 1993 — *Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka* [Travels to the Eastern Lands by Plano Carpini and William of Rubruck]. Series: Puteshestviya. Otkrytiya. Priklucheniya. Almaty, 1993. 248 p. (In Russ.)

Smagulov, 2002 — *Smagulov E.A.* Problemy issledovaniya srednevekovykh gorodov v Uralskoi oblasti [Problems of studying medieval cities in the Ural region] // Izvestiya MON RK. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 1. 2002. Pp. 91–103. (In Russ.)

Vasil'yev, 2009 — *Vasil'yev D.V.* Islamizatsiya i pogrebal'nyye obryady v Zolotoy Orde (arkheologo-statisticheskoye issledovaniye. Astrakhan': Astrakhanskiy universitet, 2009. 179 s.

Zhumaganbetov, 1995 — *Zhumaganbetov T.S.* Zolotoordynskie pamyatniki Stepnogo Priural'ya [Golden Horde monuments of the Steppe Pre-Urals] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. 1995. No. 4. Pp. 32–34. (In Russ.)

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 5, pp. 1530-1544, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.61.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_5_1530-1544

SOME ASPECTS OF THE AGRICULTURAL OF KAZAKHS

Toktabay Akhmet¹, Dossymbetov Nurlybek²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0001-5403-6939>. E-mail: akhmet.t@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Researcher
 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: nurlybekdossymbet@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2025

© Toktabay A.U., Dossymbetov N.A., 2025

Abstract. *Introduction.* This article examines the characteristics of the agricultural activities of the Kazakh people from the 18th to the early 20th centuries, along with their economic life. An analysis is conducted of agricultural tools, land use methods, traditional rituals, and land management practices. Additionally, based on foreign research works, the culture of land cultivation and grain sowing among Kazakhs is highlighted. As a result, traits such as determination, diligence, and traditional agricultural practices of the Kazakh people are identified. The study contributes to a deeper understanding of the historical and social aspects of the development of Kazakh society. *Goals and objectives.* The primary aim of this work is to identify the features of the traditional agricultural culture of Kazakhs and their place within the societal economic system. The tasks include investigating the specifics of agricultural tools, land use methods, grain sowing techniques, and analyzing cultural and historical aspects related to the agricultural activities of the Kazakh people. *Results.* The research establishes the cultural and humanitarian foundations of Kazakh farming practices and reveals the resilience of traditional methods and rituals. The characteristics of land use and tools are described, facilitating a more profound understanding of the social structure, division of labor, and cultural traditions of Kazakh society. *Conclusion.* Traditional Kazakh agriculture is an essential component of their cultural heritage. The study emphasizes the significance of folk traditions and farming methods that substantially influence the development of Kazakh society. This research makes a valuable contribution to understanding the country's historical and cultural evolution and lays a foundation for future studies in this field.

Keywords: Zhetysu, agriculture, irrigation systems, mirab, chigir, farming, agricultural tools, grain crops, cultural and historical traditions, the economic system of Kazakh society

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the grant-funded project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, titled «The agricultural culture of the Zhetysu Kazakhs in the early XIX–XX centuries: according to new archival and historical-ethnographic data» (IRN AP23488973).

For citation: Toktabay A.U., Dossymbetov N.A. Some aspects of the agricultural of kazakhs // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 5. Pp. 1530–1544. (In Kaz.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1530-1544

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Тоқтабай Ахмет Уалханұлы¹, Нұрлыбек Айдарбекұлы Досымбетов²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0001-5403-6939>. E-mail: akhmet.t@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)
Ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: nurlybekdossymbet@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАЭ, 2025
© Тоқтабай А.У., Досымбетов Н.А., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақтардың егіншілік кәсібі мен шаруашылық өміріндегі ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу қазақ егіншілігінің құралдары, әдістері, дәстүрлі рәсімдері және жер пайдалану сипаттамаларына талдау жасайды. Сонымен қатар, шет елдік зерттеушілердің еңбектері негізінде қазақтардың жер өңдеу мен егін егу мәдениеті көрсетілген. Нәтижесінде, қазақтардың егіншілік кәсібіне деген ынтасы, еңбекқорлығы және дәстүрлі әдістері айқындалды. Зерттеу қазақ қоғамы дамуының тарихи және әлеуметтік аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – қазақтардың егіншілік мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, қазақтардың шаруашылық жүйесіндегі алатын орнын зерттеу. Сондай-ақ, қазақтардың егіншілік мәдениетіндегі шаруашылық құралдары мен дәнді-дақылдарды егудің әдістерін де қарастыру. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижесінде, қазақтардың егіншілік кәсібінің мәдени-гуманитарлық негіздері, дәстүрлі әдістері мен рәсімдерінің тұрақтылығы анықталды. Сонымен қатар, қазақтардың жер пайдалану тәсілдері мен еңбек құралдарының ерекшеліктері сипатталды. Бұл деректер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, еңбек бөлінісін және мәдени дәстүрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. *Қорытынды.* Қазақтардың дәстүрлі егіншілік кәсібі олардың мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болғанын көрсетті. Бұл кәсібінің дамуында халықтық дәстүрлер мен шаруашылық әдістерінің өзара байланысы айқын көрінді. Зерттеу қазақ қоғамының тарихи әрі мәдени дамуындағы егіншілік ролін түсінуде маңызды үлес қосады және болашақтағы зерттеулер үшін негіз болады.

Түйін сөздер: Жетісу, егіншілік, суландыру жүйелері, мұрап, шығыр, егіншілік, егіншілік құралдары, дәнді дақылдар, мәдени-тарихи дәстүрлер, қазақ қоғамының шаруашылық жүйесі

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ХІХ–ХХ ғасыр басындағы Жетісу қазақтарының егіншілік мәдениеті: жаңа архив және тарихи-этнографиялық деректер бойынша» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған (ИРН AP23488973).

Дәйексөз үшін: Тоқтабай А.У., Досымбетов Н.А. Қазақтардың егіншілік мәдениетінің кейбір қырлары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. 1530–1544 бб. (Қазақш.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1530-1544

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЗЕМЛЕДЕЛЬЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

Токтабай Ахмет Уалханулы¹, Нурлыбек Айдарбекович Досымбетов²

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0001-5403-6939>. E-mail: akhmet.t@mail.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
Научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: nurlybekdossymbet@gmail.com

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Токтабай А.У., Досымбетов Н.А., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются особенности сельскохозяйственной деятельности казахов в XVIII – начале XX века, а также их хозяйственная жизнь. Проведен анализ сельскохозяйственных орудий, методов землепользования, традиционных обрядов и особенностей землепользования. Кроме того, на основе зарубежных исследовательских работ показана культура обработки земли и посева зерновых у казахов. В результате выявлены целеустремленность, трудолюбие и традиционные методы ведения сельского хозяйства казахского народа. Исследование способствует более глубокому пониманию исторических и социальных аспектов развития казахского общества. *Цель и задачи исследования.* Цель работы – выявить особенности традиционной сельскохозяйственной культуры казахов и их место в хозяйственной системе общества. Задачи включают исследование специфики сельскохозяйственных орудий, методов землепользования и посева зерновых, а также анализ культурных и исторических аспектов, связанных с сельхоздеятельностью казахского народа. *Результаты.* По итогам исследования установлены культурно-гуманитарные основы ведения сельского хозяйства казахов, а также выявлена устойчивость традиционных методов и обрядов. Описаны особенности землепользования и инструментария, что позволило глубже понять социальную структуру, разделение труда и культурные традиции казахского общества. *Заключение.* Традиционное сельское хозяйство казахов является важной составляющей их культурного наследия. В ходе работы подчеркнута связанная с этим роль народных традиций и методов хозяйствования, существенно влияющих на развитие казахского общества. Исследование вносит важный вклад в понимание историко-культурного развития страны и создает основу для будущих исследований в данной области.

Ключевые слова: Жетысу, земледелия, ирригационные системы, мираб, чигир, земледелие, агротехнические орудия, зерновые культуры, культурно-исторические традиции, хозяйственная система казахского общества

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Земледельческая культура казахов Жетысу в XIX – начале XX века: по данным новых архивных и историко-этнографических материалов» (ИРН AP23488973).

Для цитирования: Токтабай А.У., Досымбетов Н.А. Некоторые аспекты земледельческой культуры казахов // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 5. С. 1530–1544. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_5_1530-1544

Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі тіршілік жүйесі негізінен мал шаруашылығына, яғни көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіруге бағытталғаны белгілі. Алайда бұл ерекшелік қазақтар егіншілікпен айналыспаған деген түсінікті білдірмейді. Керісінше, қазақтардың шаруашылық-экономикалық құрылымында егіншілік те маңызды орын алған, әрі оның өзіндік тәжірибелік және мәдени жүйесі қалыптасқан. Әсіресе, табиғи-географиялық жағдайы қолайлы, өзен-көлге бай өңірлерде егіншілік кәсібі ертеден жүйелі түрде дамыған. Тарихнамада қазақтар көбінесе көшпелі және жартылай көшпелі халық ретінде сипатталса да, тарихи-этнографиялық және жазба материалдар олардың отырықшы өмір салты мен егіншілікпен айналысуының айқын дәлелдерін де келтіреді. Егіншілік тек экономикалық қажеттіліктен туындаған шаруашылық саласы ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамындағы табиғатпен өзара қарым-қатынастың, еңбек мәдениетінің, отырықшылық үрдісінің, тіпті саяси басқарудың да ажырамас бөлігіне айналды. Дегенмен, қазақтардың негізгі шаруашылық жүйесі көшпелі мал шаруашылығына негізделгендігі даусыз. Бірақ, бұл қазақ халқы егіншілікпен мүлдем айналыспады дегенді пікірді тудырмауы қажет. Осы орайда, XVII–XIX ғасырлардағы патша үкіметінің шенеуніктері мен саяхатшылары және шығыстанушы, тарихшы, этнограф ғалымдарының зерттеулері мен жолжазбаларында қазақтардың дәстүрлі егіншілікпен айналысқаны туралы нақты мәліметтер берілгендігін айта кету керек. Бұл деректер қазақ жеріндегі егіншілік мәдениетінің географиялық ауқымын, суару әдістерін, еңбек құралдарын және дәнді-дақыл түрлерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ хандары мен сұлтандарының егіншілікті қолдап, отырықшылықты ынталандырған әрекеттері де зерттеулерде көрініс тапқан.

Материалдар мен әдістер

Аталмыш мақалада қазақ халқының дәстүрлі егіншілік мәдениетінің тарихи-этнографиялық негіздерін ашу мақсатында бірқатар дереккөздер мен ғылыми әдістер қолданылды. Біріншіден, XVII–XIX ғасырлар аралығындағы орыс және еуропалық зерттеушілердің, саяхатшылар мен әскери шенеуніктердің жазбаша есептері, күнделіктері, тарихи очерктері мен картографиялық материалдары т.б. зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде қарастырылды. Атап айтқанда, Ф. Байков, В. Кобяков, Ф. Скибин, Я.П. Гавердовский, А. Левшин, Г.Н. Потанин, И.Г. Андреев, Ш. Уәлиханов, Т.А. Сейдалин, Я.Я. Полферов, М. Терентьев, Г.И. Спасский, Л. Чермак сынды авторлардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, этнографиялық сипаттамалар, суару жүйелерінің сызбалары, егіншілікке қатысты терминологиялар мен ауыз әдебиеті үлгілері дереккөзі ретінде қарастырылды.

Мақалада салыстырмалы-тарихи, нақты талдау, жүйелілік, проблемалық-мерзімдемелік сынды тарихнамалық зерттеу әдістері зерттеу бағыты ретінде таңдап алынды. Мұндағы салыстырмалы-тарихи әдісі ғалымның еңбегін талдау барысында қарастырылып отырған мәселенің маңызын арттыра түсуге мүмкіндік береді. Келесі нақты талдау әдісі зерттеу нысанына қатысты ғылыми басылымға сипаттама беру барысында мақсаттан ауытқымай объективті пікір ұстануды негіздейді. Ал, зерттеліп отырған тақырып аясындағы еңбектерді топтастыру үшін тарихнаманың жүйелілік әдісіне басымдық берілді. Сонымен қатар, проблемалық-мерзімдемелік әдісті қолданудың негізгі мақсаты – зерттеу тақырыбының негізгі мәселесін хронологиялық мерзіммен байланыстыра отырып қарастыру.

Талқылау

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ халқының егіншілік мәдениетіне қатысты мәліметтерді жинақтап, оны ғылыми тұрғыда сипаттаған зерттеушілердің еңбектері жарық көрді. Мәселен, әскери инженер Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты еңбегінде қазақтардың егіншілік тәжірибесіне байланысты құнды деректер кездеседі (Мейер, 1865). Автор жергілікті халық арасында бірнеше жыл өмір сүріп, қазақ тілін меңгеріп, тікелей ел ішінен мәліметтер жинаған. Сонымен қатар, Мейер еңбегінің ғылыми құндылығы

оның статистикалық мәліметтермен, мұрағат құжаттарымен және орыс әкімшілік өкілдерінің деректерімен нақтыланғанында жатыр (Мейер, 1865). Осы кезеңде қазақ даласындағы егіншілік мәдениетін зерттеген тағы бір ғалым Л. Костенко болды. Оның еңбектерінде Орта Азиядағы аграрлық қатынастар мен егіншілік мәселелері кеңінен қарастырылған (Костенко, 1871).

Кеңестік кезеңде қазақтардың дәстүрлі егіншілік мәдениетіне қатысты П.Г. Галузо, Б. Сүлейменов сынды ғалымдардың монографиялары жарық көрді. XIX ғасырдағы қазақтардың шаруашылық жүйесін (оның ішінде егіншілік) зерттеуге арналған іргелі еңбектердің біріне Б. Сулейменовтың «Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867–1907 гг.)» атты монографиясы жатады. Автор аталмыш еңбегінде статистикалық деректерді, шолуларды, орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің есептерін, зерттеулерін, архив деректерін кеңінен пайдаланған. Жетісу өңірінде егіншіліктің суармалы және суалмалы екі түрі де болды. Автордың мәліметінше, Жетісу өңіріндегі суармалы жерлерді бөлу кезінде жер иелері арасында арық қазуға қосқан үлесі басты назарға алынады. Жетісу облысының Сырдария облысынан өзгешелігі дихан суландыру жүйесін қалпында сақтауға үлес қосып отырса өзінің иелігіндегі жер үлесін ұрпақтарына мұраға қалдыра алды. Сонымен қатар, жер иелері өз жерлерін бүтіндей немесе бір бөлігін сатуға құқылы болды (Сулейменов, 1963: 223).

1965 ж. жарық көрген П.Г. Галузоның «Аграрные отношения на юге Казахстане в 1867–1914 гг.» атты монографиясында Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы ауыл шаруашылығы мәселесін жан-жақты қарастырған. Аталмыш зерттеудің басты ерекшелігі ретінде автор тек қана қазақтармен қатар, казак, орыс, ұйғыр, өзбек, дүнген сынды халықтардың да шаруашылық жүйесін байланыстыра қамтығандығын айтуға болады. Жалпы, П.Г. Галузоның пікірінше, егіншіліктің дамуы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымында маңызды өзгерістерге әкелген. (Галузо, 1965). Сондай-ақ, Тарих, археология және этнография институтының «Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX веков» атты ұжымдық монографиясында қазақтардың дәстүрлі мал және егін шаруашылығы қамтылған (Хозяйство, 1980).

Көрнекті этнограф-ғалым Дж.Х. Кармышева өзінің көлемді мақаласында далалық-этнографиялық мәліметтерін бекіте түсу үшін Т.А. Сейдалиннің, Л. Чермактың, Н. Дингельштедтің еңбектеріне кеңінен қолданады (Кармышева, 1986: 47–70).

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында қазақ халқының егіншілік мәдениетін зерттеу әрі қарай жалғасты. Жетісу қазақтарының егіншілік мәдениетін ұзақ жылдар зерттеген археолог В.В. Сараев көне ауылшаруашылық құралдарын (соқа, кетпен, орақ, малатас) зерттеп, типологиясын жасағанда П.П. Румянцевтің еңбегін кеңінен пайдаланған (Сараев, 2011: 127–142).

Этнограф-ғалым Н.Қ. Байғабатова өзінің 2023 жылы жарық көрген «Казахи Жетысу на рубеже XIX–XX веков (историко-этнографическое исследование)» атты монографиясының бір тараушасын егіншілікке арнаған. Автор XIX–XX ғасырдың басындағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенгенін байқауға болады. Бұл кезеңдегі ресейлік ғалымдар қазақ даласындағы аграрлық қатынастарды, егіншілік дағдыларын, жер пайдалану тәжірибесін арнайы экспедициялар мен әкімшілік есептер арқылы сипаттап отырған. Н.Қ. Байғабатова осы деректерді пайдалана отырып, Жетісу қазақтарының егіншілікке бейімделуін, көшпелі шаруашылықпен қатар отырықшылық элементтерінің күшейе түскенін көрсетеді. Орыс зерттеулері статистикалық мәліметтерге, жер-су қорларын өлшеуге және жергілікті халықтың тұрмысын бақылауға негізделгендіктен, еңбекте қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістерді дәлелдеуге маңызды база қызметін атқарған (Байғабатова, 2023). Сонымен қатар, бұл зерттеулерде Ресей империясы кезеңіндегі орыс ғалымдарының еңбектеріне қысқаша шолу берілген. Осылайша, революцияға дейінгі, кеңестік кезең және қазіргі ғылыми әдебиет қазақ халқының дәстүрлі жерсабақ мәдениетін кешенді түрде зерттеудің негізін құрайды. Бұл әртүрлі кезеңдердегі зерттеулер оның көпжақты табиғаты мен тарихи даму динамикасын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Нәтижелері

1654–1658 жылдары Федор Байков бастаған орыс елшілігі Қытайға бара жатып, Ертісті өрлей Зайсан көліне дейін жетеді. Ертіс өңіріндегі жергілікті халықтың жер шаруашылығымен айналысатынын атап көрсетеді (Путешествие, 1820: 30). Яғни, қазақтардың өздерінің егіншілікпен, мал шаруашылығымен тұрақты түрде айналысқанын дәлелдейді, олар өзінің шаруашылық құрылымы мен күнкөріс әдестерін меңгергенін көрсетеді.

1691 жылы 9 наурыз – 29 мамыр аралығында Иркутск қолбасшысы Леонтий Константинович Кислянский мен Москвалық стрелецтер капитаны – Осип Бумаков екеуі қалмақ билеушісі Бушухтудың (Хунтайжи Бошухту – А.Т., Н.Д.) елшілерін қабылдап Тәуке хан билеп тұрған Қазақ хандығы туралы сұрайды. Елшілер Қазақ хандығының жәй-жапсарын айта келіп: «...Посланцы говорили: В Казачье де Орде (Казакское ханство – А.Т.) Хлеба всякого пашут вблизи у городков и отъезжая по селам много... Так же де в городах и селах множе сады, а в садах всякие овощи, яблоко, винограды и вишни, черносливы и шебуга, орехи большие волосские и иные овощи ест...» (Посольские, 2005: 397).

1692 ж. Петр I патшаның бұйрығымен Тобольскіден Түркістан қаласына Россия мен Қазақ хандығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту үшін Василий Кобяков бастаған елшілік аттандырылады. Елшілікті Хан Тәукенің өзі қабылдап, екі ел арасындағы бірталай мәселелер оңды шешімін табады. Осы сапарында В. Кобяков Қазақ хандығының саяси-экономикалық, шаруашылық жағдайына тоқтала кеп былай дейді: «А хлеб у Тевки хана (Тауке Хана – А.Т., Н.Д.) родится многое число, пшеница и ячмень и просо, а хлеб сеют озимые и яровые» (Роспросные, 1867: 385, 389–390).

1695 жылы Қазақ хандығынан келген елшілерге орай жауап ретінде Ресей Федор Скибин мен Матвей Трошинның елшілігін Тобольскіден Қазақ хандығының астанасы Түркістанға аттандырады, сол жылы елшілер қайтып оралады. Ф. Скибин мен М. Трошин өздерінің жоспарларын мұқият жаза отырып, қазақ халқы туралы көрген-білгендерін баяндайды. Атап айтқанда Тәуке ханның ордасында болғанда азық үшін «бір қой мен екі пұт бидай» сыйға алғандарын мәлімдейді. Осы фактінің өзінен хан сарайында бидай өнімдері үнемі пайдаланылғанын көреміз (Статейный, 1867: 375–380).

Семен Ульянович Ремезов (шамамен 1663–1715) өз заманының білімпаз адамы, сызба чертеждерімен, картографиялық жұмыстарымен атағы шыққан. Ресей империясының көптеген жерлерін соның ішінде қазақ далаларын да картаға түсірген. Осындай көп жұмысты қалай атқарды десек, оның үш ұлы да әкесінің жұмысына көмектесіп, әріптес болған. 1697 ж. Ремезов Үкімет алдында өзінің екі жұмысын көрсетеді: «Чертеж Тобольской земли» (Чертежная, 1882) және «Чертеж земли всей безводной и многопроходной каменной стены» (Чертежная, 1882: 22). Екі картада да қазақ жері көрсетілген, әсіресе 2-картада қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі т.б. этнографиялық материалдар баршылық. Қазақ егіс танаптарының сызбасы, каналдар мен су бассейндерінің орналасуы көрсетілген. Бұл тарихта қазақ егіншілік формасы мен сұлбасының сызбада алғаш сызылып, картаға түсуі болды.

Қазақтар қауынды тіліп-тіліп күнге кептіріп қыс кезінде пайдаланады, мұны қауынқак екені айтылады. Зерттеуші бұл тағамның тағы бір түрін жазады. Қайыңды қабығымен жіп-жіңішке қылып тіліп ап, күнге кептірген соң, ұнға май қосып, шыжғырып алып, әртүрлі дала жидектерін және бұхар мейізін қосып ішекке салады. Мұны «чжиин (жын – А.Т., Н.Д.) дейді (Гавердовский, 2007: 489). Я.П. Гавердовский қазақтардың су қоймаларынан тартылған арық-атыз жүйелерінің тарамдалып егіс тақталарына қалай жететінін кәнігі гидротехникше мұқият және дәлме-дәл суреттеген: «Пашни представленные на плане, находились на правом берегу Иргизии». Глинистая насыпь (а), удерживал разлив, а место (b) служило для запружения воды при ее убыли. От сего вала по всей пашне были устроены слепленные из глины каналы (с), ширина коих простиралась до трех четвертей и более. От сих каналов во обе стороны отделялись борозды (d) или жалобы (e), лежащие так же, как и каналы несколько выше горизонта пашен. Они все между собою взаимно пересекались, разделяя плоскость на многие отделы (f), и по мере отдаления от водохранилища постепенно понижалась, примыкая

к водяным спускам (g), прорытым по всему полю или к ложбинам (h). Зерттеушінің еңбегі егістік алқаптарын бөліп көрсетумен құнды (Гавердовский, 2007: 487–488).

Г. Потанин 1861 жазған «Заметка о хлебопашестве в Киргизской области» – деген мақаласында: біз қазақтардың жер шаруашылығын дамытуға ықылассыз болдық, керісінше шекаралық аймақтарда орыс шаруаларына бәсекелес болады – деген әртүрлі сылтаулармен елемеуге, кедергілер жасауға тырыстық. Ал Сібір ведомствосына қарайтын көшпенділердің жартысына дейін егіншілікпен айналысады, себебі бұл жақтарда оларға еркіндік бар. Сондықтан қазақ халқы тек көшпелі өмір үшін ғана жаралмаған, өзінің ақылы мен еңбекқорлығының арқасында көптеген жерлерде егіншілікпен шұғылданады. Торғай, Қорғалжың, Ертістің сол жағалауы Лебяжье станциясы, Қалба тауларына дейін, Тарбағатай мен Алатау, Жетісу өлкесінде т.б. жерлерде тұратын қазақтардың егіншіліктері қарқындап дамуда. Қазақтарға жетіспейтін нәрсе диірмендер мен темір құралдары. Диірмен ұстаушы қазақтар қазақтардың бидайын тартып беруге құлқы жоқ, қазақтардың бидайын сатып алып, ұнға айналдыруда, олардың наны таусылған кезде қайта сатады. Қазақтар Урал темірлерін сатып алып өздерінің құралдарын жасайды. Ал, біздікілер шот пен тесе сияқты құралдарды тікелей жасаса тез сатылар еді, екі жаққа да тиімді болар еді (Потанин, 2006: 331–333).

М. Терентьев «Туркестан и Туркестанцы» деген мақаласында 1868 жылы Құрама елін жан-жақты зерттеу комиссиясында өзі болып көргендерін, пайымдауларын қағаз бетіне түсірген. Комиссия заңға бағына қоймаған, өркөкірек көшпендіні көруге барғанда, өздерінің райларынан бірден қайтты дейді. Біз олардың қышлағына кіргенде жерге орнықтырылған қамыстан салынған, сыртын балшықпен сылаған және қам кесектен қаланған тамдарда тұрып жатқан отырықшы-қазақты, егінші қазақты көрдік. Бұларда ру деген өткен заманның елесі, жай айтылған сөз, рулық жер, жайлау-қыстау т.б. жоқ (Терентьев, 1875: 83).

Қазақтардың шаруашылығы, кәсібі туралы мақалалардың бірі 1872 жылы Кіші және Орта жүздің Ресей құрамына өтуіне байланысты жиынға қазақ делегациясының Санкт-Петербургқа барған сапарларына байланысты жазылыпты. «Егіншілер қауымы көшпенділер арасында ертеден бар, бірақ қазақ арасында дамымайды, неге десеніз соқа деген сөз олар үшін жиіркенішті, олар Құран сөзіне айрықша сенеді «Везде где проникает это оружие (т.е. соха) она несет за собою позор и рабство». Сондықтан сіңірі шыққан кедейлер ғана шұғылданып, ауқаттанған соң тастайды. Қазақтардың ең басты тағамы – тары, одан соң бидай және арпа жылқы азығы үшін өсіріледі. Ресейдің ықпалымен қара бидай, картоп өсіріліп жатқаны туралы жазылған (Народы, 2010: 72).

Д.У. Белов қазақ тұрмысын жақсы білген, жер шаруашылығының процестерін тәптіштеп жаза отырып 10-ға жуық халықтық терминдерді көрсетеді. Сырдария жағасында көше алмай қалған қазақтарды – жатақ, егінші деп атайды, осылар ғана егіншілікпен айналысады – деп көрсетеді автор. Көкек айынан бастап арпа егеді, одан соң бидай мен тары егеді. Тары егетін жерді әртүрлі шөптен тазалайды – мұны «утак» деп атайды. Жыртылған жерге тұқым шашып болған соң борозда шығарылады, мұны «тап» деп атайды. Жер жыртатын жер ағашты ат сүйресе киізден қамыт кигізеді, ал өгіз сүйресе мойынағаш пайдаланылады. Қазақтарда жинаған егінді қапқа салмайды. Көктемде су баспайтын құмды жерден ұра қазып соған салады, бетін сабанмен жауып, топырақпен көмеді, сол күйінде көктемге дейін жатады (Записка, 2012: 651–653).

Г.Н. Маллицкий 1920 жылдары Орта Азия университетінің профессоры, қазақ тілін жақсы білген, қазақтар өмірінен көлемді этнографиялық еңбек жазған. Оның айтуынша, жерге отырықтанған қазақтар жер шаруашылығын өзбек, тәжіктерден тез үйреніп күріш, мақта өсіруді де біледі. Жетісуда орыс қоныстанушыларынан шалғы, тартпаны (косы) алып, оны бел орақ деп атаған. Ашаршылық жылдары алғы деген өсімдіктің тамырын қазып алып, суға салып қойып уын кетіріп, крахмал ақ ұнтақты майға қуырып, суға, сүтке пісіріп жеген. Құмда өсетін құм-тарының (құмаршық – А.Т., Н.Д.) майлы ұнынан нан немесе ботқа жасаған. Атқұлақ өсімдігінен де осындай тағамдар жасаған. (Маллицкий, 2011: 299). Маллицкий сондай-ақ XIX ғасырдың ортасында кедейлердің жаппай тұрақтай отырып егіншілікпен айналысқанын, нәтижесінде ең кедей жергілікті «егінші» тобын қалыптастырғанын атап өткен: «...Джатаки

составляли настоящий пролетариат находившийся в экономической кабале у богатых сородичей, а также у русских и немецких колонистов по окраинам степи...» (Маллицкий, 2011: 295, 416).

Әскери инженер-топограф И.Г. Андреев қазақ жерінде қамалдар мен көпірлер салған жолдар мен бекіністердің редуттер мен форпостардың пландары мен карталарын сызған, Семипалатинская, Усть-Каменогорск, Бұқтырма, Ямышев қамалдарын қайтадан сызуға қатысқан, Семей қаласында қайтыс болған, қазақша жақсы білген, қазақ ішінде, қазақ ауылдарында жиі болып жер жағдайын үнемі үлкен адамдардан сұрап отырған. Қазақ даласы мен Сібірдегі егін шаруашылығы, қандай дәнді дақылдар егіп азық-түлікке пайдаланатыны жайында екі еңбек жазған «Физическое замечание хлебопашестве и прочих экономических изделиях и растениях» және «Домашние размышления о хлебопашестве». Қазақ халқының тарихы мен этнографиясы жайында көлемді еңбек жазған автордың егіншілік мәдениетіне де көңіл аударып, ол жайында тәптіштей жазуы, өз заманындағы алдыңғы қатарлы, озық ойлы, жан-жақты ғалым екенін көрсетеді (Андреев, 1998: 193–197).

Жетісудың арық-атыз, тоған жүйелері туралы Ш.Ш. Уәлиханов: «С первого раза трудно поверить иногда, не удостоверюсь лично, на какую высоту вывадятся арыки, просеченные по арыкам увалов и возвышенностей. Сметливая на этот раз рука казаха очень хорошо проведет арык из речки, текущей к чрезвычайно глубокому рву, и трудно поверить, когда даже убедившись, что не одной версте вода своим непринужденным и свободным течением выведена кверху сотней на тридцать. Вывести ее из рва, какой бы он глубины ни был, для казаха ничего не значит» (Уәлиханов, 1984: 185). Екіашаның (бұрынғы Покатиловка казак станциясы) қарт тұрғыны Ефим Сорокин былай дейді: «Біз Ресейде үнемі жазық жерде тұрғандықтан, алғаш көшіп келгенде тау бұлақтарынан суды өрлетіп жазықтыққа шығаруды білмейміз, алғашында қазақтардың арықтарынан су алып жүрдік, артынан су шығаруды қазақтардан үйрендік» (АӨЖМ).

Ұлы жүз қазақтары көне замандардан егіншілікпен шұғылданып жердің қадір-қасиетін түсіне білді. «Ежелден ұлы жүз жер қазып нанға тойған» – деген сөз бекер айтылмаған. И.Г. Георгии: «Казахи большой Орды живут во всегдашних зимних деревнях, но летом обитают по большей части в тростниковых шалашах, однако же очень редко переменяют место своего жилища. Некоторые из них упражняются несколько в земледелии, а в прочем гораздо прилежнее, основательнее и мужественнее, нежели прочих казахских орд и народы» (Георгии, 1799: 120).

1796 жылы орыс елшісі Д. Телятниковтың Қаратау сілемдерін асып түскен сапарында: «по горам, между расщелинами оных имеются пашни казахские, на коих посеяна пшеница, ячмень, а из плодов дыни и арбуза» (Материалы, 2007а: 160). Бұл деректе алғаш рет қазақтардың, бау-бақша өнімдерін өндіргені айтылған.

1846 жылы генерал Вишневскийдің экспедициясына қатысқан поляк революционері А. Янушкевич Іле қазақтарының отырықшылық тұрмысы мен егіншілік кәсібін көріп, Быжы, Егінсу т.б. өзендерінің алқаптарында болған: «... возделывает поля при помощи каналов и ирригации, сеет на них прось» (Янушкевич, 1966).

Шелек өзенінің Ілеге құяр жеріндегі Қаратопырақты Шелек алқабындағы қазақтардың дамыған егін, бау-бақша шаруашылығы, диірмендері жайында 1825 жылы көзімен көрген Ф.К. Зибберштейн: «... здесь производится славное хлебопашество... На водах через равнину тенущих, находится много мельниц, я из любопытства нарочито проводил там множество суток, дабы видеть действие оных и нашёл, что они довольно хорошо устроены, одним словом, равнина сия есть богатейший источник для довольствия казахского народа, там кочующего» (Путевые, 1936: 237).

Г.И. Спасскийдің сөзімен айтқанда, «Ни один из кочующих народов не может сравниться в делах хлебопашества с казахами. Трудолюбие их самую сухую погоду песчаную землю обращает в плодородную... одним словом земледелие киргизов, сколько внимания, столько же и подражания» (Спасский, 1820: 351–352).

Левшин А.И. – Ресей империясының мемлекет қайраткері, Мемлекеттік кеңестің мүшесі, сенатор, тарихшы, этнограф, жазушы. 1832 жылы үш томдық қазақ тарихын жариялаған, Ш. Уәлиханов «Қазақ тарихының – Геродоты» – деп атақ берген. А. Левшин зерттеуінде егіншілік-отырықшылыққа 1-ші қадам дей келе қазақтар шаруашылықтың бұл саласымен шұғылданбайды, бірақ бәрібір бір жерге қоныстанып тұра алмайды. Қазақтар егіншіліктерінің маңында егін көсіп, орын алғанша көшіп-қонып жүреді. Дәндерін қапқа салып алғаннан соң, артығын сол жерден ұра қазып көмеді де көшіп кетеді. Қара бидай, бидай, арпа әсіресе көп егетіндері тары, кейбіреулері қауын-қарбыз егеді (Левшин, 1996: 380). Зерттеуші қазақ егістігінің Гавердовский салған жобасын береді. Бұл сызба қазірге дейін өзінің құнын жоймаған құнды көрнекті материал. Қазақтардың су қоймаларын жасап, небір қуаңшылық жылдарда егіс алқаптарын суару әдістерін бүге-шүгесіне дейін жазады. А. Левшиннің қазақ егіншілік мәдениеті туралы жазбасы жан-жақтылығымен, тақырыпты терең білетіндігімен және ұзақ уақыттар көлемінде зерттегендігімен көзге түседі.

Тарының бір сабағынан 50–60 дән, бидайдың әр сабағынан 10–15 дән алады. Бұл жерде зерттеуші қазақ дихандарының әр дәннің қанша өнім беретініне дейін санап, жер шаруашылығына мұқият көңіл бөлгенін көрсетеді. Осы орайда тары өсіруден әлемдік рекорд жасап, «ақ тарының атасы атанған» – Ш. Берсиев «бір тарының дәні, бес бидайдың дәнінен кем емес» – деген сөзін сараласақ, тары тез піседі, көп өнім береді және құнарлылығы мен қызуы жағынан бидайдан артық деп бағалағанына куә боламыз.

Орыс деректері Әбілхайыр Ханның жеткілікті дәрежеде жер шаруашылығымен айналысып, айтарлықтай өнім алғанын көрсетеді: «... Абулхайр-хана возвратель они не видели, а слышали что кочует на Сырдарье, заводит пашню... сказывают что управясь с хлебом, прикочует к Оренбургу в скорости...» (Материалы, 2007b: 54). Бұдан Әбілхайыр ханның Сыр бойында егін салумен қатар, жайлауға шығатынын және Орынбор жаққа барғанын көруге болады.

XIX ғасырдың аяғында Шу өзенінің төменгі ағысындағы суармалы егіншілікті көрген Л. Чермак қазақ руларының әрбіреуінің өзеннен тартылған өз тоғаны барын жазады. Тоғандардың ұзындығы 25 км жетеді. Бұл тоғандардың сілемі әлі күнге дейін сақталған, кейбіреуі әлі күнге дейін пайдаланылады, «жалайыр тоғаны», «арғын тоғаны» т.с.с. ру-тайпа атаулары әлі күнге дейін халықтың есінде бар. Тоған қазуға халықтың бәрі жұмылдырылған. Шу өңіріндегі 18 тоғанға 18 рулы елдің күші жұмсалған. Ең басты жұмыс тоған қазылып, су жүргізілген соң, әр отбасы тоғаннан арық тартып жеке атыздарын суарған (Чермак, 1900: 10–14).

XVIII ғасырдың соңында Шығыс Қазақстанның бірталай жерлерін аралаған Иоганн Сиверс, бірнеше рет қазақтардың егіншіліктерін көрген. 1973 жылы 30 июньде Тарбағатай тауларынан жазған хатында былай деп келтіреді: «жападан жалғыз жүрген қазақты кездестірген», «одинокого казаха который из арыков поливал поле, зачехянное пшеницей и желтым просом» (*Panicum miliassum*). Пашня была как обычно у маленькой речки, с жирным черноземом..., получаемое зерно у казаха» (Сиверс, 1999: 36).

Швед ғалымы И.П. Фальктың мәліметінше, қазақтар топ-топ болып бірігіп бидай, тары егістіктерінің жанына жертөле, шым үйлерін сосын алып жаз бойы күзеткен (Фальк, 1999: 81). Сонымен бірге, ғалым қазақтардың көшпелі емес, тұрақты түрде мал және егіншілік шаруашылығын жүргізгенін растай отырып, олардың еңбек әрекеттері мен тұрмыс салтының біртұтас жүйе болғанын көрсетеді. «Жили осело в селах, ели хлеб и имели маленькие стада» (Фальк, 1999: 123). Қазақтар өмірінде нан тағамдары кәдімгідей пайдаланылған. Астықтан алынған өнімдерден нан мен шелпек, көже, бөрте, қарабыламық, қуырмаш жасаған (Фальк, 1999: 132). Бұл мәліметтер қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде астық өнімдерінің және нан тағамдарының негізгі рөл атқарғанын айқындайды, ал олардың тұрақты қоныстануы мен егіншілік дәстүрлері олардың экономикасы мен мәдениетінің маңызды бөлігі болғанын дәлелдейді.

Орыс география қоғамының Орынбор бөлімінің белсенді мүшесі Т.А. Сейдалинов. Алтынсариннің «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің жалғасындай етіп «Торғай өзенінің

Батыс үйіндінің шөп пен бұталарын, және аздаған шым қабатын алғаннан кейін тас үйіндісі толық ашылды. Одан арғы зерттеу жұмыстары нәтижесінде үйіндінің астындағы бекітпе тастары анықталды, диаметрі 5,70 м құрады. Ең ірі бекітпе тасының өлшемі 0,60x0,40x0,10 м. Орталық әрі шығыс бөлігінен шеңбер пішіндес, диаметрі 2 м тонау шұңқырының ізі байқалды. Ары қарай зерттеу барысында тонау аймағынан 0,25 м тереңдікте, ашық қоңыр топырақ аралас тас үйіндінің арасынан жануар сүйегі табылды. Материк деңгейіне жеткеннен кейін өлшемдері 3x2,5 м-ді құрайтын ашық қоңыр түсті қабір шұңқырының дағы табылды. Шұңқыр ішінің топырағы борпылдақ, ашық қоңыр түсті. Шұңқырдың шығыс бөлігінен 0,8 м тереңдіктен сопақша, тіктөртбұрыш пішінді 6 ірі тас шықты. Өлшемдері: ұзындығы – 0,20–0,80 м, ені – 0,20–0,40 м, қалыңдығы – 0,10–0,20 м. Ары қарай зерттеу барысында 1,15 м тереңдіктен жылқының бір тісі кездесті. Жануар сүйектерінің табылуы рәсім барысында қойылып, тонау кезінде алынып кеткен ғұрыптық сүйектердің қалдықтары болуы мүмкін. Ары қарай зерттеу барысында 1,25 м тереңдіктен тіктөртбұрыш пішінді тас жәшік байқалды. Тас жәшіктің бетін жауып тұрған тақтатастары бұзылып, жәшік ішіне қарай құлап жатыр. Қазба барысында тас жәшіктің бетіне қойылған тас тақталардың орнын анықтау мүмкін болмады. Тас жәшік СШ–ОБ бағытта салынған. 6 тақтатастан қойылған, оның жан-жағы таспен қаланған. Жәшік еденіне тас төселген. Өлшемдері: ұзындығы 2,40 м, ені шығыс бөлігінде 1 м, батыс бөлігінде 0,83 м, тереңдігі 0,48 м.

Тас жәшіктің ішінде басы СШ қарата жерленген адам сүйегі табылды. Шалқасынан жатқызып жерлеген. Сақталуы жақсы. Тоналған. Бірқатар адам сүйектері жоқ. Заттай деректер табылмады. Жәшіктің тереңдігі 0,48 м. Ұзындығы 2,80м, ені 1,40 м, тереңдігі 1,73 м-ге тең. Бастың солтүстік-шығысқа қарата жерленуі ертесак кезеңіне тән емес. Соның ішінде Тасмола мәдениетінде адам басы батысқа қаратып қойылады.



Сурет 4 – Жерлеу шұңқырының жоспары мен қималары
[Fig. 4 – Plan and Sections of the Burial Pit]

Батыс үйіндінің шығысындағы үйінді тас-топырақты. Төбеде қарағанда сопақша-шеңбер тәріздес. Орташа көлемді тастардан салынған. Шым қатты басып кеткен. Тонау белгілері байқалмайды. Зерттеу барысында обаның шығыс бөлігінен материктен қыш бөліктері қойылған. Сынған. Сақталуы орташа деңгейде. Өрнексіз ыдыстардың тек түбі жақсы сақталған. Қарабайыр жасалған. Ыдыс орнынан шығысқа қарай 0,25 м-де жануар сүйегі қойылған. Қой сүйектері. Сақталуы орташа. Материк деңгейінде жатыр.

Археологиялық зерттеудің екінші легі үйінділердің «мұртшаларына» жасалды. Тізбектердің бойы толық аршылып, тас құрылыстары анықталды. Солтүстік тас тізбектің аяқ жағынан тастардың арасынан қыш ыдыс бөлігі табылды. Сақталуы өте нашар. Қара түсті. Ыдыстың қай бөлігі екендігі белгісіз. Тас тізбектің бір ерекшелігі, басында және аяқ тұсында шағын үйінділердің болмауы. Әдетте, тас тізбекті обалар шағын үйінділердің болуымен ерекшеленеді.

Сарытау «мұртты» обасы Сарыарқадағы өзге де ескерткіштер тәрізді өзіндік ерекшелікке ие қорым. Құрылыстардың орналасуы, тас тізбектердің шығысқа бағытталуы тәрізді осы уақытқа дейін белгілі көріністермен ерекшеленеді.

Әдістер.

Қорымның орналасу бойынша топографиясын анықтауда Dron Deployed қосымша бағдарламасымен DJI Mavic Pro дрон көмегімен ортофототүсірімдері жасалып, топожоспары дайындалды.

Археологиялық әдістерге сәйкес, солтүстік-оңтүстік бағытта бровка қалдырылды. Бровка арқылы қазбаның стратиграфиялық ерекшеліктері қарастырылды. Ескерткіштің тонау ізін анықтау үшін әр 0,3 м сайын 1:10 см пропорцияда сызбалары салынды.

Антропологиялық материалдарын ҚР Ұлттық музейінің антропологи Т. Қасымханова зерттеп, морфологиялық ерекшеліктерін анықтап берді. Зерттеулер антропологиялық әдістер бойынша қарастырылды (Алексеев, Дебетс, 1964; Алексеев, 1966). Палеоантропологиялық талдаулар барысында жерленген адамның жынысы, жасы тәрізді ерекшеліктер анықталды.

«Мұртты» обаның салыну мерзімі археология ғылымындағы негізгі шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі. Батыс үйіндідегі адам сүйегінен және шығыс обадағы материкте орналасқан жануар сүйегінен хронологиялық уақытын анықтау үшін бір-бірден сараптамалық үлгі алынды. Сараптамалық талдаулар Литвадағы (Вильнюс) Vilnius Radiocarbon ғылыми зерттеу ұйымында жасалды (Др. Ю. Паужолис) тарапынан жасалды.

Талқылау

«Мұртты» оба кешеніне жүйелі түрде қазба жұмыстарының жүргізілуі Ә.Х. Марғұлан есімімен байланысты. Тас тізбекті обаларға ғылыми тұрғыда археологиялық зерттеулер барысында Ә.Х. Марғұланның ерте темір дәуірін зерттеудегі үлкен жетістігі Сарыарқа аймағы «мұртты» обалардың ерекше шоғырланған жері екенін, басқа аймақтарда олардың мұндай мөлшерде кездеспейтінін атап өткендігі болды (Марғұлан, т.б., 1966).

Тас тізбекті обалар туралы М.П. Грязнов Большое Чебачье көлінің жағасындағы «мұртты» обаның зерттеулері негізінде бұл ескерткіштерді байыпты түрде ерте көшпенділер дәуірімен мерзімдеуге болатыны жөнінде пікір білдіреді (Грязнов, 1956: 10). 1950–60-шы жылдары М.К. Қадырбаев бұл ескерткіштерді кең көлемде зерттеп, алғаш типологиясын жасап, олардың мерзімдемесін анықтады. Ғалым өз еңбегінде «мұртты» оба ескерткішін бір мезгілге жататын үш элементті тұтас кешен ретінде қарастырды. М.К. Қадырбаев «тасмола» деп аталған мәдениетті ашып, «мұртты» оба кешенін осы мәдениетке тиесілі екені жөнінде ғылыми пікірін алға тартты. Автор тасмола мәдениетінің өмір сүрген уақыты ғалымның мерзімдеуі бойынша б.з.д. VII–III ғғ. мерзімдейді (Марғұлан және т.б., 1966: 390–399). Бұл мерзімдеулер өткен ғасырдағы пәнаралық зерттеулердің қатысуынсыз жасалғандығын ескеру қажет. М.К. Қадырбаев «мұртты» обалардың мерзімделуін батыс обадағы жерлеу құрылысы мен заттық материалдарды негізге ала отырып жасады.

«Мұртты» обалар жайлы ғылыми пікірлерге шолу жасауда жоғарыда аталған зерттеушілердің «тасмолалық», яғни ерте көшпенділік нұсқасына қарама-қарсы пікір бар екендігін атап өту қажет. Бұл пікірге сәйкес «мұртты» оба кешені ерте көшпенділердің обаларына жапсарласа салынған көне дәуірдің соңы мен ерте ортағасырлық кезеңге тиесілі ескерткіш болып табылады. Осы пікірді қуаттайтын С.С. Сорокин бірінші болып «мұртты» оба кешеніндегі үлкен оба мен оның шығыс үйіндісі бір мезгілде тұрғызылмағандығы жайлы ой айтады. Ғалымның пікірінше, ат жерленіп, қыш ыдыс қойылған кіші оба мен одан шығысқа қарай тартылған тас тізбектер кейініректе қаланған. Зерттеуші кешенді көне дәуірдің мәйіт жерленбейтін бұғытастары, ортағасырлық балбалды қоршаулары сияқты құрылыстар тобына жатқызады (Сорокин, 1981: 176).

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде «мұртты» обаларды зерттеу қайта жанданып, М.К. Қадырбаев қалыптастырып кеткен тұжырым бойынша, бұл ескерткіштерді салу дәстүрін тасмола мәдениетінің өмір сүру мерзімімен байланыстыра отыра зерттелді. Жекелеген бірқатар ғылыми басылымдар жарияланып, «мұртты» обаларға қатысты мағлұматтар легі қалыптаса бастады (Арсланова 1975: 117–127). Мұндай жекелеген зерттеулер уақыт өте келе жаңа типологиялық тұжырымдар мен типтер пайда болуына алып келді. Тұжырымның негізгі ерекшелігі, «мұртты» обалардың барлық жағдайда бір кезеңге тән ескерткіш емес екендігі атап өтілді (Бейсенов, 1996: 39–40; Бейсенов, 1997).

Сарытау «мұртты» оба кешені орналасқан ауданда алғаш тас тізбекті ескерткіштер туралы Шаған өзені бойындағы № 2432 «мұртты» тас тізбек жайлы айтылады (Акишев, 1960: 171).

Ф.Х. Арсланованың ізденістері нәтижесінде 1965–72-ші жылдары Шемонаиха ауданындағы Зевакино қорымында 4 «мұртты» оба, Ұлан ауданындағы Қызылтас қорымында 4 және де қазіргі Б.Өтепов ауылынан батысқа қарай 1 км жерде 1 «мұртты» оба анықталады. Зевакино қорымындағы 3 тас тізбекті оба зерттелсе, Қызылтас қорымында 2 «мұртты» оба зерттеліп, зерттеу нәтижелері 1975 жылы жарияланады. Ф.Х. Арсланова ескерткіштерді б.з. III–V ғғ. жатқызады (Арсланова, 1975: 129).

Тарбағатай ауданында зерттеу жүргізген ғалымдар тобы барлау жұмыстары нәтижесінде 5 «мұртты» оба кешенін анықтады. 2 оба жекелеген ескерткіштер қатарынан болса (Шалқақ, Сынтас), қалған 3 оба (Сөк-2, Жыланды-2, Байғали-4) басқа ескерткіштер тобында орналасқан (Толеубаев және т.б., 1998: 219).

Жоғарыда айтылған ескерткіштерде тек қазба жұмыстарымен шектелгендігін атап өту керек. Күрделі жерлеу-ғұрыптық негізде жасалған кешендердің мерзімделік мәселелерін анықтау тек қана C14 радиокөміртекті талдаулармен шешілетіндігі белгілі. XIX ғасырдың басынан бастап археологиядағы зерттеулердің екінші бөлігі ретінде пәнаралық талдаулар дамыды. Бұл өз кезегінде «мұртты» обалардың өмір сүру уақытын анықтау мәселелерін шешуге септігін тигізді. 2012–2013 жылдары археологтар тобы (жет. А.З. Бейсенов) Шыңғыстау таулы аудан аумағында кешенді барлау жұмыстарын жүргізіп, оның нәтижесінде Абай, Аягөз, Жарма және Жаңасемей аудандарының шегінде барлығы 36 «мұртты» оба анықталды (Бейсенов, т.б., 2017). Кейінірек барлау жұмыстары барысында табылған ескерткіштердің бірі – Қырыққүңгір қорымындағы «мұртты» обаға Ү.Ү. Үмитқалиұлы тарапынан қазба жұмыстары жасалды (Үмитқалиұлы, 2015). Бұл нысанға жасалған пәнаралық талдаулар оның мерзімін б.з.д. VIII–V ғғ. аралығымен шектеуге мүмкіндік берді (Бейсенов, т.б., 2016: 253). Бұл хронологиялық фактіні анықтау үшін қайта C14 радиокөміртекті талдау жасалды. Нәтижесінде ғұн дәуірінің уақытын көрсетіп отыр. Бірнеше сүйектің болуы және бір нысаннан бірнеше талдаулардың алуды қажет етеді. Дәл осыған мысал ретінде, Көлбасы «мұртты» кешеніндегі қосымша обадан бірнеше сүйектердің әр жерден табылуын атап өтуге болады. Ескерткіштен зооморфты стилде жасалған Тасмола мәдениетіне тән түйенің басы бейнеленген қола бұйым табылды. Осыған байланысты, Қырыққүңгір немесе Көлбасы тәрізді ескерткіштердегі уақыт бойынша анықтау мәселелері әлі күн тәртібінде тұр (Бейсенов, 2020). Ерте сақ дәуіріне жатқызылуы «мұртты» обалардың мәдени және хронологиялық тұрғыдан толық анықталмағанын көрсетіп, әлі де терең зерттеулерді қажет ететінін айғақтайды.

Сарытау қорымындағы тас қоршауларға ұқсастық жағынан Қаратөбе қорымындағы № 6 «мұртты» оба ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның құрылысында екі қатарлы тас шеңбердің болуы айрықша белгі ретінде көрсетілді. Нысанның шығыс үйіндісін Б.з. I–III ғасырларына жатқызған (Исин, 2018: 108–110).

Осы уақытқа дейін «мұртты» обаларды тіркеу, жаңадан ашу және жүйелеу жұмыстары да қарқынды жұмыс жасалып келеді. Нәтижесінде 400 астам «мұртты» обаға қатысты ескерткіштер қайта қарастырылды немесе жаңадан тіркеуге алынды. Соның ішінде 41 астам жаңа «мұртты» оба тіркелді (Бейсенов, др., 2025). «Мұртты обаларды зерттеу бойынша ірі көлемде мәліметтер базасының жинақталуы өз кезегінде типологиялық бөлу мәселелері және таралу аймағы бойынша мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді.

Сарытау «мұртты» оба кешеніндегі радиокөміртекті талдаулардың нәтижелері осы уақытқа дейін «мұртты» обалармен байланысты нәтижелер бойынша Жамантас «мұртты» обасының мәліметтерімен сәйкес келеді. Нақты айтқанда, шығыс спутник-обадан алынған материалдармен сәйкес келеді. Алайда, негізгі обадағы жерлеу кешені ерте сақ кезеңімен мерзімделеді (Бейсенов, т.б., 2017а). Сарытау тас тізбекті құрылыс жатады. Сарытау кешені типологиялық және мерзімі жағынан (шығыс оба) Жамантас «мұртты» обасы жақын. Сонымен қатар 2 тип бойынша аналогиялық жағынан Таңдайлы-2 қорымындағы № 2 «мұртты» обаны жатқызуға болады. Алайда, батыс оба ерте сақ кезеңімен мерзімделгенмен, шығыс үйіндідегі жануар сүйегінен алынған нәтиже бойынша ғұн дәуіріне, яғни б.з. II–III ғасырларға тән (Бейсенов, др., 2016а).

Шығыс обадан немесе жалғыз үйінділі нысаннан алынған талдаулардың басым көпшілігі б.з. II–V ғасырлармен мерзімделеді. Бұл факт Қазақстанның орталық бөлігіндегі және РФ Орал маңы аймағындағы «мұртты» кешендердегі зерттеулермен тығыз байланысты (Грудочко, 2020; Бейсенов, др., 2025). Хронологиялық сараптамалардың барлығы дерлік ғұн кезеңінің дәуірін көрсеткенмен батыс үйіндідегі жерлеу кешенінен ертесак кезеңге жататын көрсеткіштер бар. Бұл өз кезегінде батыс жерлеу үйіндісі мен шығыс обаның ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өзара байланысының бар екендігін көрсетеді. Текей (Бейсенов, т.б., 2025) және Сарытау «мұртты» обаларының қорғантас кезеңінің жерлеуіне салынғандығы және Сарытау «мұртты» обасының шығыс үйіндісі б.з.д. II–I ғасырлармен мерзімделуі хронологиялық мәселелер бойынша әлі де зерттеулердің көптеп қажеттілігін көрсетеді. Әрине зерттеу жұмыстары Шығыс Сарыарқада өз жалғасын тауып келеді. Көкентау тауы маңында орналасқан Қаратөбе «мұртты» обасының типологиясы бойынша Сарытау «мұртты» обасына өте ұқсас. Батыс-шығыс үйінділері өзара жақын орналасқан. Авторлар ескерткішті б.з.д. II ғ. – б.з. II ғасырлармен мерзімдейді (Айткали, др., 2019: 220).

2025 жылы мақала авторларының бірі Д. Дүйсенбай тарапынан шығыс Сарыарқа жерінде, нақты айтқанда Абай облысы, Жаңасемей ауданында барлау жұмыстары жүргізілген болатын. Нәтижесінде 150 астам ескерткіш тіркелді. Оның 10-нан астамы «мұртты» обалар кешені. 2-типология бойынша Сарытау «мұртты» оба кешеніне ұқсас ескерткішке Абыралы «мұртты» обасын жатқызуға болады. Батыс-шығыс үйіндіден тұратын кешеннің болуы алдағы уақытта барлау-іздеу жұмыстары барысында көптеп табылатынын көрсетеді.

Қыш ыдыстың өрнегі бойынша, Ф.Х. Арсланова зерттеген Зевакино қорымындағы № 2 және Қызылтас қорымындағы № 2 «мұртты» обалардан табылған қыш кешеніне ұқсас. (Арсланова, 1975: кесте II, 1,5). Ғалым кіші үйіндіден табылған қыш ыдыстардың дайындау техникасы мен сапасы бойынша жерлеу керамикасынан күрт ерекшеленетінін атап өтеді. Бұл өте ауыр, өрескел, жалпақ түбі бар, биіктігі 28 см жететін, көбінесе асимметриялы болып келген сұр түсті ыдыстар екенін айтады (Арсланова, 1975: 127). «Мұртты» обаның шығыс үйіндісінен табылған көптеген қыш ыдыстардың барлығы дерлік қарапайым қыш ыдыс бөліктері.

«Мұртты» обалардың шығыс үйіндісінен ғұн дәуірімен мерзімделетін заттар кездеседі. Бұл тұжырымды Сарыарқада анықталған бірқатар «мұртты» обалардың материалдары дәлелдеп отыр. Мәселен, Таңдайлы-2 «мұртты» оба кешенінің негізгі обасы зерттеушілермен б.з.д. VIII–VII ғ. мерзімделсе, шығыс оба б.з. II–IV ғ. мерзімделді (Бейсенов, т.б., 2016а: 237).

Атасу-2 «мұртты» обасынан табылған ромб тәрізді жебе ұштары мен полихромды стильде жасалған бұйымдар б.з. V ғ. ортасы – екінші жартысымен мерзімделді (Бейсенов, т.б., 2018: 111).

Сарытау қорымындағы жерленген адамның басы солтүстік-шығысқа қаратылып жатқызылуы ұқсастықтары Текей қорымындағы «мұртты» оба кешенін де кездесті. Хронологиялық уақыты жағынан негізгі обадан алынған талдаулар бойынша б.з.д. IV–III ғасырларды берсе, шығыс обадан алынған жануар сүйектері ғұн дәуірін беріп тұр. Нақтырақ айтқанда, б.з. IV–V ғасырдың I ширегі. Уақыт аралығы жағынан батыс обада қорғانتас кезеңіне тән болса, шығыс жағының нәтижелері ғұн дәуірімен сәйкес. Текей ескерткішіндегі негізгі обада қорғانتас кезеңіне ұқсас элементтер бар. Қорғانتас кезеңіне жерлеу ескерткіштері әдетте, шағын үйінділерден тұрады. Диаметрлері 3–8 м-ге, биіктіктері 0,15–0,6 м. Бүгінгі таңда Орталық Қазақстан аумағында барлығы 47 қорғانتас жерлеу ескерткіштері тіркелген (Бейсенов, др., 2025). Барлығы дерлік оба үйінділерінің көлемі, құрылысы осы уақытқа дейін зерттелген қорғانتас кезеңінің жерлеу орындарымен ұқсас болып келеді. Осындай «мұртты» обаларға қатысты күрделі хронологиялық ғылыми мәселелерді шешуде және оның ішінде қорғانتас кезеңінің жерлеу ескерткіштерімен байланыстыра отырып зерттеуде көптеп археологиялық зерттеулер мен пәнаралық талдауларды жасау қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Сарытау «мұртты» обасындағы жерлеу орнында ер адам жерленген. Сүйектің сақталуы өте жақсы. Қандай да бір ауытқушылық жоқ. Өмір сүрген уақытында қандай да бір ауру түрі анықталмады. Бас сүйегі өте жақсы сақталған. Дегенеративті өзгерістерге (ұзын сүйектердің пористылығы) қарай жасы 45–50 жас аралығында. Сүйектерінен жерленген адамның мығым, күшті екендігі байқалады. Жамбас пен ұзын сүйектердің эпифиздері толық қалыптасқан, бұл қаңқаның егде жастағы адамға тиесілі екенін көрсетеді.

Патологиялық ерекшеліктері: Қаңқа сүйектерінің басым бөлігінде диаметрі шамамен 2 мм болатын көптеген нүктелік шұңқырлар түріндегі жүйелі кеуектілігі (пористость) байқалады. Өзгерістер кең таралған сипатқа ие және оларды жасқа байланысты үдерістермен де, сондай-ақ қан түзу жүйесінің бұзылыстарымен (мысалы, анемиялық жағдайлар) байланыстыруға болады.

Оң жақ үлкен жіліншік (малая берцовая) сүйектің диафизінде шамамен 3 мм тереңдіктегі, қыры тегіс емес ойық түріндегі жергілікті шұңқыр тіркелді. Бұл өзгеріс периостальды қабаттану емес, сүйек тінінің резорбция ошағы ретінде талдалды. Белгінің этиологиясы анық емес: ол патологиялық қайта құрылуды (мысалы, инфекциялық немесе посттравматикалық үдеріс) көрсетуі мүмкін, бірақ постмортемдік тафономиялық әсерді де жоққа шығаруға болмайды.

Вариациялық ерекшеліктер: Бұл индивидте L5 бел омыртқасы мен сегізкөздің гемисакрализациясы тіркелді: сегізкөздің оң қанаты бел омыртқасына тән морфологияға ие, ал L5 сегізкөзге тән белгілерді көрсетеді. Мұндай бел-сегізкөз өтпелі омыртқалары (LSTV) салыстырмалы түрде жиі кездеседі — түрлі зерттеулер бойынша 4–30 % жағдайда. Олар эмбриогенез кезінде омыртқалардың қалыптасуының туа біткен ерекшелігі болып табылады. Көп жағдайда бұл өзгерістер патологиялық мәнге ие емес, дегенмен клиникалық тәжірибеде кейде ауырсыну синдромдарымен байланыстырылуы мүмкін. Остеоархеологияда мұндай белгі патология емес, анатомиялық вариация ретінде тіркеледі (Ortner, 2003).

S1 деңгейіндегі бірінші дорсальды тесіктің маңында қосымша сегізкөздік буын өсіндісі (accessory sacral facet) анықталды. Бұл вариацияны алғаш Derry (1911) сипаттаған және ол патологиялық мәні жоқ анатомиялық ерекшелік ретінде қарастырылады. Аталған екі вариация бір жақта тіркелген және бел-сегізкөз өтпелі аймағының туа біткен анатомиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл өзгерістер патологиялық процесс ретінде қарастырылмайды (Ortner, 2003: 5).

Сарытау «мұртты» оба кешенінен екі радиокөміртекті талдау нәтижелері алынды. Негізгі обадан алынған № 1 талдау уақыты Б.з.д. IV–I ғасырларды көрсетіп тұр. Хронологиялық дәуірі бойынша тасмола мәдениетіне тән емес. Жерлеу дәстүрі және адам басының бағыты бойынша қорғантас кезеңінің жерлеулеріне ұқсас. № 2 үлгі нәтижесі де б.з.д. II–I ғасырлармен мерзімделеді. Демек, екі талдаудың нәтижелерін сараптай келе соңғы сақ уақытымен шектеседі. Негізгі обадағы тас жәшігінің үстіне жануар сүйегінің қойылуы қорғантас кезеңінің ғұрыптық рәсімдері ретінде қойылған (Бейсенов 2025: 190–193) болуы да мүмкін. Жануар сүйектерінің бастапқы орны тонау кезінде алынып кеткендіктен толықтай қорытынды шығару мүмкіндігі аздау.

Кесте 2 – Радиокөміртекті талдаулар нәтижелері
[Table 2 – Results of Radiocarbon Analyses]

Лаборатория номері	Ескерткіш	^{14}C BP	Калибрленген уақыты (1 ó, 68.3)	Калибрленген уақыты (2 ó, 95.4)
FTMC- GP12-1	Үлгі № 1 Сарытау «мұртты» кешені, негізгі оба Адам сүйегі	2140±28	10.8% 341–323 cal BC 39.0% 200–146 cal BC 18.4% 141–108 cal BC	17.6% 350–306 cal BC 77.9% 208–52 cal BC
FTMC- GP12-2	Үлгі № 1 Сарытау «мұртты» кешені, шығыс қосымша оба жануар сүйегі	2096±27	46.9% 152–89 cal BC 21.3% 81–54 cal BC	1.4% 196–185 cal BC 93.4% 179–42 cal BC 0.6% 8–3 cal BC

Қорытынды. Сарытау «мұртты» обасы Сарыарқаның шығыс нүктесінде орналасқан ғұрыптық-жерлеу ескерткіштерінің бірі. Тас тізбектері «мұртты» обаларда саны жағынан ең көп кездесетін 50 м-ге дейінгі қысқа «мұртшалы» обалар қатарына жатады. Кешеннің орталық құрылысы батыс үйіндіге тіркесе орналасқан шығыс үйіндіден тұрады. Ескерткіштің батыс үйіндісіндегі қабір шұңқырының ішінен тас жәшіктің ішіне қойылған адамның мүрдесі табылды. Жерленген адамның басы СШ бағытқа қаратылған.

Радиокөміртекті зерттеулер бойынша б.з.д. IV–I ғасырлармен мерзімделіп отыр. Бұл ескерткіштің соңғы сақ кезеңі және қорғантас кезеңінің жерлеу ескерткіштеріне де жататындығын көрсетеді. Заттық материалдардың жоқтығы және шығыс Сарыарқа жерінен осыған ұқсас «мұртты» обалардың аз зерттелуі ескерткішке байланысты нақты мәселелерді анықтауға қиындық тудырады.

Типологиялық бөлу бойынша «мұртты» обаларды зерттеу аясында Сарытау «мұртты» обасы тәрізді 2 тип жататын ескерткіштерді зерттеу өте маңызды. Батыс обаның сақ дәуіріне жататындығы ескере отырып, шығыс үйіндінің ғұн дәуірімен мерзімделетіні ескерткіштің өмір сүру уақыты бойынша ғылыми пікір алуандығына алып келеді. Батыс және шығыс обаның арасындағы уақыт кем дегенде 500–600 жыл болатындығы ежелгі тұрғындардың культтік-жерлеу дүниетанымын зерттеуде қызықты ойларды тудырады.

Сарытау кешені шығыс Сарыарқадағы «мұртты» оба ескерткіштерін зерттеуде өзіндік ерекшеліктері бар мәліметтерді көрсетіп отыр. Қорғантас кезеңіне тән материалдардың шығуы Орталық Қазақстандағы Текей тәрізді ұқсас жайттармен нақтылана түспек. Алдағы уақытта батыс-шығыс үйінділердегі пәнаралық талдаулар бойынша бұрыннан қозғалып келе жатқан ертесак дәуірі мен ғұн кезеңінің уақытын беріп келе жатса, қорғантас кезеңінің материалдары бар «мұртты» обаларда жаңа ғылыми мәселелерді тудырып отыр. Оны шешудің негізі болашақтағы зерттеу жұмыстары пәнаралық деңгейде жүргізіліп, бұл кешеннің хронологиялық тиесілігі бойынша жан-жақты ақпарат ұсынылуы қажет екенін атап өткіміз келіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

- Айткали и др., 2019 — *Айткали А.К., Жунисханов А.С., Доумани Дупью П., Исин А.И., Рахманкулов Е., Курмангалиев А.К.* Новые данные о курганах с «усами» Восточного Казахстана // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ. 95-летию со дня рождения выдающ. казахстанского археолога К.А. Акишева. Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 208–222.
- Акишев и др., 1960 — *Акишев К.А.* Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1960. 449 с.
- Алексеев, 1966 — *Алексеев В.П.* Остеометрия. Методика антропологических исследований. М.: Наука, 1966. 153 с.
- Алексеев, Дебец, 1964 — *Алексеев В.П., Дебец Г.Ф.* Краниометрия. Методика антропологических исследований. М.: Наука, 1964. 245 с.
- Арсланова, 1975 — *Арсланова Ф.Х.* Курганы с «усами» Восточного Казахстана // В: Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1975. С. 116–129.
- Ахинжанов, 1977 — *Ахинжанов С.М.* Курганы с «усами» на юго-западных склонах Каратау // Археологические исследования в Отраре / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1977. С. 72–81.
- Бейсенов и др., 2016а — *Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б., Ахияров И.К., Святко С.В.* Радиоуглеродные даты кургана с «усами» из могильника Тандайлы-2 в Центральном Казахстане // Евразия в кайнозое. Стратиграфия, палеоэкология, культуры. 2016. Вып. 5. С. 233–239.
- Бейсенов и др., 2016б — *Бейсенов А.З., Умиткалиев У.У., Кулькова М.А.* Радиоуглеродная дата кургана с «усами» Кырыкунгир (Восточная Сарыарка) // Евразия в кайнозое. Стратиграфия, палеоэкология, культуры. 2016. Вып. 5. С. 249–255.
- Бейсенов и др., 2017б — *Бейсенов А.З., Умиткалиев У., Дуйсенбай Д.Б.* Памятники хребта Чингистау // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сб. статей, посвященный 70-летию Центрально-Казахстанской археологической экспедиции. Алматы: Науч.-исслед. центр истории и археологии Бегазы-Тасмола, 2017. Т. 2. С. 50–60.
- Бейсенов и др., 2018 — *Бейсенов А.З., Торгоев А.И., Дуйсенбай Д.Б., Ахияров И.К.* Курганы с «усами» Атасу-2 // Поволжская археология. 2018. № 3 (25). С. 103–117.
- Бейсенов и др., 2025 — *Бейсенов А.З., Ахияров И.К., Кукушкин И.А.* Исследование кургана с «усами» Текей, Центральный Казахстан // Теория и практика археологических исследований. 2025. Т. 37, № 1. С. 189–205.
- Бейсенов, 1996 — *Бейсенов А.З.* Культурно-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана // Изв. МН АН РК. Сер. обществ. наук. 1996. № 2. С. 31–40.
- Бейсенов, 1997 — *Бейсенов А.З.* Погребальные памятники и культурно-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана (VII–I вв. до н. э.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 1997.
- Бейсенов, 2020 — *Бейсенов А.З.* Находки костей животных в курганах с «усами» Центрального Казахстана // Теория и практика археологических исследований. 2020. Т. 1 (29). С. 122–134.
- Бейсенов и др., 2017а — *Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б., Святко С.В.* Курганы с «усами» Жамантас // Самарский научный вестник. 2017. № 3 (20). С. 227–231.
- Боталов и др., 2006 — *Боталов С.Г., Таиров А.Д., Любчанский И.Э.* Курганы с «усами» урало-казахстанских степей. Челябинск: Южно-Уральский филиал ИИА УрО РАН, 2006. 232 с.
- Грудочко, 2016 — *Грудочко И.В.* Курганы с «усами» урало-казахстанских степей (типология и хронология) // III Международный мадьярский симпозиум по археологии. Будапешт, 2016. С. 63–90.
- Грудочко, 2020 — *Грудочко И.В.* Курганы с «усами» эпохи поздней древности и раннего средневековья урало-казахстанских степей (IV–VII вв. н. э.). Будапешт: Martin Opitz, 2020. 205 с.
- Грязнов, 1956 — *Грязнов М.П.* Северный Казахстан в эпоху ранних кочевников // КСИИМК. 1956. Вып. 61. С. 8–16.
- Исин и др., 2018 — *Исин А., Жунисханов А., Айткали А., Рахманкулов Е.* Археологические памятники Семейтау и Кокентау в Восточном Казахстане // В: Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі / Гл. ред. Ахметов Д. Усть-Каменогорск, 2018. С. 98–116.
- Кадырбаев, 1959а — *Кадырбаев М.К.* Исследование кургана с каменными грядами в Джамбульской области // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. Алма-Ата, 1959. С. 89–97.
- Кадырбаев, 1959б — *Кадырбаев М.К.* Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959. С. 162–203.
- Маргулан и др., 1966 — *Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М.* Древняя культура Центрального Казахстана. Алматы: Наука, 1966. 434 с.
- Оразбаев, 1969 — *Оразбаев А.М.* Курганы с «усами» в могильнике Джанайдар как архитектурный памятник // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 175–191.
- Сорокин, 1981 — *Сорокин С.С.* К вопросу о толковании внекурганных памятников ранних кочевников Азии // Археологический сборник. Ленинград: ГЭ, 1981. Т. 22. С. 23–39.
- Толеубаев и др., 1998 — *Толеубаев А.Т., Бейсенов А.З., Омаров Г.К.* Курганы с каменными грядами на северных склонах Тарбагатай // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия: Материалы междунар. археол. конф., посвященной памяти первого профессионального археолога Казахстана, лауреата премии им. Ч.Ч. Валиханова А.М. Оразбаева. Алматы, 1998. С. 218–224.

Умиткалиев, 2015 — Умиткалиев У.У. Курганы с «усами» как место проведения древних традиционных обрядов и обычаев // Великий Шёлковый путь и Казахское ханство на рубеже тысячелетий: Сб. материалов Междунар. историко-археол. конф. / Отв. ред. Е.Б. Сурыков. Тараз, 2015. С. 109–113.

Ortner, 2003 — Ortner D.J. Identification of Pathological Conditions in Human Skeletal Remains. Academic Press, 2003.

References

Ahinzhano, 1977 — Ahinzhano S.M. Kurgan s “usami” na yugo-zapadnykh sklonakh Karatau [A “moustache” kurgan on the south-western slopes of Karatau] // Arheologicheskie issledovaniya v Otrare. Ed. K.A. Akishev. Alma-Ata: Nauka, 1977. Pp. 72–81. (In Russ.).

Aitkali, et al., 2019 — Aitkali A.K., Zhunisxanov A.S., Doumani D.P., Isin A.I., Rakhmankulov E., Kurmangaliyev A.K. Novye dannye o kurganah s “usami” Vostochnogo Kazakhstana [New data on “moustache” kurgans of Eastern Kazakhstan] // Margulanovskie chteniya – 2019: Materialy Mezhdunarodnoy arheologicheskoy nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashch. 95-letiyu so dnya rozhdeniya vydayushch. kazakhstanskogo arheologa K.A. Akisheva. Nur-Sultan: ENU im. L.N. Gumileva, 2019. Pp. 208–222. (In Russ.).

Akishev, 1960 — Akishev K.A. Arheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1960. 449 p. (In Russ.).

Alekseev, 1966 — Alekseev V.P. Osteometriya. Metodika antropologicheskikh issledovaniy [Osteometry. Methodology of anthropological research]. M.: Nauka, 1966. 153 p. (In Russ.).

Alekseev, Debets, 1964 — Alekseev V.P., Debets G.F. Kraniometriya. Metodika antropologicheskikh issledovaniy [Cranio-metry. Methodology of anthropological research]. M.: Nauka, 1964. 245 p. (In Russ.).

Arslanova, 1975 — Arslanova F.Kh. Kurgany s “usami” Vostochnogo Kazakhstana [“Moustache” kurgans of Eastern Kazakhstan] // Antiquities of Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, 1975. Pp. 116–129. (In Russ.).

Beisenov, et al., 2016a — Beisenov A.Z., Duysenbay D.B., Akhiyarov I.K., Svyatko S.V. Radiouglerodnye daty kurgana s “usami” iz mogil’nika Tandaily-2 v Tsentral’nom Kazakhstane [Radiocarbon dates of a “moustache” kurgan from the Tandaily-2 cemetery in Central Kazakhstan] // Evraziya v kajnozoe. Stratigrafiya, paleoecologiya, kultura. Issue 5. Irkutsk: ISU Publishing House, 2016. Pp. 233–239. (In Russ.).

Beisenov, et al., 2016b — Beisenov A.Z., Umitkaliev U.U., Kul’kova M.A. Radiouglerodnaya data kurgana s “usami” Kyrykungir (Vostochnaya Saryarka) [Radiocarbon date of the “moustache” kurgan of Kyrykungir (Eastern Saryarka)] // Evraziya v kajnozoe. Stratigrafiya, paleoecologiya, kultura. Issue 5. Irkutsk: ISU Publishing House, 2016. Pp. 249–255. (In Russ.).

Beisenov et al., 2017a — Beisenov A.Z., Duysenbay D.B., Svyatko S.V. Kurgan s “usami” Zhamantas [The “moustache” kurgan of Zhamantas] // Samarskiy nauchnyy vestnik. 2017. No. 3(20). Pp. 227–231. (In Russ.).

Beisenov, et al., 2017b — Beisenov A.Z., Umitkaliev U.U., Duysenbay D.B. Pamyatniki khrebta Chingistau [Monuments of the Chingistau Ridge] // Arheologicheskoe nasledie Tsentral’nogo Kazakhstana: izuchenie i sokhranenie. Vol. 2. Almaty: Nauch.-issled. tsentr istorii i arheologii Begazy-Tasmola, 2017. Pp. 50–60. (In Russ.).

Beisenov, et al., 2018 — Beisenov A.Z., Torgoev A.I., Duysenbay D.B., Akhiyarov I.K. Kurgan s “usami” Atasu-2 [The “moustache” kurgan of Atasu-2] // The Volga River Region Archaeology. 2018. No. 3(40). Pp. 103–117. (In Russ.).

Beisenov, et al., 2025 — Beisenov A.Z., Akhiyarov I.K., Kukushkin I.A. Issledovanie kurgana s “usami” Tekey, Tsentral’nyy Kazakhstan [Investigation of the “moustache” kurgan of Tekey, Central Kazakhstan] // Teoriya i praktika arheologicheskikh issledovaniy. 2025. Vol. 37. No. 1. Pp. 189–205. (In Russ.).

Beisenov, 1996 — Beisenov A.Z. Kultovo-ritual’nye sooruzheniya drevnikh nomadov Tsentral’nogo Kazakhstana [Cult and ritual constructions of ancient nomads of Central Kazakhstan] // Izvestiya MN AN RK. Ser. obshch. nauk., 1996. No. 2. Pp. 31–40. (In Russ.).

Beisenov, 1997 — Beisenov A.Z. Pogrebal’nye pamyatniki i kultovo-ritual’nye sooruzheniya drevnikh nomadov Tsentral’nogo Kazakhstana (VII–I vv. do n. e.) [Burial monuments and cult-ritual structures of ancient nomads of Central Kazakhstan (7th–1st centuries BC)]. Abstract of Cand. Hist. Sci. Diss. Almaty, 1997. (In Russ.).

Beisenov, 2020 — Beisenov A.Z. Nahodki kostey zhivotnykh v kurganakh s “usami” Tsentral’nogo Kazakhstana [Animal bone finds in “moustache” kurgans of Central Kazakhstan] // Teoriya i praktika arheologicheskikh issledovaniy. 2020. No. 1(29). Pp. 122–134. (In Russ.).

Botalov, et al., 2006 — Botalov S.G., Tairov A.D., Lyubchanskiy I.E. Kurgany s “usami” uralo-kazakhstanskikh stepey [“Moustache” kurgans of the Ural-Kazakhstan steppes]. Chelyabinsk: Yuzhno-Uralskiy filial IIA UrO RAN, 2006. 232 p. (In Russ.).

Grudochko, 2016 — Grudochko I.V. Kurgany s “usami” uralo-kazakhstanskikh stepey (tipologiya i khronologiya) [“Moustache” kurgans of the Ural-Kazakhstan steppes: typology and chronology] // III Mezhdunarodnyy madyarskiy simpozium po arheologii. Budapest, 2016. Pp. 63–90. (In Russ.).

Grudochko, 2020 — Grudochko I.V. Kurgany s “usami” epokhi pozdney drevnosti i rannego srednevekov’ya uralo-kazakhstanskikh stepey (IV–VII vv. n. e.) [“Moustache” kurgans of the Late Antiquity and Early Middle Ages in the Ural-Kazakhstan steppes (4th–7th centuries AD)]. Budapest: Martin Opitz, 2020. 205 p. (In Russ.).

Gryaznov, 1956 — Gryaznov M.P. Severnyy Kazakhstan v epokhu rannikh kochevnikov [Northern Kazakhstan in the epoch of early nomads] // KSIIMK. Issue 61. Leningrad: Akademiya nauk SSSR, 1956. Pp. 8–16. (In Russ.).

Isin, et al., 2018 — *Isin A., Zhunisxanov A., Aitkali A., Rakhmankulov E.* Arheologicheskie pamyatniki Semeitau i Kokentau v Vostochnom Kazahstane [Archaeological sites of Semeitau and Kokentau in Eastern Kazakhstan] // *Altay – türki aleminin altyn besigi* [Altai – the golden cradle of the Turkic world]. Ed. D. Akhmetov. Ust-Kamenogorsk, 2018. Pp. 98–116. (In Russ.).

Kadyrbaev, 1959 — *Kadyrbaev M.K.* Issledovanie kurgana s kamennymi gryadami v Dzhambul'skoy oblasti [Investigation of a kurgan with stone ridges in Dzhambul region] // *Trudy IIAE AN KazSSR*. Vol. 7. Alma-Ata: Nauka, 1959. Pp. 89–97. (In Russ.).

Margulan, et al., 1966 — *Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M.* Drevnyaya kultura Tsentral'nogo Kazahstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. Almaty: Nauka, 1966. 434 p. (In Russ.).

Orazbaev, 1969 — *Orazbaev A.M.* Kurgan s “usami” v mogil'nike Zhanaidar kak arkhitekturnyy pamyatnik [The “moustache” kurgan at the Zhanaidar cemetery as an architectural monument] // *Kultura drevnikh skotovodov i zemledeltsev Kazahstana*. Ed. K.A. Akishev. Alma-Ata: Nauka, 1969. Pp. 175–191. (In Russ.).

Ortner, 2003 — *Ortner D.J.* Identification of Pathological Conditions in Human Skeletal Remains. Academic Press, 2003.

Sorokin, 1981 — *Sorokin S.S.* K voprosu o tolkovanii vnekurgannykh pamyatnikov rannikh kochevnikov Azii [On the interpretation of extra-kurgan monuments of early nomads in Asia] // *Arheologicheskiy sbornik*. Vol. 22. Leningrad: GE, 1981. Pp. 23–39. (In Russ.).

Toleubaev, et al., 1998 — *Toleubaev A.T., Beisenov A.Z., Omarov G.K.* Kurgany s kamennymi gryadami na severnykh sklonakh Tarbagataya [Kurgans with stone ridges on the northern slopes of Tarbagatai] // *Problemy izucheniya i sokhraneniya istoricheskogo naslediya*. Almaty, 1998. Pp. 218–224. (In Russ.).

Umitkaliev, 2015 — *Umitkaliev U.U.* Kurgany s “usami” kak mesto provedeniya drevnikh traditsionnykh obryadov i obyayev [“Moustache” kurgans as places of traditional rituals and customs] // *Velikiy Shelkovyy put' i Kazahskoe khanstvo na rubezhe tysyacheletiy*. Ed. E.B. Surykov. Taraz, 2015. Pp. 109–113. (In Russ.).

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Ermakhanova R.B., Dukenbayeva Z.O.

SHERKHAN MURTAZA'S DIARY ENTRIES AS A HISTORICAL SOURCE OF THE EARLY PERIOD OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....1260

Karatayev A.A., Sabitov Zh.M.

THE KAZAKH KHANATE IN CHINESE HISTORIOGRAPHY.....1276

Toraigyrov E.M., Zharken A.M.

KAZAKH-DZUNGARIAN AND KAZAKH-KALMYK RELATIONS IN THE 20TH YEARS OF THE 18TH CENTURY.....1287

HISTORY

Kabuldinov Z.E.

ABAI KUNANBAIULY – A GREAT POET, THE FOUNDER OF KAZAKH WRITTEN LITERATURE.....1299

Abenova G.A.

FROM THE HISTORY OF KAZAKHS DEFENDING TRADITIONAL NOMADIC SETTLEMENTS ON THE RIGHT BANK OF THE IRTYSH RIVER IN THE CONDITIONS OF THE WEAKENING OF THE DZUNGARS (MID-1750S).....1310

Aitimbaev A., Sandybayeva A.

HISTORY OF POLITICAL REPRESSIONS: THE FATES OF INDIVIDUALS IN SOUTH KAZAKHSTAN.....1326

Asilguzhin R.R., Ryskildin A.Kh., Asylguzhin A.R.

ARAB-MUSLIM HISTORIOGRAPHICAL TRADITION ABOUT THE BASHKURTS IN THE MIDDLE EAST.....1343

Akhmet Sh., Oshan Zh., Qadilbek M.

THE MIGRATION OF THE UAQ CLAN TO THE ALTAI REGION (BASED ON GENEALOGICAL AND HISTORICAL SOURCES).....1358

Zhetpisbay N., Shotanova G., Satenova M.

THE IMPACT OF THE 1868 REFORM ON THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY: ADMINISTRATIVE TRANSFORMATIONS AND RELIGIOUS POLICY.....1376

Ibragimov M.A., Ismailov S.S., Aitmukhambetov A.A.

FORMATION AND ADAPTATION OF THE GERMAN POPULATION IN THE TARANOV DISTRICT OF KOSTANAY REGION DURING THE 1940S.....1393

Krasnobayeva N., Aubakirova Zh.

THE SYSTEM OF CORRECTIONAL LABOR CAMPS IN EASTERN KAZAKHSTAN: RECONSTRUCTION BASED ON NEW ARCHIVAL SOURCES.....1412

Musagaliyeva A.S.

GERMANS-DEPRIVED OF RIGHTS IN AKMOLINSK REGION (1928 – EARLY 1930S).....1430

Mukhatova O.Kh., Doskarayeva A.A.

17TH-CENTURY KAZAKH-BUKHARA RELATIONS IN THE REPORTS OF RUSSIAN AMBASSADORS.....1444

Stolyarova E.O., Omirzak T.E., Ualtayeva A.S.

FAMILY AND FERTILITY IN THE CONDITIONS OF MODERNIZATION.....1459

Suleimenova D.K., Zhumabayeva A.A.

THE IMAGE OF TOKHTAMYSH KHAN IN TIMURID SOURCES.....1474

Tleubayev Sh.B., Konkabayeva A.N.

SOME HISTORIOGRAPHICAL ASPECTS OF THE HISTORY OF THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION.....1487

Shashayeva M.A., Kozybayeva M.M.

THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN SCIENTIFIC AND LITERARY WORKS OF THE ALASH INTELLIGENTSIA OF THE EARLY 20TH CENTURY.....1504

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Kalmenov M., Bizhanova A.

EARTH BURIAL GROUNDS LOCATED IN THE CENTRAL SECTOR OF THE NECROPOLIS OF THE ZHAYIK SETTLEMENT (BASED ON THE RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN 2015).....1518

Toktabay A.U., Dossymbetov N.A.

SOME ASPECTS OF THE AGRICULTURAL OF KAZAKHS.....1530

Umitkaliyev U., Duysenbai D., Kassenali A.

SARYTAU RITUAL AND BURIAL COMPLEX (RESULTS OF THE 2021 ARCHAEOLOGICAL INVESTIGATIONS).....1545

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Ермаханова Р.Б., Дүкенбаева З.О. ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ КҮНДЕЛІК ЖАЗБАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	1260
Қаратаев Ә., Сабитов Ж. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ТАРИХНАМАСЫ.....	1276
Торайғыров Е.М., Жаркен А.М. XVIII ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҒҒАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ҚАТЫНАСТАРЫ.....	1287

ТАРИХ

Қабылдинов З.Е. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – ҰЛЫ АҚЫН, ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	1299
Абенова Г.А. ЖОҒҒАРЛАРДЫҢ ӘЛСІРЕУІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕРТИСТІҢ ОҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚОНЫСТАРЫН ҚОРҒАУ ТАРИХЫНАН (1750-ЖЫЛДАРДЫҢ ОРТАСЫ).....	1310
Айтмұбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫ: ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....	1326
Асылғужин Р.Р., Рыскильдин А.Х., Асылғужин А.Р. ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ БАШҚҰРТТАР ТУРАЛЫ АРАБ-МҰСЫЛМАН ТАРИХНАМАЛЫҚ ДӘСТҮРІ.....	1343
Ахмет Ш., Ошан Ж., Қадылбек М. УАҚТАРДЫҢ АЛТАЙ ӨҢІРІНЕ ҚОНЫСТАНУЫ (ШЕЖІРЕЛІК ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ).....	1358
Жетпісбай Н., Шотанова Ғ., Сатенова М. 1868 Ж. РЕФОРМАНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ӘСЕРІ: ӘКІМШІЛІК ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ДІН САЯСАТЫ.....	1376
Ибрагимов М.А., Исмаилов С.С., Айтмұхамбетов А.А. 1940-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ТАРАН АУДАНЫНДАҒЫ НЕМІС ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУІ.....	1393
Қраснобаева Н.Л., Аубакирова Ж.С. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ЛАГЕРЬЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ: ЖАҢА МҰРАҒАТТЫҚ КӨЗДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТПІРУ.....	1412
Мұсағалиева А.С. АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН» НЕМІСТЕР (1928 Ж. – 1930 Ж. БАСЫ).....	1430
Мұхатова О.Х., Досқараева А.А. ОРЫС ЕЛШІЛЕРІНІҢ ЕСЕПТЕРІНДЕГІ XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-БҰХАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	1444
Столярова Э.О., Өмірзақ Т.Е., Уалтаева А.С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ЖӘНЕ ТУУ ДЕҢГЕЙІ.....	1459
Сүлейменова Д.Қ., Жумабаева А.А. ТИМУРИДТІК ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ ТОҚТАМЫС – ХАН БЕЙНЕСІ.....	1474
Тілеубаев Ш.Б., Қоңқабаева А.Н. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	1487
Шашаева М.А., Қозыбаева М.М. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ ТЕНДІГІ МӘСЕЛЕСІ.....	1504

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Калменов М.Д., Бижанова А.Е. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ҚОРЫМЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІМІНДЕГІ ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ (2015 ЖЫЛЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	1518
Тоқтабай А.У., Досымбетов Н.А. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ.....	1530
Үмітқалиев Ұ., Дүйсенбай Д., Қасенәлі А. САРЫТАУ ҒҰРЫПТЫҚ-ЖЕРЛЕУ КЕШЕНІ (2021 ЖЫЛҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ).....	1545

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Ермаханова Р.Б., Дукенбаева З.О. ДНЕВНИКОВЫЕ ЗАПИСИ ШЕРХАНА МҰРТАЗЫ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК РАННЕГО ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА.....	1260
Каратаев А.А., Сабитов Ж.М. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В КИТАЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	1276
Торайгыров Е.М., Жаркен А.М. КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ И КАЗАХСКО-КАЛМЫЦКИЕ ОТНОШЕНИЯ В 20-Е ГОДЫ XVIII ВЕКА.....	1287

ИСТОРИЯ

Кабульдинов З.Е. АБАЙ КУНАНБАЙУЛЫ – ВЕЛИКИЙ ПОЭТ, ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ.....	1299
Абенова Г.А. ИЗ ИСТОРИИ ОТСТАИВАНИЯ КАЗАХАМИ ТРАДИЦИОННЫХ КОЧЕВИЙ НА ПРАВОБЕРЕЖЬЕ ИРТЫША В УСЛОВИЯХ ОСЛАБЛЕНИЯ ДЖУНГАР (СЕРЕДИНА 1750-Х ГОДОВ).....	1310
Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. ИСТОРИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ: СУДЬБЫ ЛИЧНОСТЕЙ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА.....	1326
Асылгужин Р.Р., Рыскильдин А.Х., Асылгужин А.Р. АРАБО-МУСУЛЬМАНСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ О БАШКУРТАХ НА БЛИЖНЕМ ВОСТОКЕ.....	1343
Ахмет Ш., Ошан Ж., Кадылбек М. ИСТОРИЯ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ РОДА УАК В АЛТАЙСКИЙ РЕГИОН (НА ОСНОВЕ ШЕЖИРЕ И ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ).....	1358
Жетписбай Н., Шотанова Г., Сатенова М. ВЛИЯНИЕ РЕФОРМЫ 1868 г. НА ТРАДИЦИОННОЕ ОБЩЕСТВО КАЗАХОВ: АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ И РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА.....	1376
Ибрагимов М.А., Исмаилов С.С., Айтмухамбетов А.А. ФОРМИРОВАНИЕ И АДАПТАЦИЯ НЕМЕЦКОГО НАСЕЛЕНИЯ В ТАРАНОВСКОМ РАЙОНЕ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1940-Е ГОДЫ.....	1393
Краснобаева Н.Л., Аубакирова Ж.С. СИСТЕМА ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВЫХ ЛАГЕРЕЙ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕКОНСТРУКЦИЯ ПО НОВЫМ АРХИВНЫМ ИСТОЧНИКАМ.....	1412
Мусагалиева А.С. НЕМЦЫ-ЛИШЕНЦЫ В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928 Г. – В НАЧАЛЕ 1930 ГГ.).....	1430
Мухатова О.Х., Доскараева А.А. КАЗАХСКО-БУХАРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ XVII ВЕКА В ОТЧЕТАХ РУССКИХ ПОСЛОВ.....	1444
Столярова Э.О., Омирзак Т.Е., Уалтаева А.С. СЕМЬЯ И РОЖДАЕМОСТЬ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА.....	1459
Сулейменова Д.К., Жумабаева А.А. ОБРАЗ ТОКТАМЫШ ХАНА В ТИМУРИДСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	1474
Тлеубаев Ш.Б., Конкабаева А.Н. НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	1487
Шашаева М.А., Козыбаева М.М. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В НАУЧНЫХ И ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	1504

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Калменов М.Д., Бижанова А.Е. ГРУНТОВЫЕ МОГИЛЬНИКИ, РАСПОЛОЖЕННЫЕ НА ЦЕНТРАЛЬНОМ СЕКТОРЕ НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА ЖАЙЫК (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2015 ГОДУ).....	1518
Токтабай А.У., Досымбетов Н.А. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЗЕМЛЕДЕЛЬЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ.....	1530
Умиткалиев У., Дуйсенбай Д., Касенали А. САРЫТАУСКИЙ ПОМИНАЛЬНО-ПОГРЕБАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС (РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ 2021 ГОДА).....	1545

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (5)

Бас редактор:

Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:

Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй